

# Маңғыстау облысы
# Қарақия ауданының аумақтарды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы









с.Құрық, 2015 жыл

Қарақия ауданы мәслихатының
29 желтоқсан 2015 жылғы
№            шешіміне  жалғама

# Маңғыстау облысы Қарақия ауданының аумақтарды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы

с.Құрық, 2015 жыл

## МАЗМҰНЫ

Бағдарлама паспорты
Ағымдағы бағыттарға талдау
Ауданның әлеуметтік – экономикалық жағдайына талдау
Бағыты. Экономика
Өңірлік макроэкономика
Өнеркәсіп
Агроөнеркәсіптік кешен
Шағын және орта бизнес, сауда
Өңіраралық ыңтымақтастық
Инновациялар мен инвестициялар
Бағыты. Әлеуметтік сала
Білім
Денсаулық сақтау
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
Мәдениет
Дене шынықтыру және спорт
Туризм
Үш тілді дамыту
Ішкі саясат
Бағыты. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп
Қоғамдық қауіпсіздік
Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайларды алдына алу
Бағыты. Инфрақұрылым
Байланыс және коммуникация
Құрылыс
Жолдар және көлік
Тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы
Бағыты. Экология және жер ресурстары
Қоршаған ортаны қорғау
Жер ресурстары
2.1.6.Бағыты. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
3. Басым бағыттары, мақсаты, нысаналы индикаторлар және оған қол жеткізудің жоолдары
Қажетті ресурстар

## БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| Атауы | Қарақия ауданының аумақтарды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы |
| Дайындау негіздемесі | Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 18 маусымындағы №827 «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Жарлығы.<br>Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 4 наурызындағы №931 «ҚР Мемлекеттік басқару жүйесінің әрі қарай қызмет етудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығы. |
| Өңірдің негізгі сипаттамалары | Ауданның жалпы жер көлемі 61,8 мың га. 01.10.2015ж. халқының саны 34,9 мың адам. |
| Бағыттары | Экономика<br>Әлеуметтік сала<br>Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп<br>Инфраструктура<br>Экология және жер ресурстары<br>Мемлекеттік қызмет көрсетулер |
| Мақсаттары | Өңдеуші салалардың дамуын қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті мамандандыруларын қалыптастыру, өнеркәсіп өнім көлемін ұлғайту, кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайларды жасау.<br>экономикасының тұрақты және теңдестірілген өсуін мұнай-газ саласын тиімді дамыту арқылы қамтамасыз ету.<br>азық-түлік қауіпсіздігін, ауыл шаруашылығы өнімін қалаға жеткілікті мөлшерде өндіруді қамтамасыз ету.<br>Шағын және орта кәсіпорындардың тиімді қызметін қамтамасыз ететін нарық инфрақұрылымын дамыту және бөлшек сауда көлемін арттыру.<br>Инвестициялық ахуалды жақсарту, қаланың инвестициялық жобалары мен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді сатып алуда қазақстандық және жергілікті қамту үлесін арттыру.<br>Білім берудің сапасын, қолжетімділігін, тартымдылығын жақсарту және балалардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру.<br>Денсаулық сақтау саласындағы қызмет көрсету сапасын және оларға деген мүмкіндіктерді арттыру.<br>Аудан халқының жақсы тұрмысын және өмір сапасын арттыру.<br>Мәдениет және өнер саласын көпшілікке ары қарай тарату, мәдениет, өнер саласының инфрақұрылымын дамыту, ауданда мемлекеттік тілдік саясатты тиімді жүзеге асыру.<br>Аудан халқы арасында спортты және салауатты өмір салтын ары қарай тарату, спорт инфрақұрылымын дамыту және туристік секторды дамыту.<br>Мемлекеттік жастар саясатын тиімділігін арттыру<br>Құқықтық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде көшелерде және басқа қоғамдық орындарда құқықбұзушылықтың алдын алу жүйесін дамыту<br>Аудан елді- мекендерінің заманауи талаптарға сай коммуникациялық инфрақұрылымын қалыптастыру.<br>тұрғын үй құрылысын, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және құрылыс материалдары өндірісін дамыту.<br>дамыған көлік инфрақұрылымын қалыптастыру<br>Энергетикалық, инженерлік, су шаруашылығы инфрақұрылымының үйлестірілген дамуын қамтамасыз ету және халықтың өмір сүруі үшін қолайлы жағдайды жасау.<br>Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту негіздерін қалау, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеруді қамтамасыз ету.<br>Тұрақты экологиялық жағдайды қамтамасыз ету, табиғи кешеннің қайта жаңғырту әлеуетін сақтау және қоғамның өмір сүруіне қолайлы қоршаған ортаның сапасын жақсарту.<br>Мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жақсарту. |

| | |
|---|---|
| Міндеттері | Өнеркәсіптік өндіріс көлемнің  өсуін қамтамасыз ету<br>Өнеркәсіптің өңдеу салаларын дамыту<br>Мемлекеттік қолдау шараларын қолдану арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету<br>Аймақ экономикасының инновациялық, өндірістік және басқа салаларындағы шағын және орта кәсіпорындардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету<br>Ынтымақтастықты нығайту және дамыту үшін, капиталды салу үшін қолайлы инвестициялық жағдайды жасау<br>Педагогикалық кадрлардың біліктілігін және ұстаз мамандығының мәртебесін көтеру.<br>Балалардың өмір сапасының әлеуметтік және құқықытық кепілдіктерін қамтамасыз ету<br>Бастауыш және орта кәсіби білім беру сапасын арттыру<br>Денсаулық сақтау жүйесін дамыту<br>Ана мен баланың денсаулығын нығайту, әлеуметтік-маңызды ауруларды төмендету және өлім-жітімді азайту<br>Халықтың тиімді жұмысбастылығына қол жеткізу<br>Халықтың жеткілікті қамтамасыз етілмеген топтарына атаулы әлеуметтік көмек тиімділігін күшейту<br>Мемлекеттік тілдің тиімді әлеуметтік-коммуникациялық қызметімен толеранттық тілдік ортаны құру<br>Салауатты өмір салты идеологиясын қалыптастыру қала спортшыларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру<br>Туристік инфрақұрылымды дамыту, көрсетілетін туристік қызметтер сапасын арттыру<br>Жастарды мемлекеттік қолдауды, этникааралық және конфессияаралық келісімді сақтау және  нығайту<br>Қоғамдық тәртіпті күшейту және азаматтардың өмір қауіпсіздігінің, денсаулығының, құқықтарының және еркіндігінің қажетті деңгейін сақтау.  Қылмыстылыққа қарсы әрекет жасауда алдын алуды күшейту. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету<br>Дағдарыс жағдайларындағы басқарудың дайындық, шапшаңдық және тұрақтылық деңгейі<br>Интернет-ресурстарын, спутник теледидарын және  телефондық коммуникацияларды дамыту |
| | Халықтың көпшілігінің тұрғын үйге қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларының кешенді шешімі<br>Құрылыс материалдарын, бұйымдарды және құрылымдарды шығару бойынша өндірістік қуаттарды құру және дамыту<br>Қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту<br>Халықты сапалы және мүмкін болатын көлік қызметтерімен қамтамасыз ету<br>Халықтың электр қуатымен, жылумен, сумен, газбен және кәріз жүйесімен қамтамасыз етудің сапалы қызмет көрсету талаптарын қамтамасыз ететін сенімді өмірді қамтамасыз ету инфрақұрылымын құру. Коммуналдық жүйелерді жаңғырту және дамыту<br>Ауылдық елді мекендерге көрсетілетін әлеуметтік қызметтің қол жетімділігі мен сапасын арттыру<br>Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану арқылы қоғам өмірі үшін тұрақты экологиялық жағдайды және қолайлы ортаны қамтамасыз ету |
| Нысаналы индикаторлар | Өнеркәсіптік өнімнің нақты көлем индексі – 2011 жылы – 92,5%; 2012 жылы – 60,6%; 2013 жылы – 106,3%; 2014 жылы - 112,4%; 2015 жылы -113,5%.<br>Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің нақты көлем индексі, өткен жылға 2011 жылы - 103,9%; 2012 жылы – 104,0%; 2013 жылы – 104,7%; 2014 жылы – 92,7%; 2015 жылы – 95,4%.<br>Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индексі 2011 жылы – 112,9%; 2012 жылы - 65,7%; 2013 жылы – 111,7%; 2014 жылы – 122,2%; 2015 жылы – 70,1%. |

| | |
|---|---|
| | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие беру мекемелерімен қамтылған балалар үлесі жалпы мектепке дейінгі жастағы балалар санынан 2011жылы-70,3%; 2012 жылы - 80,5%; 2013 жылы – 79,9%; 2014 жылы – 77%; 2015 жылы – 80,9%.<br>Жалпы өлім-жітімiдi төмендету (1000 адамға шаққанда) 2012 жылы 4,5 тен 2014 жылы 3,9 ға төмендеді. Облыстық жалпы өлім жітім көрсеткіштері 2012 жылы 5,3 2014 жылы 4,6.<br>Жұмыссыздық деңгейі 2011 жылы - 0,9%; 2012 жылы – 0,22%; 2013 жылы – 0,21%; 2014 жылы - 1,9%; 2015 жылы - 1,4%.<br>Күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен табысы бар халықтың үлесі 2011 жылы – 1,3%; 2012 жылы – 0,9%; 2013 жылы – 1,0%; 2014 жылы – 2,1%; 2015 жылы – 1,9%.<br>Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынумен қамтылған тұлғалардың үлес салмағы (қызмет алуға мұқтаж тұлғалардың жалпы санында) 2011-2015 жылдары - 100% қамтылды.<br>Жүйелі түрде дене шынықтырумен шұғылданғандар 2011 жылы – 14,0%; 2012 жылы – 18,9%; 2013 жылы – 20,2%; 2014 жылы – 21,6%; 2015 жылы – 22,0%. |
| Қажетті ресурстар | Қаржыландырудың барлық көздерінен, көлемі<br>2016 жыл<br>2017 жыл<br>2018 жыл<br>2019 жыл<br>2020 жыл<br>Барлығы : мың теңге. |

# 2. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

**Өңірдің жалпы сипаттамасы**

Қарақия ауданы 1973 жылы құрылған Маңғыстау облысының оңтүстік-батысында орналасқан, солтүстікте Мұнайлы ауданымен, шығыста Маңғыстау ауданымен және оңтүстікте Түркменстан Республикасымен шектеседі.

Қарақия ауданының аумағы 2015 жылдың 1 қатңарындағы жағдай бойынша 64,297 мың км2 құрайды. ( Маңғыстау облысының 39,0 %, жер көлемі бойынша 2 қала және 4 аудан мен салыстырғанда 1 орында).

Ауданның рельефі әр аймақта әр түрлі. Геомофологиялық жағынан аудан аумағы Арал-Каспий шөлді қабатты қуаңдық-мұжілулік Маңғыстау және Үстірт ойпаты бар үстіртке жатады. Бұл биологиялық тұрғыдан бір бүтінді құрайтын үстірттен, аласа таудан және ойпаттан басқа терең, ағынсыз меридиандық ойпат Қарынжарық арқылы екі бөлікке бөлінген: батыста Маңғыстау және Шығыс Үстірт. Батыс жағында қиын қыртысты рельефті Маңғыстау және Кендірлі-Қаясан үстірті бар. Морфоқұрылымы жағынан үстірт үш бөлікке бөлінеді: оңтүстікке иілген және әктастармен қапталған солтүстік-моноклиналь, орталық – мұнайдың орасан кені бар жатық валға ұласқан тегістелген саты, оңтүстік - әктастардан тұратын синеклиз.

Аудан дымқылдық режимі бойынша шөлдік аумаққа жатады. Әсіресе шілде, тамыз айлары өте ыстық болып келеді. Қыс тұрақты емес, күн жиі жылынып тұрады. Орташа температура қаңтар айында -14, -19 оС, шілде айында +26, +40 оС. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 100-150 мм.

Қарақия ауданының әкімшілік аумақтық бөлінісі Құрық, Жетібай, Сенек, Мұнайшы ауылынан және Құланды, Бостан, Болашақ ауылдық округтерінен тұрады.

Құрық ауылы – Каспий теңізінің бойында, Қарақия ауданының оңтүстік батыс бөлігінде орналасқан және Қарақия ауданының әкімшілік орталығы болып табылады. Аудан орталығы Құрық селосы облыс орталығы Ақтау қаласынан 72 шақырым жерде орналасқан.

Ауданның географиялық орналасуы Каспий теңізінің бойы болғандықтан туристік кластерді дамытуға өте қолайлы.

## 2.1. Аумақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау
## 2.1.1. Бағыт. Экономика.
### 2.1.1.1. Өңірлік макроэкономика

Жалпы өнеркәсіп өнімдерінің (үй шаруашылығы секторын есепке алғандағы) ауқымы, қолданыстағы бағамен, млн теңге есебімен.




**Сурет 1**. 2012 –2014 жылдардағы жалпы өңірлік өнім көлемінің өзгеру динамикасы

Облыс ЖӨӨ-нің республика ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 2014 жылы 5,8% құрады, бұл – республика өңірлері арасындағы 7-орын (2012 жылы – 5,4%, 9-орын; 2013 жылы – 5,4%, 7-орын).

Ауыл шаруашылығының үлесі 2012 жылғы 0,3%-дан 2014 жылы 0,4%-ға дейін, тиісінше көлік пен қоймалаудың үлесі 4,8%-дан 7,3%-ға, өзге де қызметтердің үлесі 27,6%-дан 30,4%-ға дейін артты. Өнеркәсіптің үлесі 2012 жылғы 56,6%-дан 2014 жылы 52,1%-ға дейін, тиісінше көтерме және бөлшек сауданың үлесі 3,7%-дан 3,6%-ға дейін, құрылыстың үлесі 7,0%-дан 6,2%-ға дейін азайды.

Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі 2014 жылы 3815,9 мың теңгені құрады, бұл – республика өңірлері арасындағы төртінші орын (ҚР бойынша орташа – 2258,1 мың теңге). Көрсеткіш 2012 жылмен салыстырғанда (2945,9 мың теңге) 29,5%-ға ұлғайды.

Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бұрынғысынша, облыс бюджетін қалыптастыратын негізгі салықтар болып қала беруде.

Қарақия ауданы Маңғыстау облысының республикалық бюджеттің доноры болып табылады және жоғарыда көрсетілген бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемі 2013 жылы – 2 351,7 млн.теңге, 2014 жылы – 2 386 ,9 млн.теңге, 2015 жылға жоспар – 3 096,0 млн теңге құрады.

Аудан бюджетін қалыптастыратын негізгі салықтар әдеттегідей жеке табыс салығы және әлеуметтік салық, мүлік салығы болып қала береді.

Жергілікті бюджетке түсетін салықтық және салықтан тыс түсімдердің көлемі 2012 жылғы 6 858,5 млн теңгеден 2014 жылы 9 432,7 млн. теңгеге дейін немесе 1,3 есе ұлғайды. 2015 жылға арналған жоспар 10 566,6 млн. теңгені немесе 2014 жылдың деңгейіне 111,7% құрайды.

Өңірлік макроэкономиканың негізгі проблемалары:

- өңір экономикасының моношикізаттық бағыты;
- ішкі рыногтың тарлығы;
- өңірдің республиканың негізгі экономомикалық орталықтарынан шалғайлығына байланысты жоғары көліктік шығындар;
- ауыз су тапшылығы;
- меншікті ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты импортталатын азық-түлік өніміне арналған жоғары бағалар;
- есебінен өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- халық табысының жоғары саралануы.

**Кәсіпкерлік бөлімі**

Қарақия ауданының басым секторлары олар шағын және орта бизнеспен сауданы дамыту болып табылады.

Қарақия ауданында кәсіпкерліктің дамыған салалары: сауда саттық саласы, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы. Халыққа қызмет көрсету саласында (шаштараз, тоқыма, тігін, қоғамдық тамақтану орындары, қызметтері) жылдан жылға дамып келеді

Қарақия ауданы бойынша 2014 жылдың 30 желтоқсанында 1961 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 121,4 % -ға өскен. Оның ішінде заңды тұлғалар саны 44, жеке кәсіпкерлер саны 1664, шаруа қожалықтары саны 253.

2014 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен салық төлемдеріне түскен қаржы көлемі 49,4 млн.теңгені құрады. 2012 жылмен салыстырғанда 150,15% - ға артық түскен.

1-кесте Шағын және орта кәсіпкерліктік саласының негізгі көрсеткіштері.

| Атауы | бірлік | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|---|
| Шағын және орта кәсіпкерліктегі тіркелген субъектілерінің саны | бірлік | 1615 | 1759 | 1961 |
| Шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің үлесі | % | 10,9 | 11,9 | 13,2 |
| Шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандардың саны | адам | 1842 | 2004 | 2237 |

Қазіргі таңда шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатын іске асырудың негізгі құралы болып табылатын шағын кәсіпкерлікті дамытатын мақсатты мемлекеттік бағдарламалар («Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020»).

Құралдар контексінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде қолдау алған жобалардың саны

| Қолдау құралдары | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| 3 бағыт бойынша субсидия | 48 | 106 | 56 |
| Гранттар | 2 | - | - |
| Кепілдіктер | | | |
| Инфрақұрылым | - | - | 1 |

Сондай-ақ бағдарлама аясында жобаларын іске асыру мақсатында мемлекеттік грантқа ауданнан 2 кәсіпкердің жобалары комиссияда мақұлданды.

Аймақтық индустриалдандыру картасына ауданнан 2 жоба ұсынылды:

- «Тасболат ойл Корпорейшн» ЖШС-гі жалпы қуаттылығы 3,78 МВт болатын газпоршнды электростанциясының құрылысы. Жоба құны 826 млн. теңге. 2014жылы құрылысы аяқталды.
- «Жанарыс» ЖШС-гі Жетібай селосында тігін цехы, киімдерді химтазалау-жуу цехтарының құрылысы. Жоба құны 165 млн. теңге. Нысан 2014 жылы іске қосылып, 60 адам жұмыспен қамтылды.

Мемлекеттік қолдаудың шаралары ол орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау болып табылады. Шағын несие беру «Каспий» ЖШС және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның Маңғыстау облыстық филиалы арқылы «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша шағын несие және субсидия беру жүзеге асырылуда.

| № | 2012 жыл | | **2013 жыл** | | **2014 жыл** | | 2014-2012% |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Адам саны | Несие көлемі | Адам саны | Несие көлемі | Адам саны | Несие көлемі | |
| **1** | 7 | 27,0 млн теңге | - | - | 9 | 27,9 млн теңге | 103,3 |
| **2** | 11 | 18 млн. теңге | 12 | 30,1 млн. теңге | 21 | 56,1 млн. теңге | 311,6 |
| **3** | - | - | 96 | | 80 | | 83,3 |

«Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» және Біріккен ұлттар ұйымы даму бағдарламасы «Экодаму» бағдарламаларын аудан тұрғындарына түсіндіру және кеңес беру мақсатында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-мы ауданның елді мекендерінде несие алам деген кәсіпкерлерге қолдау көрсетуді жүзеге асыруда.

«Ерсай» ЖШС-гі қолдауымен «Орталық Азияның Еуразия қоры» Құрық ауылы тұрғындарына кәсіпкерлікті қолдау мақстатында ұйымдастырылған шаралардың нәтижесінде 2014 жылы бес кәсіпкер грант алып жұмыстарын жүргізуде және жаңадан бастаған бес шағын кәсіпкерлерге қайтарымсыз 750 мың теңгеден қаржы берілді.

«Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламаларын аудан тұрғындарына түсіндіру және кеңес беру мақсатында «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-мы, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының өкілдерімен ауданның барлық елді мекендеріне жиналыс ұйымдастырылды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының жылжымалы кеңес беру көлігі ай сайын бекітілген кесте бойынша ауданның елді мекендеріне келір тұрғындарға кеңес беріп тұрады. 2015 жылы аудан орталығында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының бастауымен кәсіпкерлікті кәсіпкерлікті қолдау орталығы ашылды. Екі кеңесшісі бар. Орталық ауданның кәсіпкерлікті жаңадан бастайтын немесе ісін одан әрі дамытам дейтін адамдарға өз көмектерін, кеңестерін береді. Аталған орталықты қосымша Жетібай аулынан ашуға аудан тарапынан облысқа ұсыныс берілді.

**SWOT талдау**

| **Күшті жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| Шағын және орта бизнеспен айналысатын субъектілерінің саны және өнімдерінің көлемін көбейю;<br>Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қаржылық қолдау көрсететін шағын несие ұйымдарының қызметі: МҚҰ «Каспий» ЖШС, «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ МФ;<br>«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының бағыттарын жүзеге асыру;<br>Теңіз жағалауын дамыту, игеру жобаларының іске асырылуы;<br>Мемлекеттік шекара Өзен-Түркменстан темір жолының қосылуы;<br>Маңғыстау облысының кәсіпкерлік палатасы Қарақия аудандық филиалы.<br>Кәсіпкерлерді қолдауға арналған бюджет шығыстарының жыл сайынғы ұлғаюы. | Қаржыландыру проблемасы: кепілге қоятын мүліктің болмауы, несие пайызының жоғары болуы, құжаттарды қарау мерзімінің ұзақтығы, несие ұйымдарының несие беру кездеріндегі жеңілдіктердің болмауы;<br>Кәсіпкерлердің және жаңадан кәсібін бастаушы азаматтардың бизнеске икемділігінің жетіспеушілігі;<br>Ауданда жеңіл өнеркәсіп және тамақ өнімдері өндіру кәсіпорындарының болмауы;<br>Мал шаруашылығы және егін шаруашылығымен айналысуға су көздерінің (құдықтардың) болмауы;<br>Шағын және орташа бизнестің салалалық теңгерімсіздігі және оның әртараптандырылуының төмен деңгейі. |
| **Мүмкіндіктер** | **Қауіпі** |
| Инновациялық жобаларға берілетін несиелермен, гранттарға қол жеткізу;<br>«Жұмыспен қамту – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламалары аясында көрсетілетін қызметтерді пайдалану. | Бірқатар шағын және орташа кәсіпорындардың банкрот болуына байланысты жұмыссыздықтың артуы, криминогенді жағдайдың жоғарылауы;<br>Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тағамдарының бағасының өсуі; |

Аудан бойынша кәсіпкерлік саласындағы негізгі мәселелер:

- Шағын және орта бизнес субъектілеріне рұқсат құжаттарын беру жүйесін оңтайландыру;
- Шағын және орта бизнес субъектілеріндегі инновациялық белсенділіктің төмендігі
- Несие бойынша кепілмен қамтамасыз ету;
- Кәсіпкерлердің және жаңадан кәсібін бастаушы азаматтардың бизнеске икемділігінің жетіспеушілігі;
- Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатындағы мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру мақсатында тұрғындарға түсінік жұмыстарын жүргізу.

**Сауда**

Бөлшек және көтерме сауда саласында жұмыспен қамтылғандардың саны 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 11,0%-ға артып, 3980 адамды құрады.

Аудан ЖӨӨ-нің құрылымындағы бөлшек және көтермен сауданың үлесі 2014 жылы 2,2% құрады (2012 жыл – 1,7%).

2011 жылдан бастап 2014 жылды қоса алғандағы аралықта саланы дамыту Қазақстан Республикасында сауданы дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама бойынша жүзеге асырылды. Оң динамикаға қарамастан, үдеріс баяу жүріп келеді. Аудан үшін қазіргі замандағы сауда форматтарының төмен үлесі, меншікті ауыл шаруашылығының жоқтығы және тасып әкелінетін азық-түлік өнімдерінің үлкен үлесі (85%) тән. Негізгі себеп  кәсіпкерлерде құзіреттердің жетіспеушілігі.

Бөлшек сауда саласы әлеуметтік маңызды тауарларға арналған бағалар мониторингінің объектісі болып табылады. Өңірде қазіргі замандағы форматтағы (А класты) көкөкніс қоймасының жоқтығы, маусымдық азық-түлік тауарларының жыл сайынғы тапшылығына алып келеді, бұл – өз кезегінде бөлшек сауда бағаларының негізсіз өсуіне ықпал етеді.

Аудан бойынша айына 4 мәрте Құрық, Жетібай, Мұнайшы елді мекендерінде төмен бағамен жәрмеңке өткізіліп тұрады. «Асарс»  ЖШС-гі көкөніс, «Ақаю» ЖШС-гі сүт, балмыздақ, тұшпара, май өнімдерін төмен бағамен сатады. Жыл басында сырттан тасымалданған азық-түліктің бағасын тежеу мақсатында ірі және орта кәсіпорындармен (жеткізушілермен) әлеумметтік – маңызды тауарларды өндірушінің бағасынан 10 пайыздан артық жоғарылатпай жиынтық үстеме бағасының деңгейін белгілеу туралы меморандумға қол қойылды.

Ауданның ерекшелігі сұйытылған газды, оның ішінде автомобиль көлігінің үлкен көлемде тұтынуы болып табылады.

**Сауда саласындағы SWOT талдау**

| Мықты жағы | Әлсіз жағы |
|---|---|
| Әлеуметтік-маңызды тауарларға моиторинг жүргізудің қолданыстағы жүйесі;<br>Қызмет көрсету саласын дамыту бағдарламасы шеңберінде базарларды қайта жаңғырту, бөлшек сауда және электрондық саудаға мемлекеттік қолдау перспективалары. | Электрондық сауданың әлсіз дамуы. |
| **Мүмкіндіктер**<br>Жаңа сауда дүкен құрылысының салынуы;<br>Заманауи талаптарға сәйкес жабық базарлар құрылысының жүргізілуі;<br>Саланың бәсекеге қабілеттіліктігінің артуы. | **Қауіп**<br>Ішкі нарықтың импортқа тәуелдігінің артуы;<br>Теңгенің құнсыздануына байланысты әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларына арнлаған бағалардың өсуі. |

**Сауданы дамытудағы негізгі мәселелер:**

- Заманауи сауда форматтарының жоқтығы;
- Электрондық сауданың әлсіз дамуы;
- «Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасында заманауи сауда нысандары мен базарларды жаңғыртуға қолдау шарасы қарастырылса да, осы құралдарды пайдалану заңдылықтарының дамымағандығынан тежелуде.
- Инвестициялар мен инновациялар саласындағы негізгі проблемалар:
- Мұнай-газ секторының шегінен тыс инновациялық жүйе құру үшін стимулдардың жоқтығы;
- теңіз мұнай жобаларының технологиялық қиындығы және үлкен экологиялық тәуекелдер инвестициялар тартуды тежеуші фактор болып табылады;
- Аудан ШОБ-нің инновациялық белсенділігінің төмендігі және төмен әртараптандырылуы;
- АӨК-тің әлсіз экономикалық жағдайы АӨК инфрақұрылымын және тұтастай алғанда өңірдің агробизнесін дамытуға инвестициялар тартуға негізгі кедергі болып табылады.

2011-2015 жылдары аралығында ауданымызда кәсіпкерлікті, көтерме және бөлшек сауда саттықты дамыту саласында көптеген жұмыстары жасалған болатын. Дегенмен, аудандардағы орта және шағын бизнестерін дамыту, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің арзан бағамен басқа облыстардан тасымалдануы бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мақсаты: шағын және орта бизнесті, сауда саласын қолдау және оларды дамытуға жағдай жасау.

| № | Нысаналы индекаторлар | Өлшем бірлігі | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | Орындалуына жауапты | Дерек көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1 | Тіркелген жалпы көлемінде шағын және орта кәсіпорындардың актіерлер үлесі. | % | - | | | | | | | Кәсіпкерлік бөлімі | Статистикалық мәлеметтер |
| 2 | Бөлшек сауда көлемі индексі. | % | | | | | | | | Кәсіпкерлік бөлімі | Статистикалық мәліметтер |

**Мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу:**

- Қойылған мақсат пен міндеттерге жету жолдары:
- Институттардың дамуы
- ірі бизнес шеңберінде инновациялық бағытталған шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілерін құру бойынша жүйеленген кәсіпорындармен әріптестікті дамыту;
- кәсіпкерлікті қолдау қоғамдық институттары мен мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысын жаңғырту.

**ҚР Президенті Жолдауының 54, 55, 60 және 61 қадамдарын іске асыру:**

- кәсіпкерлердің мүдделерін аса сапалы және тиімді қорғау;
- халық пен кәсіпкерлер арасында білімділік деңгейін көтеру мақсатында бизнес-форумдар, пресс-турлар ұйымдастыру;
- ет-сүт саласында шығарылатын тауарлар сапасын жақсарту;
- жергілікті өндірушілердің тауарларына, жұмысы мен қызметтеріне сұранысты ұлғайту.

**Қаржылық және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету:**

- кішігірім кредиттеу құралдарына қолжетімділікке қатысты жаңадан бастап жүрген кәсіпкерлерді қолдау жолымен кәсіпкерліктің белсенді субъектілер санын ұлғайту;
- ауылдық жерлерде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің несиелік ресурстарына қолжетімділікті ұлғайту мақсатында кішігірім кредиттеу ұйымдары мен ауылдық несиелік серіктестіктердің жүйелерін дамыту;
- қаржылық даму институттар қаражаты есебінен кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу;
- жаңа кәсіпкерлерді тарту мақсатында тауарлар мен қызметтерге сұраныстар, аймақтық нарықтар туралы ақпараттарды жинақтауды, талдауды және жариялауды ұйымдастыру.

**«Бизнестің жол картасы- 2020» бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау:**

- кәсіпкерлермен түсінік семинарларын, тренингтерін, дөңгелек үстелдер өткізу, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне арналған бүктемелер және әдістемелік құралдар шығару;
- «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарлама шеңберінде жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру;
- Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау механизмдері мен шарттары туралы жергілікті халықты ақпараттық құлақтандыру мақсатында билбордтарды орналастыру және бұқаралық ақпараттандыру құралдарында мемлекеттік қолдау шараларын жариялау;
- жаңа үлгідегі сауда объектілерінің құрылысында мемлекеттік қолдау шараларын көрсету.

**Заманауи сауда үлгілерін дамыту:**

- заманүи сауда үлгілерінің алаң сандарын көбейтуге ынталандыру және бөлшек сауда жалпы айналымындағы олардың үлесі;
- заманауи үлгідегі жетілдірілген нарықта сауда орындарының санын көбейту;
- бөлшек электрондық сауданы дамыту.
- Сауда нарығын жетілдіру
- нарықты техникалық жабдықтау;
- халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігі.

Мақсаты: Ел басының 30 қараша 2015 жылғы жолдауы.

Кәсіпкерлер, іскер азаматтар!

Мемлекет сіздердің бизнестеріңізді дамытып, аяққа нық тұруларыңызға барлық жағдайды жасады. Бүгінгідей сын сағаттарда сіздерге үлкен жауапкершілік артылады. Жекешелендірудің жаңа легіне белсенді қатысыңыздар, қаржыны заңдастырып, ашық жұмыс істеңіздер. Қуатты ел болу – бәсекеге қабілетті болу деген сөз. «Қазақстанда жасалған» әрбір ұйымда төрт қасиет – сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан болуы керек. Сонда ғана ісіміз өнімді, затымыз өтімді болады. Өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, бізді сырттан келіп ешкім жарылқымайды.

Мен кәсіпкерлер табына, барлық ауқатты қазақстандарға, барлық бизнесмендер мен іскер адамдарға сөз арнағым келеді. Мемлекет жекешелендіру мен экономикалық ырықтандыру бойынша біздің тарихымызда бұрын-соңды болмаған қадамдарға барып отыр. Еліміз қазірдің өзінде көпшіліктеріңізге ақша табуға және іскерлік журналдардың бірінші беттерінен көрінуге мүмкіндік берді. Мен сіздерді капиталдарды заңдастыруға, жекешелендіру тендерлеріне белсенді қатысуға шақырамын. Осылайша сіздер өздеріңізге және Қазақстанға, барша халқымызға жәрдемдесетін боласыздар!

# 2.1.2 бағыт . Әлеуметтік сала

Білім саласы

Мектепке дейінгі білім

Қарақия аудандық білім бөлімі ауданның білім саласындағы жұмысын Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүргізуде. Бағдарламаны іске асыру мақсатында елді мекендерде толық біліммен қамтуға қол жеткізу және білім сапасын арттыру бағытында жұмыстанып келеді.

Ауданда 2014 жылдың есептік кезеңі бойынша 14 балабақша (оның ішінде 13 мемлекеттік, 1 жекеменшік балабақша) және 3 мектеп жанындағы шағын орталық жұмыс жасайды. Онда тәрбиеленушілер саны - 1682 бала. Халық санының өсуіне байланысты кезектегі бала саны да жыл санап көбеюде. 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту – 77,0 % (№1, №2 кесте).

№1 кесте  Мектепке дейінгі ұйымдардың өсу динамикасы

| Балабақшалар саны | | | Шағын орталықтар саны | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2012 | 2013 | 2014 | 2012 | 2013 | 2014 |
| 10 | 11 | 14 | 3 | 3 | 3 |

| Балабақшамен қамтылуы, адам | | | Шағын орталықпен қамтылуы, адам | | | Жалпы қамту пайызы % | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2012 | 2013 | 2014 | 2012 | 2013 | 2014 | 2012 | 2013 | 2014 |
| 1381 | 1429 | 1579 | 102 | 107 | 103 | 80,5 | 79,9 | 77,0 |

2013 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды кезекке қою аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы автоматтандырылған. Аудан бойынша жалпы кезекке тіркелген 1-6 жас аралығындағы бала саны - 792, оның ішінде 1-3 жас аралығында 435 бала. Жетібай ауылы мектепке дейінгі ұйымдарға кезекке бала саны ең көп тіркелген ауыл болғандықтан, 1-3 жас аралығындағы балаларға арналған бөбекжай топтарына қажеттілік туындап отыр. Өйткені аудан бойынша Жетібай селосы тірек ауылдық елді мекені болып саналады. 2015 жылдың  сәуір айында  халық саны  12619 адам құрады, оның ішінде 0-18 аралығы жастағы балалар саны 5535 адам. Алдынғы жылдармен салыстырғанда халық саны жылдан жылға көбеюде, себебі қазіргі таңда жер телімін алған және кезекте тұрған адам саны - 3000. Бала өсімі де көбеюде. Аудан бойынша МДҰ-мен толық қамту мақсатында Мұнайшы ауылында «Еркемай» балабақшасында 2-4 жас аралығында 1 топ (20 бала) ашуға жұмыстануда.  Қазіргі таңда Жетібай ауылында Ұлттық қор есебінен 280 орындық  балабақша құрылысы салынуда (2016 жылы пайдалануға беріледі). Жетібай селосындағы №4 орта мектеп ғимаратын балабақшаға қайта құрылымдау бойынша құрылыстың жобалық-сметалық құжаттамасы бекітілді. Қайта құрылымдау қаражат көзін қажет етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар санының өскенімен, педагогтардың сапалық құрамы жақсармай тұр. Себебі келген жас мамандардың біліктілік санаттары жоқ.

№2 кесте  Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтардың өсу динамикасы

| Жылдары | **Барлық педагог саны** | **Санаты, педагог саны** | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Высшая и 1 категория, количество (доля)** | **II** | **Санатсызы** |
| 2012 | 196 | 13 (7%) | 36 | 147 |
| 2013 | 209 | 12 (6%) | 47 | 150 |
| 2014 | 217 | 13 (6%) | 52 | 152 |

Жалпы орта білім

2014жылы Қарақия ауданында 16 жалпы білім беретін мектеп (оның ішінде 12 орта мектеп, 1 орталау орта мектеп, 2 бастауыш, 1 кешкі сырттай жұмысшы жастар орта мектебі) жұмыс жасайды, бала саны – 8371 (3 кесте). Оның ішінде кешкі мектепте – 125 бала, мектептердегі мектепалды даярлық сыныптарында – 904 бала, арнаулы сыныпта – 31 бала. 2012 жылға қарағанда мектеп саны 1 бірлікке көбейді. 16 мектептің ішінде 2 мектеп Аққұдық орталау мектебі және №10 орта мектеп шағынжинақты мектепке жатады.

№3 кесте 2012-2014 жылдар аралығындағы мемлекеттік күндізгі және кешкі жалпы білім беретін мектептер санының өсу динамикасы .

| 2012 ж | | 2013 ж | | 2014 ж | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектеп саны, бірл. | Оқушы саны, адам. | Мектеп саны, бірл. | Оқушы саны, адам. | Мектеп саны, бірл. | Оқушы саны, адам. |
| 15 | 7309 | 16 | 7629 | 16 | 8371 |

2014-2015 оқу жылында ауданда апатты жағдайдағы 2 мектеп бар. 2015 жылдың қыркүйек айына дейін 2 апатты мектеп 624 орындық 2 жаңа мектеп ғимараттарына көшіріледі .Мектептердің жалпы санының 93,4 %-ы үлгілік (15 мектеп), 6,6 %-ы – ыңғайластырылған (1 мектеп) ғимараттарда.

№4 кесте Апатты мектептер санының өсу динамикасы

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Барлық мектеп саны бірл. | Апатты мектеп саны бірл. | Барлық мектеп саны бірл. | Апатты мектеп саны бірл. | Барлық мектеп саны бірл. | Апатты мектеп саны бірл. |
| 15 | 2 | 16 | 2 | 16 | 2 |

2014 оқу жылында 3 ауысымдық мектеп жоқ. Алдағы уақытта Жетібай ауылында бала санының қарқынды өсуіне байланысты мектептердің 3 ауысымдық кезеңге көшу қаупі бар.(№5 кесте)

№5 кесте Үш аусымдық мектеп

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Барлық мектеп саны, | Үш аусымда оқытатын мектеп саны | Барлық мектеп саны | Үш аусымда оқытатын мектеп саны | Барлық мектеп саны | Үш аусымда оқытатын мектеп саны |
| 15 | 0 | 16 | 0 | 16 | 0 |

Аудандағы барлық мектептер компьютермен 100 % қамтамасыз етілген. 2014 жылы 1 компьютерге (барлығы 614 компьютер) 12 баладан келеді. 2012 жылы 1 компьютерге 16 баладан келген.

№6 кесте 2012-2014 жылдардағы аудан мектептерінің компьютермен қамтылуы

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Компьютер саны | Оқушы саны, адам | Компьютер саны | Оқушы саны, адам | Компьютер саны | Оқушы саны, адам |
| 398 | 16 | 493 | 13 | 566 | 12 |

Аудандағы 16 мектеп кеңжолақты интернет желісіне қосылған, 100 %-ды құрайды.

Электрондық «E-Learning» оқыту жүйесі 3 мектепте Құрық орта мектеп-гимназиясы, №1 орта мектеп, №9 бастауыш мектепте енгізілген. Қалған 13 мектепте электрондық оқу жүйесі қосылмаған.

Мектептердің материалдық-техникалық базасы әлі де толықтыруды қажет етеді. 2014 жылы 13 мектепте 16 мультимедиялық кабинет, 12 мектепте 12 химия кабинеті, 12 мектепте 13 физика кабинеті және 13 мектепте 14 биология кабинеті бар.

№7 кесте. Жаңа модификациядағы кабинеттерінің өсу динамикасы

| Жылы | Мультимедия кабинеті | | Физика кабинеті | | Химия кабинеті | | Биология кабинеті | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны | % | Кол-во | % | кол-во | % | кол-во | % |
| 2012 г. | 10 | 67 | 8 | 62 | 7 | 54 | 8 | 62 |
| 2013 г. | 15 | 94 | 10 | 67 | 10 | 72 | 12 | 86 |
| 2014г. | 16 | 100 | 13 | 93 | 12 | 86 | 14 | 100 |

Аудандағы елді мекендер бойынша оқушыларды тасымалдау үшін автобус қарастырылған. 2012 жылы 3 мектепке 98 оқушыны тасымалдау қажетттілік етті. 2013 жылы 3 мектепке 60 оқушыны тасымалдау қажетттілік етті. 2014 жылы 3 мектепке 244 оқушыны тасымалдау қажетттілік етті. Үш жылда да тасымалдауды қажет ететін оқушылардың тасымалдануы 100%-ды құрайды.

№8 кесте.Оқушылардың тасымалдануы

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Автобус саны | бала саны | Автобус саны | бала саны | Автобус саны | бала саны |
| 2 | 98 | 1 | 60 | 3 | 244 |

Қарақия ауданы бойынша 15 мектептің 13 мектебінде ыстық тамақ ұйымдастырылған. 2 мектептің (Аққұдық негізгі мектеп, №2 бастауыш мектеп) ғимаратында асхана болмағандықтан, ыстық тамақ ұйымдастыруға мүмкіншілік жоқ. Соның салдарынан қамту пайызы - 97,8%. 2015 жылы Аққұдық негізгі мектепке жапсар-жай арқылы асхана салуға қаралған. 2016-2017 оқу жылында пайдалануға беріледі. Аудан бойынша 13 мектепте аз қамтылған отбасы балаларымен қатар 1-сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі . 2014, 2015 жылдан бастап ыстық тамақ рационына бал, сүт қосылды.

№9 кесте. Ыстық тамақтың ұйымдастырылуы

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Аз қамт.отб. балалары (адам) | 1-сынып оқушылары (адам) | Аз қамт.отб. балалары (адам) | 1-сынып оқушылары (адам) | Аз қамт.отб. балалары (адам) | 1-сынып оқушылары (адам) |
| 973 | 722 | 986 | 700 | 1013 | 717 |

2014 жылы аудан мектептерінде 759 педагог қызмет жасады. 2012 жылмен салыстырғанда педагог саны 85-ке артты. Оның жоғары санаттысы – 127,үлесі-17%, бірінші санаттысы-233,үлесі-31%. Соның ішінде 29-ы зейнеткерлікке шығып жұмыс жасап жүр –үлесі 4%.

№10 кесте. 2012-2014 жылдардағы педагогтардың өсу динамикасы

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектеп саны | Мұғалім саны | Мектеп саны | Мұғалім саны | Мектеп саны | Мұғалім саны |
| 15 | 674 | 16 | 736 | 16 | 759 |

Білім беру ұйымы ұдайы педагогикалық кадрларға қосымша қажеттілікті сезінеді. Ауданның мектептері бойынша қазіргі таңда математика, орыс тілі, шет тілі пән мұғалімдері қажет.

2013 жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 27 маман бюджеттік кредит несие берілсе, 2014 жылы 28 жас маман бюджеттік кредит несие берілді.

№11 кесте. 2012-2014 жылдардағы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша бюджеттік кредит алған мұғалімдер саны туралы мәлімет

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мұғалім саны | Жас маман саны | Мұғалім саны | Жас маман саны | Мұғалім саны | Жас маман саны |
| 674 | 25 | 736 | 27 | 759 | 28 |

Мектептерде педагог қызметкерлер оқу процесінде компьютерлік технологияны кеңінен қолдануда. Қызметкерлер компьютерді қолдануды 100 % меңгерген.

№12 кесте. 2012-2014 жылдар аралығында Назарбаев зияткерлік мектебінің деңгейлік курсынан барлығы 116 педагог өтті.

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | 2%. | 46 | 7%. | 58 | 8%. |

Аудан бойынша 2014 жылы ҰБТ –дің орта балы 70,13 болса, 2012 жылға қарағанда орта бал 5 балға өсті.

№13 кесте. Аудан бойынша 2012-2014 жылдардағы ҰБТ көрсеткіші

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Түлек саны | ҰБТ орта балы | Түлексаны | ҰБТ орта балы | Түлек саны | ҰБТ орта балы |
| 204 | 65,4 | 169 | 67,01 | 160 | 70,13 |

**Бала құқұғын және мүддесін қорғау**

Аудан территориясында 7-18 жас аралығында мүмкіндігі шектеулі 55 бала тізімде тіркеуде. Оның 39-ы инклюзивті білім берумен қамтылған, қамтылуы –71%. ал мектептердің жалпы санының ішінде инклюзивтік білім беру үшін жағдайлар жасалған білім беру ұйымдарының үлесі – 40%. Деффектолог, логопед мамандары тапшы. Аудан бойынша 16 жалпы білім беру ұйымдарының тек 5 мектепте мүмкіндігі шектеулі балалар үшін мектептің кіре берісіне пандус жасалған. Олар Құрық орта мектеп-гимназиясы, №4 о/м, №5 о/м, Құланды о/м және №10 о/м. Бұл көрсеткіш 31,3 % құрайды. Жалпы ауданда инклюзивті білім беру қосымша қаражатты және мамандарды қажет етеді.

№14 кесте. мектептің кіре берісіне пандус жасақтаған мектептердің үлесі.

| 2012 | | | 2013 | | | 2014 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мектеп саны | Пандус жасалған мектеп | | Мектеп саны | Пандус жасалғат мектеп | | Мектеп саны | Пандус жасалғат мектеп | |
| бірл. | Бірл. | үлесі% | бірл. | Бірл. | үлесі% | бірл. | Бірл. | үлесі% |
| 15 | 1 | 7 | 16 | 3 | 19 | 16 | 3 | 19 |

Сонымен қатар, қамқоршылық және қорғаншылық бөлімінде тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардан 30 бала есепте тұр. Аталған балалардан 11 бала патронаттық тәрбиеге алынған. Барлығына жәрдемақы төленеді, 100 пайыз қамтылуда. Қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа берілген 19 баланың 15-не жәрдемақы төленуде. 4-еуіне қамқоршылыққа келісім бойынша берілгендіктен, жәрдемақы төленбейді.

**Қосымша білім беру ұйымы**

Мектептен тыс тәрбие беру-тағылымды тәлім-тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы. Тәрбие мазмұны ұйымдастырушының шеберлігімен ұштасқанда ғана, шәкірттің ішкі жан дүниесін жаңартып, рухани азық болып, жарқын құбылыстарға жетекші бола бермек. Осы бағытта ауданда мектептен тыс 2 мекеме «Құрық балалар өнер мектебі» және «Өскенбай Қалманбетұлы атындағы Жетібай балалар өнер мектебі» жұмыс жасауда. Өнер мектептері жанынан ашылған «Ауылым», «Асыл мұра» клубтары балалардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, өз бетінше жұмыс жасау арқылы қазіргі заман талабына сай жан-жақты, білімді, өнерлі тәрбиелі де саналы тұлға қалыптастыру мақсатында игі істер атқарып келеді.

| 2012 | | 2013 | | 2014 | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мекеме (бірл.) | Бала саны (адам) | Мекеме (бірл.) | Бала саны (адам) | Мекеме (бірл.) | Бала саны (адам) |
| 2 | 186 | 2 | 297 | 2 | 340 |

**Білім саласының даму жағдайына SWOT-талдау:**

| **Күшті жақтары:** | **Әлсіз жақтары:** |
|---|---|
| Балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтуға жағдайдың жасалуы;<br>Мектепке дейінгі ұйымдар санының көбеюі;<br>Апатты жағдайдағы жалпы білім беретін мектептердің жоқтығы;<br>Компьютермен 100 % қамтамасыз етілуі;<br>Кеңжолақты интернет желісімен100 % қамтамасыз етілуі;<br>Оқушыларды тасымалдауды ұйымдастыру 100%;<br>Мүжәлсіз, аз қамтылған отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамту 100%;<br>Қамқоршылықтағы, қорғаншылықтағы және патронаттық тәрбиедегі балаларға жәрдемақы ай сайын уақытында төленуі; | Жетібай ауылында бала санының қарқынды өсуіне байланысты мектептердің 3 ауысымдық кезеңге көшу қаупі;<br>Мектептердің материалдық-техникалық базасының жеткіліксіздігі;<br>Мекемеге арналған типтік жобадағы бекітілген ережеге сай ғимараттың болмауы;<br>Ауыл мектептерінде математика, орыс тілі, ағылшын тілі пән мұғалімдерінің жетіспеушілігі;<br>Даму мүмкіндігі шектеулі 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді, олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсететін оңалту шараларын жүргізетін мекеменің болуы және қажеттілігі;<br>Ауданда логопед, дефектолог мамандарының болмауы, тапшылығы;<br>Логопед, ефектолог мамандарына штат бірлігін қаржыландыру; |
| **Мүмкіндіктер:** | **Қауіп:** |
| Жетібай ауылында 900 орындық мектеп құрылысын салу;<br>Жас педагог мамандардың өз ісіне берілуіне және елді мекенге, соның ішінде ауылды аймаққа үйренуін ынталандыру;<br>Елді мекендерде жекеменшік балабақшаларды ашу; | Көшу-қонуға байланысты бала санының көбеюі;<br>- ШЖМ -де білім сапасының төмендеуі;<br>-валюталық дағдарысқа байланысты логопед, ефектолог мамандарына штат бірлігін қаржыландыру. |

**Проблемалар:**

1. Ауыл мектептерінде математика, орыс тілі, ағылшын тілі пән мұғалімдерінің жетіспеушілігі
2. Ауданда логопед, дефектолог мамандарының болмауы, тапшылығы;
3. Мүмкіндігі шектеулі балаларға оқу кабинеттерін қазіргі заманғы құралдармен жабдықтау.

**Денсаулық сақтау**

Қарақия ауданы халқына медициналық көмекті 55 төсектік ,құрамында емхана бөлімімен Қарақия аудандық орталық ауруханасы , 75 төсектік қрамында емханасымен Жетібай аудандық ауруханасы , 4 ауылдық дәрігерлік амбулаториясы , 2 медициналық пункттер көрсетеді.

2015 жылдың 1 қаңтарына Қарақия ауданының халық саны 34086 адамды құрады. Қарқынды миграциялық процесстерге байланысты 2012 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда (32692 адам) 1394 тұрғынға немесе 4,3 % өсті.

2012-2014 жылдары ауданның демографиялық жағдайына төмендегі факторлар әсер етті :

Туу көрсеткішінің өсуі (1000 тұрғынға шаққанда ) : 2012 жылы 34 тен 2014 жылы 36 ға өсті. Облыстық көрсеткіштер 2012 жылы 29,3 және 2014 жылы 30,92 құрады.

Өлім жітім көрсеткіштерінің төмендеуі (1000 тұрғынға шаққанда ): 2012 жылы 4,5 тен 2014 жылы 3,9 ға төмендеді. Облыстық жалпы өлім жітім көрсеткіштері 2012 жылы 5,3 , 2014 жылы 4,6.

Халықтың табиғи өсімі коэфицентінің 1000 тұрғынға шаққандағы өсуі : 2012 жылы + 28,5 тен 2014 жылы + 32,3 ке дейін. Манғыстау облысы бойынша халықтың табиғи өсімі : 2012 жылы + 25,4, 2014 жылы + 27,6 болды.

2012 -2014 жылдар аралығында ана өлімі тіркелген жоқ .

Таблица 1. 2012 – 2014 жылдардағы аудан бойынша денсаулық сақтау саласының көрсеткіштері

| көрсеткіштер | 2012 | 2013 | 2014 |
|---|---|---|---|
| Аналар өлім жітімі 100 мың тірі туғандарға шаққандағы саны | - | - | - |
| Нәрестелер өлім жітімі, 1000 тірі туылғандарға шаққандағы саны ,промилле | 18,0 | 13,4 | 7,4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қатерлі ісік аурушаңдығы 100 мың тұрғынға шаққандағы саны | 132,2 | 90,6 | 117,6 |
| 15-49 жас ерекшелігі тобындағы адамның иммун тапшылығы вирусының таралуы 100 мың тұрғынға шаққандағы саны | - | - | 1(0,006) |

Соңғы жылдары аудан бойынша 1000 тірі туылғандарға шаққандағы нәрестелер өлім жітімі көрсеткішінің төмендеуі байқалады: 2012 жылы 18,0 промилледен 2014 жылы 7,4 промиллеге дейін. (2014 жылы облыстық орташа көрсеткіш -10,5 промилле)

Өткен жылдарда онкологиялық патологиялардың таралуы мен өлім жітім көрсеткіштерінің тұрақтануы байқалады.100 мың тұрғынға шаққандағы онкопатологиямен аурушаңдық 2012 жылы 132,2 ден 2014 жылы 117,6 ға төмендеді. 100 мың тұрғынға шаққандағы онкопатологиядан өлім жітім көрсеткіші 2012 жылы 106,4 тен 2014 жылы 67,6 – ға төмендеді.

100 мың тұрғынға шаққандағы туберкулезбен аурушаңдық көрсеткіші 2012 жылы 110,5 тен 2014 жылы 99,3 ке дейін төмендеді. Облыстың орташа көрсеткіші : 2012 жылы 81,2, 2014 жылы – 71,2. Туберкулезден өлім жітім 2012 жылы 9,5 тен 2014 жылы 9,0 ге төмендеді.

Тегін берілетін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне бөлінген қаражат 2012 жылы 656 881 35 млн. Теңгеден 2014 жылы 856 365 91 млн. теңгеге өсті. Ауыл тұрғындарының дәрі-дәрмектерге қол жетімділігін арттыру мақсатында , аптекасы жоқ елді мекендерде тегін берілетін дәрі дәрмектерді бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсететін мекемелер арқылы тарату ұйымдастырылды. 2012 жылы 47,3 млн. теңгенің дәрі-дәрмектері тегін таратылса , 2014 жылы - 88,8 млн. теңгенің дәрі-дәрмектері таратылды.

2012 жылы аудан бойынша дәрігерлер саны -56 құраса,2015 жылдың 1 қаңтарына дәрігерлер саны 65- ті құрады. 10 мың халыққа шаққандағы тұрғындардың дәрігермен қамтылуы 01.01.2015 жылға 19,1 болды.(2012 жылы – 18,0 болған) Облыстық орташа көрсеткіш -23,0.

10 халыққа шаққандағы тұрғындардың орта буын медициналық қызметкерлермен қамтылуы 01.01.2015 жылы -93,2 құрады.(2012 жылдың басында көрсеткіш -89 болды) Облыстық орташа көрсеткіш -78,0.2012 жылы 3,2013 жылы 2,2014 жылы 2 жас маман жұмысқа орналасқан болатын. 2015 жылы 9 жас маман жұмысқа орналасты .3 маман көтерме жәрдем ақымен , 6 медбике тұрғын үй жай алуға процентсіз кредитпен қамтамасыз етілді.

Квалификациялық категориялары бар медициналық қызметкерлердің үлес салмағы : 2012 жылы дәрігерлер – 1,7 %, орта буын медициналық қызметкерлері – 12,3 % құрады. 2013-2014 жылдары дәрігерлер мен орта буын медициналық қызметкерлердің ешқайсысы квалификациялық категория қорғаған жоқ. 2015 жылы дәрігерлердің үлес салмағы - 6,1%, орта буын медицина қызметкерлерінің үлес салмағы - 9,2 % болды.

«2011-2015 жылдарға арналған Саламатты Қазақстан » мемлекеттік бағдарламасы аясында сапалы , қолжетімді медициналық көмекті ұйымдастыруға қол жеткізілді .Пациенттерді қолдау қызметінің, скринингтік бағдарламалардың енгізілуі , материалдық техникалық базаның нығайтылуы мен жас мамандармен қамтылудың арқасында аудан халқына көрсетілетін медициналық көмек көрсеткіштері тұрақтанды.

**Саланы дамытудың SWOT – анализі**

| | |
|---|---|
| **Күшті жақтары (S) :**<br>1.Демографиялық көрсеткіштердің жақсаруы :өлім жітімнің азаюы,халықтың табиғи өсімінің өсуі<br>2.Нәрестелер өлім жітім көрсеткішінің төмендеуі<br>3.Кепілдендірілген медициналық көмек көлеміне тұрғындардың қолжетімділігінің артуы | **Әлсіз жақтары (W) :**<br>1.Тұрғындардың әлеуметтік маңызы бар аурулармен аурушаңдығының өсуі<br>2.Дәрігерлердің жетіспеушілігі<br>3.Көрсетілетін медициналық қызмет сапасының төмендігі |
| **Мүмкіндіктері (O) :**<br>1.Саланы қаржыландырудың өсуі,медициналық нысандардың салынуы, емдеу сауықтыру мекемелерінде күрделі жөндеу жұмыстарының жүруі<br>2.Қолданыстағы медициналық кадрларды ұстап қалуға және жас мамандарды тартуға бағытталған іс шаралардың жалғасуы | **Қауіптері (T) :**<br>1.Саланың жеткіліксіз қаржыландырылуы және оның кері әсерлері : медициналық жабдықтар мен медициналық мекемелер ғимараттарының тозуы , бұл ауруға шалдығуды уақтылы анықтауды және халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын төмендетеді |

Ауданның денсаулық сақтау саласының негізгі мәселелері :

- Ұрпақты болу жасындағы әйелдер мен балалардың денсаулық индексінің төмен болуы
- Нәрестелер өлім жітім көрсеткішінің жоғары болуы
- Халықтың әлеуметтік маңызы бар аурулармен сырқаттанушылығының жоғарғы деңгейде болуы : қатерлі ісік,туберкулез
- Кадр мәелелері
- Денсаулық сақтау мәселелерінде секторaралық келісілушіліктің төмен нәтиже беруі
- Тұрғындар тарапынан өз денсаулығына жауанкершіліктің жетімсіздігі
- Стратегиялық бөлім
- Денсаулық сақтау

Мақсаты : Аудан халқының денсаулығын нығайту

| Мақсатты индикаторлар | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | Жауапты орындаушы | Ақпарат дереккөзі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аналар өлім жітімін төмендету | - | - | - | - | - | - | - | Емдеу сауықтыру мекемелері | ОДБ ведомстволық есебі |
| Нәрестелер өлім жітімін төмендету, 1000 тірі туылғандарға шаққандағы саны ,промилле | 7,4 | 10,5 | 10,3 | 10,2 | 10,0 | 9,9 | 9,8 | Емдеу сауықтыру мекемелері | ОДБ ведомстволық есебі |
| Қатерлі ісік өлім жітімін төмендету 100 мың тұрғынға шаққандағы саны | 75,2 | 75,0 | 73,0 | 71,0 | 68,0 | 64,0 | 62,0 | Емдеу сауықтыру мекемелері | ОДБ ведомстволық есебі |
| 15-49 жас ерекшелігі тобындағы адамның иммун тапшылығы вирусының таралуы 100 мың тұрғынға шаққандағы саны % | 0,006 | 0,006 | 0,006 | 0,006 | 0,006 | 0,006 | 0,006 | Емдеу сауықтыру мекемелері | ОДБ ведомстволық есебі |

Мақсаттарға жету жолдары :

- Аналар мен балаларға көрсетілетін медициналық көмекті жетілдіру жолдары :
- Аналар өлім жітімін болдырмау жолдарын облыс мамандарымен бірлесе отырып шешу
- Аудандық емханада ересектер мен балаларға көрсетілетін медициналық реабилитация қызметін дамыту
- Ауданда аналарға көрсетілетін консультация диагностикалық қызметтің қолжетімділігін арттыру
- Аудандық емханада отбасын жоспарлау қызметінің белсенділігін арттыру
- Ауданның перзентхана және бала денсаулығына жауапты мекемелеріне жұмысқа жас мамандарды тарту және оларды аудан әкімі тарапынан берілетін әлеуметтік көмекпен, пәтермен қамтамасыз ету
- Әйелдерді босандыру технологиясын және жүкті әйелдерге шұғыл көмекті қарқынды жүргізу мақсатында аудандық орталық аурухананың перзентхана бөлімшесінде анестезиолог-реанимациялық палата ашу
- Аудандық емханада шалғай орналасқан елді мекендердегі әйелдерге көмек көрсететін дәрігерлік бригадалар құру

Туберкулезбен аурушаңдықты және оның таралуын төмендету жолдары :

- Туберкулезді ерте және дәл анықтау үшін диагностиканың инновациялық әдістерін қарқынды

қолдану (балалар арасында – диаскинтесті)

- Науқастарды адекватты химиотерапиямен қамтамасыз ету
- Туберкулездің ашық түрімен ауыратын емделуден бас тартқан науқастарды мәжбүрлі емге жіберу
- Туберкулезбен ауыратындарды аудан әкімінің әлеуметтік пакетімен қамтамасыз ету
- Туберкулез науқастарды инфекциялық статусына байланысты санаттарға бөліп емдеу

Онкологиялық аурулармен аурушаңдықты және өлім жітімді төмендету жолдары

Онкология саласының үйлестірушісі болып табылатын аудан онкологінің жұмысын жандандыру

Халықтың мақсатты топтарының арасында : сүт безі,жатыр мойыншасы,енек безі,тоқ ішек рагін ерте анықтауға жүргізілетін скринингтік тексерулердің сапасын арттыру

Аудандық емханаларды онколог және маммолог мамандарымен қамтамасыз ету

Аудандық емханаларда көзге көрінетін қатерлі ісіктерді және қатерлі ісікке әкелетін ауруларды ( тері рагі,қалқанша без рагі,енек рагі, тоқ ішек рагі) ерте анықтау мақсатында еркектерді тексеру кабинеттерін ашу

Аудандық емханалар мен ауылдық дәрігерлік амбулаториялар мамандарының онкопатология мен қатерлі ісікті ерте анықтауға білімдерін жетілдіру,қатерлі ісіктерге әкелетін ауруларды аудандық емханаларда емдеу

Адамның иммун тапшылығы вирусының таралуын төмендету жолдары :

Адамның иммунтапшылығы вирусы инфекциясының профилактикасы туралы халықтың, әсіресе жастардың,жүкті әйелдердің, еңбек мигранттарының арасында ағарту жұмыстарын жандандыру

Аудандық емхана психосоциальдық консультация қызметінің халықты адамның иммунтапшылығы вирусы инфекциясына ерікті тестілеуге мотивациялау мақсатындағы жұмыстарын жандандыру

Дәрігерлік кадр тапшылығын жою және оның біліктілігін көтермелеу жолдары :

- Кадрларды тұрақтандыру мақсатында пәтермен және аудан әкімі тарапынан берілетін әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету
- Қолданыстағы медициналық кадрларды ұстап қалуға және жас мамандарды тартуға бағытталған іс шаралардың жалғасуы
- Медициналық қызметкерлерді пәтермен қамтамасыз ету

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау

Қарақия ауданы бойынша 2014 жылда халық саны 33,2 мың адам. Оның ішінде экономикалық белсенді халық -17,4 мың адам. Белсенді емес халық саны 15,8 олар: мектеп оқушыларынан, зейнеркерлерден, үйде бала күтімімен отырған әйелдерден және денсаулығына байланысты мүгедектігінен жұмыс жасамайтындардан тұрады.

Қарақия ауданы бойынша 2012 жылдан 2014 жылға қарағанда экономикалық белсенді халық саны 9,4 пайызға өсті.

Аудандағы халықты жұмыспен қамту 2012 жылдан қарағанда 2014 жылда 7,8 пайыз көтерілді.

Еңбек делдалдығының негізгі индикаторы 1- кесте

| Еңбек делдалдығы бойынша индикаторлары | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| Экономикалық белсенді халық мың адам | 15,9 | 16,8 | 17,4 |
| Жұмыспен қамтылғандар мың адам., оның ішінде | 12,8 | 13,6 | 13,8 |
| Жалдамалы жұмысшылар мың адам. | 8,8 | 9,2 | 9,3 |
| Өзін-өзі қамтығандар мың адам | 4,0 | 4,4 | 4,5 |
| Жұмыссыздар саны мың адам. | 3,1 | 3,2 | 3,6 |
| Жұмыссыздық деңгейі, % | 19,5 | 19,05 | 20,7 |

Жұмыспен қамтылғандардың көпшілік бөлігі өндірістік және өнеркәсіптік мекемелерде қызмет жасайды. Бұдан басқасы төменгі жалақыдағы жұмыстарда жасайды, атап айтқанда бюджеттік мекемелерде (мемлекеттік басқару, білім саласы, денсаулық саласы, әлеуметтік салалар), сондай-ақ ауыл және балық шаруашылығында.

Жұмыспен қамту мақсатында жылына бөлімге 2000 адам хабарласады (2012 жылда -2179, 2013 жылда -1741, 2014 жылда-2558). Оның ішінде жұмыссыз жастар саны 958, әйелдер саны 1272.

Аудан көлемінде тұрақты жұмыс орындарына 2012 жылда 184 адам, 2013 жылда 152 адам, 2014 жылда 268 адам орналасты.

Әлеуметтік жұмыс орындарына 2012 жылда 200 адамға 26 816,0 мың.теңге төленді, 2013 жылға сәйкесінше - 225 адам 24 064,0 мың.теңге, 2014 жылда- 260 адам және 37 442,0 мың.теңге.

Жастар іс-тәжірибесіне қатысып 2012 жылда 55 жасқа- 6 767,0 мың.теңге, 2013 жылда 24 жасқа- 2 541,0 мың.теңге, 2014 жылда 62 жасқа- 5 837,0 мың.теңге төленді.

Қоғамдық жұмысқа қатысқандар 2012 жылда 187 адам 16 220,0 мың.теңге, 2013 жылда 108 адам 13 539,0 мың.теңге, 2014 жылда 95 адам 13 838,0 мың.теңге төленді.

Кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстарын аяқтаған адамдардың саны: 2012 жылда 45 адам- 1 000,0 мың.теңге, 2013 жылда 40 адамға- 1 000,0 мың.теңге, 2014 жылда 67 адам 4 525,0 мың. теңгеге оқыды.

Жұмыспен қамту шаралары бойынша 2- кесте

| Атауы | 2012 жыл | | 2013 жыл | | 2014 жыл | | 2014-2012 % | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны | сомасы | саны | сомасы | саны | сомасы | саны | сомасы |
| Әлеуметтік жұмыс орындары | 200 | 26816,0 | 225 | 24064,0 | 260 | 37442,0 | 1,3% | 1,4% |
| Жастар іс-тәжірибесі | 55 | 6767,0 | 24 | 2541,0 | 62 | 5837,0 | 1,1% | -0,8% |
| Қоғамдық жұмыс | 187 | 16220,0 | 108 | 13539,0 | 95 | 13838,0 | -50 % | -0,8% |
| Кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру | 45 | 1000,0 | 40 | 1000,0 | 67 | 4525,0 | 1,5% | 4,5% |

Халықты жұмыспен қамту мақсатында аудан көлемінде «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы іске асырылып жатыр.

І-бағыт бойынша: Инфрақұрылымды және тұрғын үй коммунальдық шаруашылығын дамыту арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша 2012 жылда қарастырылмаған. 2013 жылда 16 жоба қарастырылып-135 адамға 278 117,4 мың теңге, 2014 жылда 11 жоба қарастырылып- 83 адамға 231 322,8 мың теңге қаржы жұмсалды.

ІІ-бағыт бойынша: Ауылдағы жеке кәсіпкерлік бастаманы қолдау және тірек ауылдарды кешенді дамыту есебінен ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу арқылы жұмыс орындарын құру бойынша: 2012 жылы 20 адам, 2013 жылы 9 адам, 2014 жылы 13 адам кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқытылып, жеке ісін ұйымдастыру немесе кеңейтуге 2012 жылы 13 адамға 34 300,0 мың теңге, 2013 жылы 16 адамға 35 600,0 мың теңге, 2014 жылы 13 адамға 37 700,0 мың теңге көлемінде несие берілді. Нәтижесінде 49 жаңа жұмыс орны ашылды.

ІІІ-бағыт бойынша: Жұмыс берушінің нақты сұранысын есепке ала отырып, оқытып жұмысқа орналастыруға және қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша: 2012 жылы 42 адамға Маңғыстау облысының білім басқармасы арқылы төленген, 2013 жылы 52 адам 3 759,0 мың.теңге 2014 жылы 70 адам 8 627 мың. теңге.

Әлеуметтік жұмыс орындарына ішінара субъсидиялау жалақымен 2012 жылы 48 адам -6 292,0 мың теңге, 2013 жылы 106 адам 11 833,0 мың теңге, 2014 жылы 56 адам 7 307,0 мың теңге.

Жоғары және арнаулы оқу бітірген түлектерді 2012 жылы 76 жас 9 292,0 мың теңге, 2013 жылы 49 жас 5 359,0 мың теңге және 2014 жылы 28 жас 4 746,0 мың теңге игеріліп, «жастар іс-тәжірибесіне» жолданды.

«Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша 3-кесте

| Атауы | 2012 жыл | | 2013 жыл | | 2014 жыл | | 2014-2012 % | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Адам саны | қаражат | Адам саны | қаражат | Адам саны | қаражат | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| І-бағыт | | 0 | 0 | 135 | 278117,4 | 83 | 231322,8 | 0,6% | 0,8% |
| ІІ-бағыт | | 13 | 34300,0 | 16 | 35600,0 | 13 | 37700,0 | 1,0% | 1,1 % |
| ІІІ-бағыт | ӘЖО | 48 | 6292,0 | 106 | 11833,0 | 56 | 7307,0 | 1,2% | 1,2% |
| | ЖТ | 76 | 9292,0 | 49 | 5359,0 | 28 | 4746,0 | 0,4% | 0,5% |
| | Оқу | 42 | (МББ) | 52 | 3759,0 | 70 | 8627,0 | 1,3% | 2,3% |

**SWOT- жұмыспен қамту анализі**

| **Күшті жақтары (S):** | **Әлсіз жақтары (W):** |
|---|---|
| 1.Жаңа жұмыс орындарының ашылуы.<br>2. «Жұмыспен қамту Жол картасы 2020» бағдарламасы шарасында.<br>3.Әлеуметтік нысаналы топтарға субъсидия беру арқылы жұмыс орындарын ұстап қалу. | 1.Тұрақты жұмыс орындарының болмауы<br>2. Жұмыс орындарының қысқаруы<br>3. Жасырын жұмыссыздықтың болуы.<br>4.Мамандардың жетіспеу салдары. |
| **Мүмкіндіктер (О):** | **Қатер (Т) :** |
| 1.Тұрақты жұмыс орындарының ашылуы<br>2.Жұмыс берушінің  жоғары деңгейде жауапкершілікте болуы.<br>3.Сырттан келетін шет ел жұмысшыларының деңгейін төмендету.<br>4.Жұмысшылардың біліктілік деңгейін арттыру. | 1. Жұмыс орындарының қысқарулары салдарынан жұмыссыздық деңгейінің өсуі.<br>2. Еңбек ақылардың уақытылы төленбеу қаупі. |

Жұмыспен қамтудағы туындайтын мәселелердің себептері: Әлемдік мұнай деңгейінің төмендеуі, жұмыс көлемінің азаюына байланысты жұмыс орындарының қысқартылуы, сұраныстарға байланысты жұмыссыз болып тіркелгендердің мамандықтарының сәйкес болмауы.

«Халықты әлеуметтік қорғау»

«Атаулы әлеуметтік көмек» алушылар саны 2012 жылдан қарағанда 2014 жылда 2,3 пайызға өсті өйткені, Жетібай мен Мұнайшы ауылдары бойынша жұмыссыздар саны артты.

2012 жылы 59 отбасының- 283 мүшесіне 10 305,8 млн.теңге, 2013 жыл 67 отбасының 325 мүшесіне 12 014,9 млн.теңге, 2014 жыл 136 отбасының 710 мүшесіне 19 848,9 млн.теңге. тағайындалды.

«18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысына» 2012 жылы 37 отбасы 116 балаға -1 127,8 млн теңге,  2013 жыл 38 отбасының 112 баласына 1 363,8 млн теңге,  2014 жыл 141 отбасының 452 баласына 3 631,0 млн теңге тағайындалған.

Бір жолғы материалдық көмек 2012 жылда 107 адамға -3666,5 мың.теңге, 2013 жылда 28 адамға -1041,5 мың.теңге және 2014 жылда 186 адамға -9569,5 мың.теңге берілді.

Аз қамтылған, кедейшілік деңгейінен төмен және өмірлік қиын жағдай туындаған отбасыларға берілетін көмектер 2012-2014 жылдар арасы   4-кесте

| Атауы | **2012 жыл** | | **2013 жыл** | | **2014 жыл** | | **2014-2012 %** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны | сомасы | саны | сомасы | саны | сомасы | саны | сомасы |
| Атаулы әлеуметтік көмек | 59 | 10305,8 | 67 | 12014,9 | 136 | 19848,9 | 2,3% | 1,9% |
| 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысы | 37 | 1127,8 | 38 | 1363,8 | 141 | 3631,0 | 3,8% | 3,2% |
| Бір жолғы материалдық көмек | 107 | 3666,5 | 28 | 1041,5 | 186 | 9569,5 | 1,7% | 2,6% |

Мүмкіндігі шектеулі жандар міндетті гигиеналық және сурдо-тифло құралдармен және емдеу-сауықтыру орындарымен қамтамасыз етіледі.

Мектеп жасындағы «мүмкіндігі шектеулі балаларды» үйден оқыту үшін 2012 жылы-21 балаға 2014,4 млн.теңге, 2013 жылы - 23 балаға 2423,4 млн теңге, 2014 жылы- 21 балаға 2278,6 млн.теңге төленді.

Әлеуметтік инфрақұрылымдар бойынша 2014 жылда 9 нысан (пандус) салынып 6 320,0 млн.теңге қаражат жұмсалды.

Бөлімде мүгедектерге «Инватакси» қызмет көрсетеді және I - топтағы «мүмкіндігі шектеулі азаматтарға» «Жеке оңалту бағдарламалары» арқылы жеке көмекшілер қарастырылған.

Бөлімде мүмкіндігі шектеулі балаларды қарайтын 9 әлеуметтік қызметкер және жалғызілікті қарттар мен мүгедектерге көмектесетін 7 әлеуметтік қызметкер жұмыс жасайды.

Мүгедек балаларды үйден оқытуға және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету. 5 -кесте

| Атауы | 2012 жыл | | 2013 жыл | | 2014 жыл | | 2014-2012% | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны<br>сомасы | | саны<br>сомасы | | саны<br>сомасы | | саны<br>сомасы | |
| Гигиена құралдары | 83 | 2471,0 | 87 | 2172,0 | 97 | 3394,0 | 1,2% | 1,4% |
| Балаларды үйден оқыту | 21 | 2014,4 | 23 | 2423,4 | 21 | 2278,6 | 0,1% | 1,1% |

Ауылдық, елді-мекендерде бюджеттік салада жұмыс істейтін мамандарға отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек 6-кесте

| Атауы | 2012 жыл | | 2013 жыл | | 2014 жыл | | 2014-2012% | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны | сомасы | саны | сомасы | саны | сомасы | саны | сомасы |
| Мамандарға отын сатып алу | 1395 | 16879,5 | 1461 | 17678,1 | 1487 | 17992,7 | 1,1% | 1,1% |

**SWOT- Әлеуметтік бағдарламалар анализі**

| | |
|---|---|
| **Күшті жақтары (S):**<br>«Аз қамтылған отбасыларға» берілетін көмектер.<br>Арбадағы мүгедектер кіретін пандустардың болуы.<br>«Инватаксидің» жұмыс жасауы. «Жеке көмекшілердің» болуы.<br>Мүгедектерге беретін гигиеналық құралдар санының өсуі. | **Әлсіз жақтары (W):**<br>Күнкөріс деңгейінің жоғары болуы.<br>Аз қамтамасыз етілген отбасылар санының өсуі, ішкі және сыртқы халық санының көбеюінен.<br>Мүмкіндігі шектеулі балаларға «оңалту орталықтарын» және спорт кешенін болмауы. |
| **Мүмкіндіктер (O):**<br>«Оңалту орталықтарының» ашылуы.<br>Мүгедектерге спорт кешенінің ашылуы. | **Қатер (T) :**<br>Жұмыс орындарының қысқаруына байланысты аз қамтамасыз етілген отбасылардың көбеюі. |

Халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі мәселелері;

Мұнайгаз өндіруші өнеркәсіптің тапқан табысымен бюджеттік салада жасайтындардың табысының үлкен айырмашылығынан аймақта күнкөріс деңгейінің жоғары болуы.

**Мәдениет, дене шынықтыру және спорт, туризм**

Ауданда мәдениет пен өнер саласының екпінді дамуы, мәдениет туындыларына қол жетімділікті қамтамасыз ету, жастардың шығармашылық қабілетін арттырып, өнерге баулу, өнердің озық үлгілерін насихаттау бағытында 15 ұйым халыққа мәдени қызмет көрсетеді. Олардың ішінде: Қарақия ауданы бойынша аудандық «Мәдениет үйі»-1, (ауылдық «Мәдениет үйі»-4 (Жетібай, Мұнайшы, Сенек, Бостан), Аққұдық селолық клубы-1 және 9 кітапхана (Аудандық орталық кітапхана, Құрық балалар кітапханасы, Жетібай орталық кітапханасы, Жетібай балалар кітапханасы, Мұнайшы, Бостан, Сенек, Құланды және Аққұдық кітапханалары).

Аудандық мәдениет саласындағы қызмет бойынша негізгі көрсеткіштер 1-ші кестеде келтірілген.

Кесте 1- Мәдениет саласындағы қызмет бойынша негізгі көрсеткіштер

| № | Көрсеткіштер | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2014 жыл 2012 жылмен салыстырғанда, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мәдениет ұйымдарына 1000 адамға шаққандағы келушілердің орташа саны (мәдениет үйі) | 561 | 678 | 634 | 113% |
| 2 | Мәдени шаралар саны (мәдениет үйінің жоспары бойынша) | 287 | 306 (4 шара жоспардан тыс өткізілді) | 302 | 105% |
| 3 | Көрермендер саны | 185019 | 223874 | 209095 | 113% |

2013-2014 жылдармен салыстырғанда 4 шарамен азайып отыр. Себебі ауданда жоспардан тыс мәдени шаралар өткізіліп, сол себептен көрсеткіш саны артып отыр.

Аудандық мәдениет үйлерінде құрылған үйірмелер саны 2014 жылы 60 үйірме – 1061 мүше (2012 жылы 52 үйірме - 875 мүше). Мысалы ретінде «Қарақия аудандық Мәдениет үйінде» ән, домбыра, қолөнер, гитара, жас ақындар, шахмат үйірмесі, фото сурет үйірмесі және Драма ұжымы, Хор ұжымы, «Қазыналы Қарақия» фольклорлық ансамбль, Әжелер ансамблі, «Ерке нұр» вокалды топ, «Жауқазын» бишілер ансамблі, «Таудай» әзіл сықақ ұжымы жұмыс жасайды.

2012 жылы аудандық мәдениет үйіне жергілікті бюджеттен материалдық-техникалық базыға нығайтуға 471,0 мың теңге бөлінген болса, 2014 жылы 12 млн 343 мың теңге бөлініп, соңғы 3 жылда қаржы көлемі 11 есеге өскен.

Қарақия ауданында бірнеше шығармашылық топтар қызмет атқарады, соның ішінде Халықтық «Жетібай сазы» фольклорлық ансамблі және Халықтық «Ерке нұр» вокалды тобы. Жетібай сазы ансамбльдің көркемдік жетекшісі Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткері Орын Құлсариев. Ансамбль 2011 жылы халықтық атаққа ие болды. 2014 жылы фольклорлық ансамблдің репертуарларында 60 шығарма болды (2012 жылы-20). «Ерке Нұр» вокалды тобы 2014 жылы халықтық атаққа ие болды.

Халықтық Жакуповтар жанұялық ансамблі Мұнайшы Мәдениет үйінің жанынан құрылды. Жанұялық ансамблдің жетекшісі Талғат Жакупов. Жакуповтар жанұялық ансамблі 2014 жылы халықтық атаққа ие болды.

Халықтық «Алтыбақан» ән-би ансамблі Сенек селолық Мәдениет үйінің жанынан 2010 жылы ашылды. Ансамблдің жетекшісі Жайнагул Жұбанова Сенек селолық Мәдениет үйінің әдіскері. «Алтыбақан» ән- би ансамблі 2014 жылы халықтық атаққа ие болды.

Жалпы аудан тұрғындарына 9 кітапхана қызмет көрсетеді. Олардың ішінде аудандық орталық кітапхана және Жетібай орталық кітапханасында интернет желісімен қамтылған. Аудан орталығында заманға сай кітапхана ғимаратының құрылысының жобалық сметалық құжаттары жасалуда.

Орталықтанған кітапханалар жүйесінде өте үлкен ақпараттық, рухани, өнегелік қорлар жинақталып сақталуда. Кітапханалар жүйесінің кітап қоры 2014 жылы 154366 дана (76012 данасы – қазақ тілінде). 2014 жылды 2012 жылмен салыстырғанда жалпы кітап қоры 13810 бірлікке немесе 9,82%, ал қазақ тіліндегі әдебиеттер саны 2953 бірлікке немесе 12,8 % өскен.

Оқырмандар саны 2014 жылы - 12267 болды (2012 жылы-11346, өсу қарқыны – 8%). Оқырмандардың келу саны 2012 жылы - 90442, 2014 жылы-97138 адамды құрайды.

Қазіргі таңда аудандық орталық кітапхана «Раббис» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп, кітапхана қорындағы кітаптар мен жаңадан келіп түскен кітаптар осы бағдарламаға енгізілуде.

Қарақия ауданы бойынша республикалық деңгейде қорғауға алынған ескерткіштер саны-5. Олар: Бекет-Ата жер асты мешіті, Қызылсу қорымы, Сенек қорымы, Шопан-Ата қорымы, Қырғын қорымы.

Жергілікті дәрежеде мемлекеттік қорғауға алынған ескерткіштер саны 56, олардың негізгі деген 26-сына қоғамдық қамқоршылық бекітіліп, жауапты мекемелерге жүктелді.Осы бағытта бұларда ауқымды іс-шаралар атқаруда. Осы орайда мезгілді тазалау жұмыстары жүргізіліп, атқарылған жұмыстары туралы аудандық мәслихат сессиясында, аудан әкімдігінің мәжілісінде талқыланып жауапты адамдар есеп беріп отыр.

Ауданның мәдени ошақтарын кадрлармен толықтыру керек. Себебі кадрлардың жалақысы төмен, баспанамен қамтамасыз ету керек. Сол себепті «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жұмыстану, олардың жалақысын көтеру. Маман кадрларды республикалық, білім жетілдіру курстарына жіберуге жағдай жасау керек.

**SWOT анализ**

| Күшті жақтары: | Әлсіз жақтары: |
|---|---|
| Демеуші мекемелердің көмегімен мәдени ошақтардың жабдықталуы;<br>Жылдан жылға кітапханалардың кітап қоры толықтырылып отырады;<br>Мәдени қызметкерлердің жаңа таланттарды ашу бағытындағы мүмкіндіктері артуда;<br>Жетібай орталық кітапханасында оқырмандарға «online» қолжетімді интернет жүйесі ашылды. | Кадрлар тапшылығы;<br>Ауылдық мәдениет ошақтарын материалдық- техникалық базасын жыл сайын толықтырып отыру;<br>Аудан орталығында заманға сай кітапхана ғимаратының жоқтығы. |

Ауданда мәдениет пен өнер саласының екпінді дамуы, мәдениет туындыларына қол жетімділікті қамтамасыз ету, жастардың шығармашылық қабілетін арттырып, өнерге баулу, өнердің озық үлгілерін насихаттау бағытында 15 ұйым халыққа мәдени қызмет көрсетеді. Олардың ішінде: Қарақия ауданы бойынша аудандық «Мәдениет үйі»-1, (ауылдық «Мәдениет үйі»-4 (Жетібай, Мұнайшы, Сенек, Бостан), Аққұдық селолық клубы-1 және 9 кітапхана (Аудандық орталық кітапхана, Құрық балалар кітапханасы, Жетібай орталық кітапханасы, Жетібай балалар кітапханасы, Мұнайшы, Бостан, Сенек, Құланды және Аққұдық кітапханалары).

Аудандық мәдениет саласындағы қызмет бойынша негізгі көрсеткіштер 1-ші кестеде келтірілген.

Кесте 1- Мәдениет саласындағы қызмет бойынша негізгі көрсеткіштер

| № | Көрсеткіштер | **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | **2014 жыл 2012 жылмен салыстырғанда, %** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мәдениет ұйымдарына 1000 адамға шаққандағы келушілердің орташа саны (мәдениет үйі) | 561 | 678 | 634 | 113% |
| 2 | Мәдени шаралар саны (мәдениет үйінің жоспары бойынша) | 287 | 306 (4 шара жоспардан тыс өткізілді) | 302 | 105% |
| 3 | Көрермендер саны | 185019 | 223874 | 209095 | 113% |

2013-2014 жылдармен салыстырғанда 4 шарамен азайып отыр. Себебі ауданда жоспардан тыс мәдени шаралар өткізіліп, сол себептен көрсеткіш саны артып отыр.

Аудандық мәдениет үйлерінде құрылған үйірмелер саны 2014 жылы 60 үйірме – 1061 мүше (2012 жылы 52 үйірме - 875 мүше). Мысалы ретінде «Қарақия аудандық Мәдениет үйінде» ән, домбыра, қолөнер, гитара, жас ақындар, шахмат үйірмесі, фото сурет үйірмесі және Драма ұжымы, Хор ұжымы, «Қазыналы Қарақия» фольклорлық ансамбль, Әжелер ансамблі, «Ерке нұр» вокалды топ, «Жауқазын» бишілер ансамблі, «Таудай» әзіл сықақ ұжымы жұмыс жасайды.

2012 жылы аудандық мәдениет үйіне жергілікті бюджеттен материалдық-техникалық базыға нығайтуға 471,0 мың теңге бөлінген болса, 2014 жылы 12 млн 343 мың теңге бөлініп, соңғы 3 жылда қаржы көлемі 11 есеге өскен.

Қарақия ауданында бірнеше шығармашылық топтар қызмет атқарады, соның ішінде Халықтық «Жетібай сазы» фольклорлық ансамблі және Халықтық «Ерке нұр» вокалды тобы. Жетібай сазы ансамбльдің көркемдік жетекшісі Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткері Орын Құлсариев. Ансамбль 2011 жылы халықтық атаққа ие болды. 2014 жылы фольклорлық ансамблдің репертуарларында 60 шығарма болды (2012 жылы-20). «Ерке Нұр» вокалды тобы 2014 жылы халықтық атаққа ие болды.

Халықтық Жакуповтар жанұялық ансамблі Мұнайшы Мәдениет үйінің жанынан құрылды. Жанұялық ансамблдің жетекшісі Талғат Жакупов. Жакуповтар жанұялық ансамблі 2014 жылы халықтық атаққа ие болды.

Халықтық «Алтыбақан» ән-би ансамблі Сенек селолық Мәдениет үйінің жанынан 2010 жылы ашылды. Ансамблдің жетекшісі Жайнагүл Жұбанова Сенек селолық Мәдениет үйінің әдіскері. «Алтыбақан» ән- би ансамблі 2014 жылы халықтық атаққа ие болды.

Жалпы аудан тұрғындарына 9 кітапхана қызмет көрсетеді. Олардың ішінде аудандық орталық кітапхана және Жетібай орталық кітапханасында интернет желісімен қамтылған. Аудан орталығында заманға сай кітапхана ғимаратының құрылысының жобалық сметалық құжаттары жасалуда.

Орталықтанған кітапханалар жүйесінде өте үлкен ақпараттық, рухани, өнегелік қорлар жинақталып сақталуда. Кітапханалар жүйесінің кітап қоры 2014 жылы 154366 дана (76012 данасы – қазақ тілінде). 2014

жылды 2012 жылмен салыстырғанда жалпы кітап қоры 13810 бірлікке немесе 9,82%, ал қазақ тіліндегі әдебиеттер саны 2953 бірлікке немесе 12,8 % өскен.

Оқырмандар саны 2014 жылы - 12267 болды (2012 жылы-11346, өсу қарқыны – 8%). Оқырмандардың келу саны 2012 жылы - 90442, 2014 жылы-97138 адамды құрайды.

Қазіргі таңда аудандық орталық кітапхана «Раббис» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп, кітапхана қорындағы кітаптар мен жаңадан келіп түскен кітаптар осы бағдарламаға енгізілуде.

Қарақия ауданы бойынша республикалық деңгейде қорғауға алынған ескерткіштер саны-5. Олар: Бекет-Ата жер асты мешіті, Қызылсу қорымы, Сенек қорымы, Шопан-Ата қорымы, Қырғын қорымы.

Жергілікті дәрежеде мемлекеттік қорғауға алынған ескерткіштер саны 56, олардың негізгі деген 26-сына қоғамдық қамқоршылық бекітіліп, жауапты мекемелерге жүктелді.Осы бағытта бұларда ауқымды іс-шаралар атқаруда. Осы орайда мезгілді тазалау жұмыстары жүргізіліп, атқарылған жұмыстары туралы аудандық мәслихат сессиясында, аудан әкімдігінің мәжілісінде талқыланып жауапты адамдар есеп беріп отыр.

Ауданның мәдени ошақтарын кадрлармен толықтыру керек. Себебі кадрлардың жалақысы төмен, баспанамен қамтамасыз ету керек. Сол себепті «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жұмыстану, олардың жалақысын көтеру. Маман кадрларды республикалық, білім жетілдіру курстарына жіберуге жағдай жасау керек.

**SWOT анализ**

| **Күшті жақтары:** | **Әлсіз жақтары:** |
|---|---|
| Демеуші мекемелердің көмегімен мәдени ошақтардың жабдықталуы;<br>Жылдан жылға кітапханалардың кітап қоры толықтырылып отырады;<br>Мәдени қызметкерлердің жаңа таланттарды ашу бағытындағы мүмкіндіктері артуда;<br>Жетібай орталық кітапханасында оқырмандарға «on-line» қолжетімді интернет жүйесі ашылды. | Кадрлар тапшылығы;<br>Ауылдық мәдениет ошақтарын материалдық-техникалық базасын жыл сайын толықтырып отыру;<br>Аудан орталығында заманға сай кітапхана ғимаратының жоқтығы. |
| **Мүмкіндіктер:** | **Қауіптері:** |
| Жас мамандардың жаңа легін ауылдық мәдени ошақтарға жұмысқа тарту;<br>«Жас келсе – іске» қағидатттарын басшылыққа алып, жұмысқа жаңашылдық енгізу;<br>Шығармашылық ұжымдар мен үйірмелердің санын арттыру. | Тұрғын үй мен қамтамасыз етілмеген жас мамандардың, қызметке тұрақтамауы;<br>Мәдениет саласы бойынша жалпы еңбек ақыларының аздығы;<br>Аталған саласының тиісті штатпен бірліктерімен қамтылмауы. |

**Негізгі мәселе:**

Білікті мамандардың жетіспеуі және кетуі;

Ауылдық мәдениет үйлерінде кітапхананы қоса алғанда интернет жүйесінің болмауы;

Материалдық-техникалық базаны нығайту (сахналық костюмдер, музыкалық аспаптар)

**Дене шынықтыру және спорт**

Ауданымызда дене тәрбиесі, бұқаралық спортты дамыту мен салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру мақсатындағы жұмыстар өз деңгейінде жылдан-жылға іске асып келеді.

Ауданымызда 2014 жылғы статистикалық есеп бойынша ауданымыздың спорт залдар саны 23, 1 стадион, 1 спорткомплекс және 2 жүзу бассейіні бар. Аудан бойынша тұрақты спортпен шұғылданушылар саны 7160 адам яғни аудан халқының 21.6 % құрайды.

Аудан әкімінің 2013 жылғы 11 ақпанында № 23 қаулысымен село әкімдеріне спорт жөніндегі әдіскер-нұсқаушы штаты беріліп, казіргі таңда бөлінген әдіскерлер өз елді мекендерінде аудандағы спорттық іс-шараларға ат салысып келеді.

2014-2015 оқу жылынан бастап аудан орталығы Құрық ауылының 20 оқушысы тұрақты түрде «Ерсай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бассейінінде жүзу үйірмесіне қатысады.

Кесте 1 – Тұрғындардың бұқаралық спортпен қамту

| Барлық жастағы тұрғындарды дене шынықтыру мен спортпен жүйелі шұғылданумен қамту | Көрсет-кіштер | 2012 | 2013 | 2014 | 2014 жыл 2012 жылмен салыстырғанда, % | Облыс бойынша (орташа есеппен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | %,<br>адам саны | 18,9<br>5190 | 20,2<br>6973 | 21,6<br>7160 | 6,5 | 21,4<br>128,6мың |

Ауданымызда 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және оның 1 филиалы жұмыс жасап тұр. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 12 спорт түрінен 70 топта 900 ге жуық бала тұрақты түрде спортпен айналысады.

Кесте 3 – Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің дамуы

| | жылы | 2012 | 2013 | 2014 | 2014 жыл 2012 жылмен салыстырғанда, % | Облыс бойынша (орташа есеппен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| БЖСМ саны | саны | 1 | 1 | 1 | 0 | 15 |
| БЖСМ да спортпен айналысатын балалар саны | адам | 646 | 894 | 900 | | 10590 |

Қазіргі таңда аудан жастары дене шынықтыру және спортпен айналысатын жастар саны артып ауданымызда спорт залдар саны жетіспеуде. Спорт түрлерінен ересектер арасында арнайы жаттықтырушылардың болмауынан спортшылар біліктілігін арттырып, жоғары жетістіктерден көріне алмауда. Осы қиындықтарды шешу үшін ең алдымен спорт залдар санын арттырып ауданымызда дамыған спорт түрлерінен атап айтар болсақ футбол, қазақ күресі және жеңіл атлетикадан федерациялар құрып, олардың дамуына жағдай жасау қажет.

**SWOT – анализ**

| **Күшті жақтары:** | **Әлсіз жақтары:** |
|---|---|
| Аудандық, облыстық және Республикалық деңгейде спорт түрлерінен дәстүрлі жарыстардың ұйымдастырылуы.<br>Аудан спортшыларының облыстық, Республикалық деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындар иеленуі. | Аудандық жарыстарды өткізуде қаржыландыру көлемінің аздығы;<br>Ауылдық жерлерде спорт залдардың аздығы;<br>Мекеме-кәсіпорындардың салауатты өмір салтын ұстанып, жергілікті деңгейдегі жарыстарға қатысуға белсенділік танытпауы;<br>Кешкілік уақытта ауыл жастарын жаттықтыратын штаттық жаттықтырушының болмауы; |
| **Мүмкіндіктер**<br>Халық санының артып спорт түрлері үйірмелеріне жастардың көптеп келуі;<br>Жаңа спорт залдар мен спорт алаңдарының салынуы; | **Қауіптер:**<br>Спортпен айналысушы жастардың өзінің спорттық деңгейін арттыруға, ықылас танытпауы; |

Дене шынықтыру және спорт саласының негізгі қиындықтары:

- Ауданымызда спорт обьектілерінің жетіспеушілігі;
- Спортшыларды дайындайтын білікті жаттықтырушылардың аздығы;
- Ересектер арасында штаттық жаттықтырушылардың болмауы;

Мемлекет басшысы өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің ерекше қамқорлығында болуы керек деп көрсетті. Осыған орай, қазіргі таңда біздің ауданымызда салауатты өмір салтын насихаттау барысындағы нақты жұмыстар кеңінен өріс алып, аудан жасөспірімдері мен жастары жоғары жетістіктерден көрінуде.

Ауданымыздың елді мекендеріне атап айтсақ Құланды, Сенек, Бостан елді мекендерінде салынатын спорт залдардың және Мұнайшы ауылына салынатын спорт кешенінің жобалық сметалық құжаттары мемлекеттік сараптамадан өтіп, 2017-2018 жылдары құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Ауданымызда дене тәрбиесі, бұқаралық спортты дамыту мен салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру мақсатындағы жұмыстар өз деңгейінде іске асып келеді.

Мақсат: Бұқаралық спорт және балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту.

| № | Мақсатты индикатор | Көр-сеткіш | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | Жауапты | Ақпарат көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Нақты | Бағалау | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | | |
| 1 | Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту | % | 21.6 | 22 | 23,6 | 25,2 | 26,8 | 28,4 | 30 | ҚАМДШ жСБ | ҚР МСМ ведомстволық есептілігі |
| 2 | Балалар мен жас өспірімдер жалпы санына қатысты 7 пен 18 жас аралығындабалалар-жас өспірімдер спорт мектептерінде және спорт клубында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жас өспірімдерді қамту | % | 900 | 900 | 920 | 950 | 980 | 1100 | 1154 | ҚАМДШ жСБ | ҚР МСМ ведомстволық есептілігі |

Мақсатқа жету жолдары:

- Салауатты өмір салтын насихаттау, аудан тұрғындары арасында көпшілік-спорттық жарыстар өткізу арқылы тұрғындарды дене шынықтыру және спортқа тарту;
- Облыстық, Республикалық жарыстарға аудан спортшыларын қатыстыру.
- Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін үйірмелер санын арттырып балаларды спортқа баулу.
- Спорт нысандарының құрылысын салу жұмыстарын жалғастыру.
- Спортшылардың кәсіби деңгейлерін арттыру.

**Туризм**

Қарақия ауданының туристік әлеуеті өте жоғары. Ауданымызда облыстық маңызы бар 31 тарихи ескерткіш болса оның ішінде 5 Республикалық маңызы бар тарихи мәдени ескерткіштер болып табылады. Аудан орталығы Құрық ауылының Каспий теңіз жағалауында орналасуы осы аймақта туризм саласын дамытуға жағдай жасайды. Алдағы уақытта салынып бітетін Құрық теңіз порты тек қана ауданымыз үшін емес облыс және Республикамыздың экономикасына оң әсерін беретіні сөзсіз. Елдер арасын жалғайтын Құрық теңіз портына жылына мыңдаған адам келіп кететінін ескерсек бұл аймақта бірнеше қонақ үйлер салынып туристер саны артып туризмнен түсетін кіріс көбейетінін байқауға болады. Сонымен қатар ауданымызда кеме жасау және кеме жөндеу зауыты Боржақты – Ерсай темір жолы, Түркіменстанмен шекаралас жатқан Қарақия ауданына қарасты Болашақ ауылында да мыңдаған жолаушы өтетін болады. Аудан аумағында орналасқан Бекет ата жер асты мешіті, Кендірлі демалыс орны, Үстірт қорығы, Тамшалы және Қарақия ойпаты туристер үшін қызықты орындар болып табылады.

Кесте - 1 2012 – 2014 жылдардағы туризм саласының дамуы

| Көрсеткіштің атауы | Көрсеткіш | 2012 | 2013 | 2014 | 2014 жыл 2012 жылмен салыстырғанда, % | Облыс бойынша (орташа есеппен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Орналастыру орындарының саны | Саны | 0 | 0 | 1 | | 55 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қонақ үйлердің бір уақытта толымдылығы | % | - | - | 35 | | 32,4 |
| Орналастыру орындарындарындағы көрсетілген қызметтердің мөлшері | Млн.теңге | 160,5 | 177,6 | 182,7 | | 5097,6 |
| Ішкі туризм бойынша келушілер саны | Адам | 7125 | 8986 | 9682 | | 20659 |
| Сыртқы туризм бойынша кетушілер саны | Адам | 4012 | 4552 | 5069 | | 4267 |

**SWOT – анализ**

| **Күшті жақтары:** | **Әлсіз жақтары:** |
|---|---|
| Кедерлі демалыс орнының салынуы;<br>Құрық теңіз порты жобасы қолдау тауып, құрылысының басталуы;<br>Бекет ата жер асты мешітіне келуші зиярат етушілердің көптігі; | Туристік орындардың шалғай орналасып, жүретін жолдардың нашарлығы;<br>Туристік ұйымдардың қызмет көрсету сапасының төмендігі және қызмет құнының жоғарылығы;<br>Кәсіпкерлердің туризм саласына қызығушылықтарының жоқтығы; |
| Мүмкіндіктер<br>Аумақ табиғатының көркемділігі;<br>Шет елдік инвесторларды тарту;<br>ЭКСПО 2017 көрмесі; | **Қауіптер:**<br>Туроператорлардың ішкі туризмге көңіл бөлмеуі;<br>Тұрғындар арасында сыртқы туризмнің танымалдылығының артуы; |

Туризм саласындағы түйінді мәселелер:

- Туризм саласына инвестицияның аздығы;
- Кәсіпкерлердің туризм саласына қызығушылық танытпауы;
- Туристік орындарға бару жолдарының сапасыздығы;

**Ішкі саясат**

**Ішкі саясат бөлімнің басым бағыты, ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық келісім.**

Саяси партиялармен өзара қарым-қатынас. Ауданда 2 саяси партияның филиалы тіркелген, «Нұр Отан» партиясы, «Ауыл халықтық-демократиялық патриоттық» партиясы. Халықтың басым бөлігі «Нұр Отан» партиясына мүше болып табылады. «Ауыл халықтық-демократиялық патриоттық» партиясы ауданымызда 2015 жылы құрылған болатын. (2012-2014 жылдыр аралығында тіркелген - 1 партия «Нұр Отан»).

ҮЕҰ-мен өзара қарым-қатынас.Үкіметтік емес ұйым саны – 3:

1) «Жігер мүгедектер спорт клубы» қоғамдық бірлестігі –мүгедектер арасында спорт пен дене тәрбиесін тарату;

2) «Рақым-Шапағат» қамқоршылық кеңесі, қоғамдық қоры;

3) «Ажар-ай» қоғамдық қоры.

Барлық қоғамдық қор қазіргі уақытта жұмыс істейді. 2012 жылмен салыстырғанда үкіметтік емес ұйымдардың саны өзгерген жоқ. 2012 жылы да үш Үкіметтік емес ұйым жұмыс жасады. Ауданда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 2012-2014 жылдар аралығында ҮЕҰ-мен ешқандай тапсырыс қаралмаған. 2016 жылы жоспарға енгізіліп, қаралуда.

Жастар бірлестігі. Ауданымызда «Жас Отан» жастар бірлестігі белсенді жұмыс атқарады. 2014 жылғы ақпарат бойынша «Жас Отанға» мүше жастар саны – 140. 2012 жылмен (50-дей жас) салыстырғанда 2,7 есеге өсті. Белсенді жастар өздерінің жыл сайынғы жоспары бойынша көптеген мәдени және спорттық іс-шаралар өткізеді және ат салыса қатысады. Мысалы: жалғыз басты қарттардың үйлеріне барып көмек көрсету, спорттық шаралар ұйымдастыру, сенбіліктер өткізу және т.б. Жастар арасында белсенділік аудан орталығы Құрық ауылы мен Жетібай ауылында байқалады.

Жастар саясаты. Жастар саясатының басты бағыты, ол жастар арасында белсенділікті арттыру, жұмысқа орналасуға көмек, жастармен кең көлемде іс-шаралар (форум, кездесу, дөңгелек үстел) өткізу. Осы бағытта ауданымызда 2012 жылы Жастар ресурстық орталығы құрылып, аудан және ауылдың белсенді жастарымен жұмыс жасап келеді. Жастар арасында Жастар ресурстық орталығы туралы жақсы пікір қалыптасқан, себебі жыл сайын Жастар ресурстық ортылығы аудан және ауыл жастарын біріктіре отырып, кең көлемде «Жастар, Спорт және Каспий күні» мерекелерінде, елді мекендерге барып концерттік бағдарлама көрсетеді.

Этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар. Ауданда ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту мақсатындаҚазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2013 жылғы24 қыркүйектегі №648 Жарлығымен діни экстремизм және терроризм мәселесі бойынша ақпараттық – насихаттау тобы (бұдан әрі - АНТ) құрылған болатын. Осы бойынша 2014 жылы ауданда 44 кездесу өтіп, 1324-ке жуық адам қатысты. 2013 жылы 3 кездесу өтіп 550-ге жуық адамды қамтыған болатын. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығы 2013 жылы шыққандықтан 2012 жылы кездесулер болған жоқ. (кесте 1)

Кесте 1 – Діни экстремизм және терроризм мәселесі бойынша өткен кездесулер

| № | Жылдар | Кездесу саны | Қатысқан адам саны |
|---|---|---|---|
| 1 | 2012 | - | - |
| 2 | 2013 | 3 | 550 |
| 3 | 2014 | 44 | 1324 |

Кездесу аудандағы 3 (Құрық, Жетібай, Мұнайшы) елді мекенде өтті. Атқарылған жұмыстар аудан әкімінің сайтында және «Қарақия» газетінде жарияланып тұрды. Ауданда 3 мешіт бар. Олар Құрық, Жетібай және Сенек елді мекендерінде орналасқан. Сонымен қатар Мұнайшы ауылында жаңа мешіттің құрылысы 2015 жылы басталды. Аудан әкімі жанында Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес жұмыс жасайды. Кеңес отырысы тоқсан сайын өткізіледі.

Ақпараттық саясат. Ауданымызда «Қарақия» газеті белсенді жұмыс атқарады. Газет аптасына 1 рет шығып тұрады (әрбір бейсенбі күні). 2012 жылы – 51 номер (таралымы-1000 дана), 2014 жылы – 62 номер (таралымы-900 дана). 2012 жылмен салыстырғанда жазылушылар саны төмен. Сонымен қатар ауданда болып жатырған жаңалықтар Аудан әкімінің ресми сайтында жарияланып тұрады. Сайт әр бір күн сайын жаңартылып тұрады.

Халықтың көңіл-күйін көтеру мақсатында ауданда көптеген концерттік мерекелер өткізіледі. Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы және Ардагерлер кеңесімен бірлесе кездесулер өткізіледі.

2012 – 2014 жылдар аралығында «Отау ТВ» Ұлттық арнасына халықтың 100%-ы қосылды. Өткен жылдармен салыстырғанда 2014 жылы аудан толықтай «Отау ТВ» - мен қамтылған болатын. «Отау ТВ» қосылған халықтың үлесі 2012 жылы - 30%, 2013 - 54%, 2014 - 100% құрады. Ауданымызда «Отау ТВ» арқылы 21-ге жуық ұлттық арна таратылады: Казахстан, Kazsport, Балапан, Хабар, Kazakh TV, Білім және Мәдениет, 24 KZ, Астана, 7 Kazakhstan, Таң, Алматы, Асыл арна және т.б.

**Саланы дамыту бойныша SWOT талдау:**

| **Жағымды жақтары** | **Жағымсыз жақтары** |
|---|---|
| Ауданда дәстүрлі дінді насихаттауға оңтайлы, ақпараттық насихаттау топтарына мешіт имамдары қатыстырылып, жүйелі жұмыстар жүргізілді;<br>Аудандағы саяси ахуалды тұрақты ұстау үшін мониторинг жүргізіледі;<br>Мемлекеттік тапсырыстарды орындау бағытында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру үшін ҮЕҰ-дар тартылды.<br>2012 жылы Жастар ресурстық орталығы құрылып, аудан және ауылдың белсенді жастарымен жұмыс жасап келеді.<br>«Жас Отанға» мүше жастар саны – 140. 2012 жылмен (50-дей жас) салыстырғанда 2,7 есеге өсті. | Аудан бойынша діни сауат ашу үшін теолог мамандардың қажеттілігі;<br>Экономикалық дағдарысқа байланысты қоғамдық саяси жағдайдың төмендеуі;<br>Мемлекеттік әлеуметтіктапсырыстың болмауы. |
| **Мүмкіндіктер** | **Қауіптер** |
| Аудан жастарын имандылыққа тәрбиелеу;<br>Елді мекендерде үкіметтік емес секторларды одан әрі дамыту;<br>ҮЕҰ-мен бірге мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру. | Басқа діни ағымдардың әсері;<br>Елді мекендердің алыс орналасуы;<br>Жұмыссыз жастардың көбеюі. |

**Проблемалар:**

- Ауданда діни сауаты бар мамандардың жетіспеушілігі.
- Экономикалық дағдарыс кезінде жастардың жұмыссыздығының артуы, қылмыстың көбеюі.
- Басқа діни ағымдарға жастардың еліктеушілігі.

Ауданның саяси ахуалы тұрақты деңгейде. Қазіргі таңда Ішкі саясат саласындағы өзекті проблемалардың бірі билік органдары мен ҮЕҰ-дың, БАҚ-ның арасындағы өзара қатынас болып отыр. Мемлекеттік әлеуметтік және ақпараттық тапсырыстың тиімділігін арттыру үшін, барлық мемлекеттік органдардың ҮЕҰ және БАҚ-мен қарым-қатынасты жақсарту бағытындағы методикалық әдістмелік құралдар дайындау қажет. Жыл сайын әлеуметтік және ақпараттық тапсырыстардың басыңқы бағыттары айқындалып отыру керек.

Мақсаты: Мемлекеттік саясатты іске асыру және аймақтағы әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

| № | Көрсеткіштердің атауы, көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2014 нақты | 2015 бағасы | 2016 жоспар | 2017 жоспар | 2018 жоспар | 2019 жоспар | 2020 жоспар | Жауапты мекеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1. | <u>Мақсатты индекаторлар:</u> Этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты оң бағалайтын халықтың үлесі | % | 79 | 80 | 81 | 82 | 83 | 84 | 85 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |
| 2. | Азаматтық қоғам қызметін оң бағалайтын халықтың үлесі | % | 36,5 | 37 | 38 | 39 | 40 | 42 | 42 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |
| 3. | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобаларды іске асыруға тартылған ҮЕҰ саны | Ө.б. | - | - | Факт бойынша анықталады | | | | | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |
| 4. | Қазақстан Республикасы Конституциясының негізін нақтылау және ілгерілетуге бағытталған іс-шараларда қамтылған азаматтардың үлесі | % | 24 | 30 | 36 | 40 | 43 | 45 | 46 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |
| 5. | Мемлекет тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған іс-шараларда қамтылған азаматтардың үлесі | % | 40 | 42 | 45 | 47 | 49 | 52 | 53 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |

Ауданда ұлтаралық және дінаралық келісімді сақтау мен нығайту үшін қолайлы жағдай жасау.

- мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бағыты бойынша мемлекеттік тапсырыстарды орындау үшін бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы.

- ҮЕҰ арқылы төзімділік пен ұлтаралық және конфессияаралық келісім құндылықтарын насихаттау.

- Гендерлік теңдікті ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар өткізу,
қоғамдағы әйелдердің рөлін отбасы құндылықтарын насихаттау;

- БАҚ-тың үйлесімді дамуына жәрдемдесу.

**Жастар саясаты**

Мақсаты: Жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау.

| № | Көрсеткіштердің атауы, көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2014 нақты | 2015 бағасы | 2016 жоспар | 2017 жоспар | 2018 жоспар | 2019 жоспар | 2020 жоспар | Жауапты мекеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1. | Мақсатты индекаторлар: Мемлекеттік жастар саясатын оң бағалайтын халықтың үлесі | % | 72 | 85 | 88 | 91 | 95 | 97 | 100 | Қарақия аудандық Жастар ресурстық орталығы |
| 2. | Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда жастардың қолдау деңгейі | % | 30 | 42 | 50 | 55 | 60 | 65 | 80 | Қарақия аудандық Жастар ресурстық орталығы |
| 3. | Мемлекеттік жастар саясатын түсіндіру бойынша қамтылған жастардың үлесі | % | 40 | 60 | 75 | 84 | 91 | 95 | 100 | Қарақия аудандық Жастар ресурстық орталығы |

Аудан жастарының белсенділігін арттыруға жағдай жасау.

- Ұлттық мүдденi, аймақтық жастар саясатының ерекшеліктерін және халықаралық тәжірибені ескере отырып, жастармен жұмыс жасаудың неғұрлым тиімді әдістерін пайдалану;
- Кең көлемде көптеген іс-шаралар өткізіп жастарды көптеп тарту.

Белгіленген мақсатқа қол жеткізу, бағдарламаның проблемасын шешу және тиісті шаралар қолдану.
Мемлекеттік органдармен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылдарын жақсарту:

- Жастар бірлестіктерінің қызметін бақылау;
- Жастар арасында салауатты өмір салтын және өз денсаулығының құндылықтарын алға жылжыту.

Мақсаттарға қол жеткізу жолдары:

1. 2015-2018 жылдарға арналған Қазақстан халқының ұлттық бірлігі Доктринасының негізгі көрсеткіштері бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру;
2. ҮЕҰ арқылы төзімділік пен ұлтаралық және дінаралық келісім құндылықтарын насихаттау;
3. «Қазақстан-2050» Стратегиясының даму басымдықтарын, Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан халқына Елбасының жыл сайынғы жолдауын (семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, ақпараттық материалдарын өндіру) түсіндіру және насихаттау негіздері;
4. Мемлекет тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған іс-шараларға түрлі санаттағы қазақстандық азаматтарды тарту;
5. Отбасы құндылықтарын насихаттау, қоғамдағы әйелдердің рөлін гендерлік теңдікті насихаттауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.
6. Аймақтарда халықтың патриоттық санасына әсер ететін факторлардың әлеуметтік-саяси ахуалдың әлеуметтік мониторинг жүргізу;
7. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу барысында мемлекеттік тапсырыстарды орындау үшін бұқаралық ақпарат құралдарын тарту;
8. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне қоғамның қанағаттану деңгейі, ҮЕҰ-дың қызметін БАҚ-та жариялау;
9. Әлеуметтік жобаларды іске асыруда ҮЕҰ қызметін жандандыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлеу;
10. Бес институционалдық реформа аясында Елбасының Ұлт жоспары – 100 нақты қадам бағдарламасын іске асыру;
11. Қадам 87 - азаматтық бірегейлікті нығайту, «Менің Елім» ұлттық жобаны әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
12. Қадам 89 - «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
13. 2015 жылғы 30 қарашадағы Елбасының «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа жолдауы бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлеу;
14. Жастарды еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға тәрбиелеу;
15. Жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

**Тілдерді дамыту**

Қарақия ауданында тілдерді дамыту саласы өңірдегі ұлттық бірегейлік пен ұлтаралық келісімді, өзге ұлттармен қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Жұмыстар мемлекеттік тілдің беделін арттыру, басқа да тілдерді үйренуге жағдай жасау, тілді үйренуге ынталандыру мақсатында жасалып келеді.

Қарақия ауданында 2014 жылы халық саны 33,360 адамды құрады, 2012 жылмен (31,340) салыстырғанда 2020 адамға өсті.Халықтың 99,9%-ын қазақтар құрайды. 2014 жылғы ақпарат бойынша халықтың 100%-ы мемлекеттік тілде сөйлей алады. Сонымен қатар 80%-ы орыс тілінде және 2,1%-ы ағылшын тілінде сөйлей алады(кесте 1).

Кесте 1 - Аудан бойынша2012-2014 жылдар аралығындаүш тілді меңгергенхалықтың үлесі (%)

| | 2012 | | | 2013 | | | 2014 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақ тілі | Орыс тілі | Ағылшын тілі | Қазақ тілі | Орыс тілі | Ағылшын тілі | Қазақ тілі | Орыс тілі | Ағылшын тілі |
| Қарақия ауданы | 100% | 70% | 1,5% | 100% | 75% | 2% | 100% | 80% | 2,1% |

Тілдерді оқыту инфрақұрылымын дамыту.2014 жылғы ақпарат бойынша ауданда 1 арнаулы орта оқу орны, 16 орта мектеп және 17 балабақша жұмыс жасайды. Барлықбалабақшалар мен мектептерде білім жүйесі қазақ тілінде жүреді, сонымен қатар орыс тілін үйрету 16 мектеп пен17 балабақшада, ал ағылшын тілін үйрету 15 мектеп пен 5 балабақшадажүргізіледі.1 орта мектеп (Аққұдық орта мектебі) аудан орталығынан алыс орналасқан және ағылшын тілі пәні мұғалімі жетіспейді. 2012 жылмен салыстырғанда әлдеқандай жетістіктер байқалады. 2012 жылы 12 мектеп және 11 балабақша жұмыс істеді. Орыс және ағылшын тілдерін үйрету 12 мектеп 1 балабақшада жүргізіліп отырды.

Мектептерде тілді дамытуға байланысты көптеген іс-шаралар мен мектеп аралық жарыстар өтеді. Өткен жылдармен салыстырғанда оқушылардың басқа тілді үйренуге деген бағыттары жақсаруда.

Ауданда шет тілдерді үйрететін мемлекеттік орталықтар жоқ. Жеке кәсіпкердің белсенділігімен 2 елді (Жетібай, Мұнайшы ауылдарында) мекенде орыс және ағылшын тілін үйрету курстары ашылды. Оқыту курс 2014 жылдың қыркүйекайынан бастап жұмыс істейді. Тілдерді оқыту курсы айына 50-60 адамды қамтиды. Курсқа мектеп оқушылары мен қатар мемлекеттік қызметшілерде, ірі компания қызметкерлеріде қатысады. Болашақта аудан орталығы Құрық ауылында тілдерді оқыту орталығынашу жоспарлануда.

Тіл туралы заңнамаға сәйкес жүргізілген мониторинг.Елді мекендерде ақпарат және жарнамаларды тексеру Қазақстан Республикасының«Тіл туралы» заңының талаптары сақтала отырып жүргізілді.Ауданда 2012 – 2014 жылдар аралығында 221-ге жуық билборд дайындалды (диаграмма – 1).

Диаграмма 1 - Ауданда 2012-2014жылдар аралығында дайындалған билбордтар саны




Олардың барлығы Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының талаптарына сәйкес (100%) қазақ тілінде жазылған.2014 жылы ҚР «Тіл туралы» заңы талаптарының орындалысын тексерубойынша мекеме мен мектептерге рейд жүргізілді. Жұмыс барысында 20 мемлекеттік мекеме және 5 мектептің маңдайшалары тексерілді. Тексеріс барысында ешқандай заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ономастика саласы бойынша.Ауданда ономастикалық комиссия жоқ. 2012-2014 жылдар аралығында 3 көшеге (Құрық ауылында 2 көше, Жетібай ауылында 1 көше) және 1 мектепке (Жетібай ауылында 1 мектеп) Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімін беру жөнінде облыстық ономастикалық комиссияға ұсыныс жіберілді.

Хат алмасудың қазақ тілінде дамуы. Мекемеге келіп түсетін кіріс хаттардың 98%-ы қазақ тілінде, ал 2%-ы (Хаттамалар, кейбір ҮЕҰ-дан түсетін хаттар) орыс тілінде. Шығыс құжаттар 100% қазақ тілінде жауап беріледі.

Тілдік ортаны қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. Қарақия аудан әкімінің ресми сайтында аудандағы өткен іс-шаралар күн сайын мемлекеттік және орыс тілінде жарияланып тұрады. Сонымен қатар БАҚ мекемелерінен ауданда «Қарақия» газеті 100% қазақ тілінде жарық көреді. 2012-2014 жылдар аралығында 20-ға жуық тілге байланысты мақала жарық көрді.

**Саланы дамыту бойныша SWOTталдау:**

| **Жағымды жақтары** | **Жағымсыз жақтар** |
|---|---|
| **-** Тілдерді үйренуге бағытталған орталықтардың ашыла бастауы;<br>**-** Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілин еркін меңгеруі. | - Қоғамда әлі де болса қазақ тілі мәртебесін көтеруге байланысты жұмыстардың аздығы;<br>- Тіл оқыту орталықтарының әлі де болса жетіспеушілігі;<br>- Үш тілді меңгерген халықтың үлесінің аздығы;<br>- Мектеп бітірген оқушылардың орыс және ағылшын тілин тиисті деңгейде меңгере алмауы. |
| **Мүмкіндіктер** | **Қауіптер** |
| **-** ҮЕҰ-ды тарту арқылы ағылшын тілин үйретуметодикасынансеминарлар ұйымдастыру. | **-**Дағдарысқа байланысты тіл мәселесі бойынша өтетін шараларды қаржыландыру мәселесі;<br>- Шетел мәдениетінің жастар арасында кең таралуынан мемлекеттік тілдің грамматикалық жағынан әлсіреуі. |

**Проблемалар:**

1. Тіл оқыту орталықтарының аздығы;
2. Тіл үйрететін мамандардың жетіспеушілігі;
3. Аудандық деңгейде Үштұғырлы тілді дамыту бойынша мектептерден тыс іс-шаралардың аздығы;
4. Аудандық кітапханалардың негізіндеақпараттық технологияларды пайдалана отырып тілдердіоқытуға мүмкіндік пайдаланылмайды.

Тілдерді дамыту – аудандағы мемлекеттік саясаттың аса өзекті бағыттарының бірі. 2014 жылғы ақпарат бойынша аудан тұрғындарының 100%-ы мемлекеттік тілде, 80%-ы орыс тілінде және 2,1%-ы ағылшын тілінде сөйлей алады.

Дегенменде, тілдерді дамыту саласындағы өзекті мәселеле болып отырған шетел тілдерін үйретуге бағытталған мемлекеттік орталықтардың болмауы. Және шетел мәдениетінің жастар арасында кең тарауына байланысты мемлекеттік тілдің грамматикалық жағынан әлсіреуі үлкен бір мәселе болып отыр. Ол үшін мемлекеттік тілді насихаттайтын көптеген іс-шаралар өткізу керек.

**Тілдерді дамыту**

Мақсаты: Қазақстан халықтарының тілдері ретінде мемлекеттік тілді дамыту және Үш тұғырлы тілді жетілдіру.

| № | Көрсеткіштердің атауы, көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2014 нақты | 2015 бағалау | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | Жауапты мекеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1. | **Мақсатты индекаторлар:**<br>Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардыың үлесі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | Орыс тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі | % | 80 | 84 | 88 | 90 | 91 | 93 | 95 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |
| 3. | Ағылшын тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі | % | 2,1 | 2,3 | 2,7 | 3,2 | 3,5 | 3,6 | 3,8 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |
| 4. | Үш тілді (мемлекеттік тіл, орыс тіл және ағылшын тілі) меңгерген ересек тұрғындардың үлесі | % | 2,1 | 2,3 | 2,7 | 3,2 | 3,5 | 3,6 | 3,8 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |
| 5. | Тілдерді дамыту бойынша өткізілген шаралар жиынтығы(мектепішілік, мектепаралық) | саны | 10 | 11 | 14 | 15 | 16 | 17 | 19 | Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі |

**Ауданда тілдерді дамытуға, үш тілді меңгеруге жағдай жасау:**

- Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге байланысты жұмыстарды жалғастыру;
- Үш тұғырлы тілді оқыту инфрақұрылымын дамыту;
- Тіл үйрететін мамандар тарту;
- Тіл оқу орындарында тілді оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту;
- Аудандық кітапханалардың негізінде Интернет арқылы тілдерді оқыту үшін ақпараттық технологияларды пайдалану;
- Тілдерді дамыту бойынша жұмыстарға БАҚ-тың жәрдемдесуі;
- Тіл туралы заңнамаға сәйкес мониторинг жүргізу;
- Тілдік ортаны қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарын тиімді пайдалану;
- Қоғамдық қауіпсіздік

Мақсаты: Қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп

| № | | Мақсатты индикаторлар / көрсеткіш нәтижелері | Өлшем бірл. | 2015 | 2020 |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоспар | |
| 22 | | Көшедегі қылмыстың үлестік салмағы | % | 3,5 | |
| | 22.1. | Көшедегі тонау қылмысының төмендеу деңгейі | % | 10 | |
| | 22.2. | Көшедегі бұзақылық қылмысының төмендеу деңгейі | % | 30 | |
| 23 | | Жол көлік оқиғасынан адам өлімінің төмендеуі | | 20 | |
| | 23.1 | Жол - көлік оқиғасы саны ( 10 мың автокөлік бірлігі) | 10 мың бірлік. автокөлік % | 55 | |

Қарақия аудандық Ішкі істер бөлімінде (әрі қарай АІІб) 2012-2014 жылы құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіруге, қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын алуға, заңсыздықты болдырмауға және қоғамдық орындар мен көшеде қоғамдық тәртіпті нығайтуға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүргізілді.

Ауданымызда қылмыспен құқық бұзушылықтың және қоғамдық орындар мен көшеде болатын қылмыстардың алдын алуға бағытталған «Құқықтық тәртіп», «Оқу», «Мигрант», «Есеп», «Автобус», «Түнгі қаладағы балалар», «Қару», «Денсаулық», «Жасөспірім» және т.б. рейдтік іс-шараларға барлық қоғамдық бірлестіктер, мекемелер мен ұйымдар қатыстырылды.

1-кесте. Облысымыздың басқа аудандармен қылмыстың тіркелу көрсеткішінің салыстырмалы динамикасы

| | барлық тіркелген қылмыс | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл 9 ай |
|---|---|---|---|---|---|
| Қарақия ауданы | 823 | 172 | 280 | 173 | 198 |
| Маңғыстау ауданы | 744 | 129 | 224 | 226 | 165 |
| Түпқараған ауданы | 690 | 112 | 218 | 208 | 152 |
| Бейнеу ауданы | 800 | 144 | 173 | 214 | 269 |
| Мұнайлы ауданы | 2219 | 303 | 556 | 704 | 656 |

2012 жылдың 12 айы ішінде қоғамдық орында және көшеде орын алған қылмыстарды 2014 жылдың 12 айымен салыстырғанда, қоғамдық орындағы қылмыс 13,1% ( 5 дерекке, 38 -ден 33 -ке) және көшедегі қылмыс 36,0 % (16 дерекке, 25 -тен 9 -ға) дейін төмендеген.

2012-2014 жылы атқарылған профилактикалық шаралардың нәтижесінде жалпы аудан бойынша криминогендік жағдайды тұрақтандыруда және қылмыстың ауыр түрлерін 21,7% төмендетуге ( 18 дерекке, 23 –тен 5 – ке), ал қылмыстың ашылуын 2,4% жоғарлатуға ( 64,3% - дан 66,7% - ге) қол жеткізілді.

Аса ауыр түрлері 25% ( 3 дерекке, 4 –тен 1 – ге), төмендеп, қылмыстың ашылуын 50,0% жоғарлаған ( 50,0% - дан 100,0% - ға).

2-кесте. Қарақия АІІБ мен Маңғыстау ОІІД ауыр және аса ауыр қылмыстардың салыстырмалы динамикасы бойынша







Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың ең көп таралған түрі «Бұзақылық» қылмысының 2012 жылы 36 дерегі есепке алынған болса, 2014 жылы бұл санаттағы қылмысы 3 дерекке төмендеген.

«Тонау» баптары бойынша 2 дерекке, яғни 6 – дан 4 – ке төмендеген.

Жүргізілген профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде жасөспірімдермен жасалған қылмыс төмендеді. Мысалы 2012 жылы жасөспірімдермен жасалған қылмыс көрсеткішінің саны 75,0%-ды құраса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 42,9% -ға дейін төмендеді.

Қылмысты қудалауды жүзеге асырумен қатар, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жүйесін жаңарту, құқық бұзушылық профилактикасының жүйесін ашу. Сауда орындары мен дүкендерге міндетті түрде бейнебақылау камераларын орнату жөнінде мәселелер бірнеше рет көтерілді.

Қарақия аудандық ІІБ-де жол патрульдік полициясы қызметінің бірлігі болмағандықтан, жол патрульдік полициясына 6 /алты/ штаттық бірлікті енгізу қажеттігі туындап отыр.

Автопатрулдің санын, стационарлық және жылжымалы полиция бекетін көбейту, оларды біріздендірілген деректер базасына қосылған компьтерлік техникамен қамтамасыз етуді қарастыру қажет.

Меншікке қарсы ұрлық қылмыстарының профилактикасын, соның ішінде мал ұрлығына жол беретін мән жайларды болдырмау жөнінде жергілікті атқарушы органдармен және аудан тұрғындарымен тығыз қарым - қатынасты орнату.

Қоғамдық құрылымдардың құқық қорғау саласына белсене қатысуы. «Мектепшілік» полиция инспекторларының институтын одан әрі дамыту, ол оқушылар арасында қылмысты болдырмаудың профилактикасымен айналысады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан оралған адамдарды оңалту және жұмысқа орналастыру сұрақтары шешілмеген күйінде қалып отыр. Оларды жұмыспен қамту мақсатында мекеме орындарымен

жұмыс квотасын бөлу жөнінде мемарандуммен келісім-шарт жүргізу.

Ауданның тас жолдары апаттық жағдайы қиын жағдайда қалып отыр. Оның бірде-бір себептері жүргізушілердің тәртібінің төмен деңгейі және тас жолдардың талапқа сайкес келмегені салдарынан жол көлік оқиғаларының жоғарлауына әкеліп соқтырып отыр.

2012 жылы ішінде тас жолдарда 43 жол көлік оқиғасы тіркелді, соның салдарынан 14 адам қаза тауып, 73 адам дене жарақатын алған.

214 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда жол көлік оқиғасы - 3 дерекке, қаза тапқан адам саны -7 дерекке, ал дене жарақатын алғандар -2 дерекке өскен.

Жол көлік оқиғаларының себептері жүргізушілердің жол қозғалыс ережелерін өрескел бұзуы, атап айтқанда: қарама қарсы бағытқа шығу, жылдамдықты асырып айдау, қиылыс жолдарда жол қозғалыс ережесін бұзу және т.с.с.

Жол көлік оқиғаларын азайту мақсатында 48 ден астам «Қауіпсіз жол», «Абайлаңыз, балалар!», «Абайлаңыз, жүргінші!», «Жолда қабылдау», «Автобус», «Жаяу жүргінші – сақ бол!», «Мас жүргізуші – қылмыскер!» жедел алдын-алу, сондай-ақ 420 тікелей бағытталған рейдтік іс-шаралары өткізілді.

Көлік тас жолдарына және оның ұйымдастырылуына қатысты түйінді мәселелер.

Қазіргі таңда авариялық қауіпті тас жолдар санатында республикалық маңызы бар Жетібай-Жаңаөзен тас жолының 115 – 145 км. аралығы, тас жолдың ені 6 метрді құрап, ауыр жол көлік оқиғасына салдарына әкеліп соқтырып отыр.

Жаңаөзен-Құланды 15 шақырымды құрайтын тас жолдың ені бар болғаны - 4 м.-ді, көрсетілген талапқа сай емес, осы жағдай жол-көлік оқиғасын туындадатын себептердің бірі болып табылады. 2012 жылы аталған тас жолда жол көлік оқиғасы салдарынан 4 адам қайтыс болып, 9 адам дене жарақатын алған.

Әкімшілікпен бірге және басқа да мүдделі мекемелермен көшедегі көлік жолдарына қарау жүргізіп, ені белгісіз тас жолдарды анықтап, кеңейту жұмыстарын жүргізуді қарау.

Жол қозғалысына қатысушылардың тәртібін арттыру мақсатында қазіргі заманауи техникалық құралдармен бақылау және жол қозғалысын реттеу қажет етеді.

Тәулік бойы қызмет атқаратын жол полиция экипажын 2-ден 6-ға дейін арттыру.

Жоғары аталған мәселелер шешілген жағдайда жол көлік оқиғалары жыл сайын 3-4% төмендетуге мүмкіншілік береді.

Аудандық ішкі істер органының алға қойған мақсатын жүзеге асыруға материалдық-техникамен қамтамасыз ету. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтайтын әкімшілік полиция қызметкерлерін, жол потрульдік полициясын.

**SWOT - сала дамуының жағдайын талдауы:**

**Күшті жақтары:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жандандыру мақсатында 2014-2016 жылдарға арналған облыстың басқа да құқық қорғау органдарымен бірлескен жоспары жасақталып бекітілді.

Азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғау және заңдылықтың сақталуына бақылауды күшейту жөніндегі тармақтар Бөлімнің іс-шара жоспарына енгізілді.

Құқық бұзушылықтың профилактикасы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысушы азаматтар мен мекемелермен бірлескен нысаны келісілді.

Қоғамдық орындар мен көшедегі шұғыл жағдайды тұрақтандыру үшін көше мен қоғамдық орындарға жедел профилактикалық іс шаралар жүргізілуде.

**Әлсіз жақтары:**

ІІО-да есепте тұрған мас күйінде және бұрын сотты болғандармен құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасының тиісті деңгейде жүргізілмеуі.

Қарақия аудандық ІІб-де жол потрульдік полиция штат бірлігінің қарастырылмауы.

Учаскелік полиция инспекторларының тірек пункттерімен қамтылмауы, бақылау жасайтын АІІБ басшылығына қосылған бейнекамералар және тиісті нормаларға сай автокөліктер мен байланыс құралдармен жабдықталмауы.

Қоғамның алдында полицияның жауапкершілігін арттыру, тұрғындармен тығыз қарым - қатынас және қоғамдық кеңес тарапынан полиция қызметінің жұмысына бақылаудың әлсіздігі.

Құрық және Жетібай селоларында нарколог дәрігерлерінің жоқ проблемасының шешілмеуі.

Адамдардың көп шоғырланатын орындарында, проблемасы бар жол қиылысында және Құрық пен Жетібай, Мұнайшы селоларына кіріп шығу жолдарында АІІБ кезекші бөліміне қосылған бейнекамералардың жоқтығы.

**Мүмкіндіктер:**

Қылмыс пен құқық бұзушылықтың жоғарлауы бойынша дер кезінде алдын алу шараларының жүргізілуі;

Құқық бұзушылық профилактика жүйелерін жаңарту;

Көше мен қоғамдық орындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу қалыпты жұмыс жүйесін одан әрі жетілдіру шараларын жүргізу;

**Қауіптері:**

Қылмыстық құқық бұзушылық санының тіркелуі салдарынан ауданның криминогендік жағдайының әлсіреуі.

Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша әкімшілік жаза ретінде қолданылған соттың қаулысымен әкімшілік қамауға алуға арналған арнайы қабылдағыш орындарының жоқтығы.

Қарақия аудандық ІІб-нің уақытша ұстау изоляторы талаптарға сай келмейді және күрделі жөндеуді талап етеді.

Адамның көп шоғырланатын жерлерінде бейнебақылаудың жоқтығы

## 3.3. бағыт бағдар. Қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп

2012-2014 жылдары учаскелік полиция инспекторларының жұмысы күшейтілді, қосымша учаскелік полиция инспектор көмекшісі және мектепшілік полиция инспектор штаттары енгізілді, олардың еңбек ақылары жоғарылады, алайда материалдық -техникалық жағдайы бұрынғы күйінде қалып отыр.

Тас жолдардағы жол көлік оқиғалары, қылмыс жасаған шетелдік азаматтарды құжаттандыру тағы басқа да проблемалық мәселелері шешілмеген күйінде қалып отыр. Осылардың негізінде жол көлік оқиғаларын және қылмыстың алдын алудың тиімділігін арттыру саясаты жүргізіліп отыр.

Мақсат 1: ауданның жол қозғалыс қауіпсіздігін және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету.

| № | Мақсатты индикаторлары | Бірлік өлшемі | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | Жауапты орындаушы | Ақпарат көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | факт | баға | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1 | Көшеде жасалған қылмыстың үлестік салмағы | % | 21,4 | 15,0 | 14,8 | 14,4 | 13,8 | 13,0 | 12,2 | АІІб | ҚР БП ҚСжАЕАК есебі |
| 2 | Жол көлік оқиғасынан 100 зардап шеккендерден қайтыс болғандардың төмендеуі | % | 45,6 | 25,7 | 24,2 | 22,5 | 20,6 | 18,5 | 16,6 | АІІб | ҚР БП ҚСжАЕАК есебі |
| 3 | Жасөспірімдермен жасалған қылмыстың үлестік салмағы | % | 2,9 | 0,9 | 1,5 | 1,2 | 1,0 | 0,8 | 0,6 | АІІб | ҚР БП ҚСжАЕАК есебі |
| 4 | Бұрын сотты болғандармен жасалған қылмыстың үлестік салмағы | % | 10,2 | 7,7 | 8,6 | 8,4 | 8,2 | 8,0 | 7,8 | АІІб | ҚР БП ҚСжАЕАК есебі |

**Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу:**

Көлік жолдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету:

- Адамдардың көп шоғырланатын жерлеріне, проблемасы бар жол қиылысында және Құрық пен Жетібай, Мұнайшы селоларына кіріп шығу жолдарында АІІБ кезекші бөліміне қосылған бейнекамераларын орнату.

- Жол қозғалысын қамтамасыз ету жөнінде үгіт насихаттады жалғастыру, жалпы білім беру мекемелерде бейнероликтерді көрсету арқылы семинарлар жүргізу.
- Жол қозғалысын қамтамасыз ету жөніндегі проблемалық мәселелерді шешу жөнінде ауданның жастарын тартуға (мысалы: жыл сайынға облыс көлемінде өткізілетін жас қозғалыс инспекторы слетін ұйымдастыру).
- Әкімшілік полициясына бағынысты муниципалдық полициясын құру (учаскелік инспекторлар, мектепшілік инспекторлар, жол-потрульдік қызметі) жергілікті атқарушы органға (Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 30 қадам жолдауы);

Қасақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нақты 100 қадам» Жолдауы

28 қадам бойынша, ішкі істер органдарына қызметкерлерді алу жүйесі жаңартылған түрде жүргізіледі, яғни барлық ағымдағы қызметкерлер, сондай –ақ ішкі істер органдарына жаңадан қабылданғандар полиграфиялық зерттеуден өткізіледі.

Сондай-ақ 29 қадам бойынша құқық қорғау органдары жұысшылары мемлекеттік қызмет жүйесіне қосылады.

**Құқықтық тәртіп профилактикасы:**

- Азаматтардың құқығы мен бостандығын және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді сақтау;
- Көшеде болған бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру, тонау, бұзақылық қылмыстарға қарсы күрес жұмыстарын күнделікті жүргізу;
- Қылмыс пен күрестің тиімділігін арттыру мақсатында ішкі істер органдарының кадр жүйесін деңгейін арттыру (ІІО қызметкерлерінің дәрежесін жоғарлату)
- Ауыр қылмыстарды ашу деңгейін көтеру ( мысалы: оқиға болған орында тиянақты қарау, іздерді алу жұмыстары, сондай-ақ көрген-білгендерден сапалы жауап алу);
- Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстарға күнделікті профилактикалық жұмыстар жүргізу;
- Тоқсан сайын шұғыл - профилактикалық іс-шаралар және акциялар жүргізу;
- Мектепте есепте тұрған кәмелетке толмағандармен мектепшілік полиция инспекторларының жұмысын жандандыру;
- Кәмелетке толмаған балдардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бергені үшін ата-аналарын әкімшілік жауапкершілікке тарту және анықтау жұмыстарын жандандыру;
- Жайсыз жанұялар ерекше бақылауға алынсын, ата аналары, тумаластары және таныстары тарапынан кәмелетке толмағандарға сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің жасалмауына назар аударылсын;
- Рецидивтік қылмыспен есепте тұрған тұлғаларға бақылауды күшейту;
- Рецидивтік қылмыспен күресу мақсатында жұғыл профилактикалық іс-шаралар жүргізу;

**Азаматтық қорғаныс**

Қарақия ауданы Маңғыстау облысының оңтүстік-батысында орналасқан. Солтүстік-батыс жақ бетінде Мұнайлы ауданымен, оңтүстік бетінде Түркменистан Республикасымен шектеседі.

Жетібай-Жаңаөзен транспорт құралдарының шамадан тыс кептелісі, транспорттағы төтенше жағдайлардың орнын алуы, электр желілерінің үзілуі,

Жетібай селосындағы орналасқан ӨБ «ЖМГ» мұнайгаз кәсіпорындарының электр желілерінен ажыратылуы, үлкен өрт ошақтарымен бірге күрделі өрт қауіпті жағдайлардың болуы, қатты әсер ететін улы заттармен (ҚӘУЗ) улану ошақтарының пайда болуы, тұрғылықты халықтың холера, чума ауруын жұқтыру,.

Құрық село Каспий теңіз деңгейі көтерілген кезде ауыл ішін және қарғынды су аққан жағдайда су басу қаупінің туындауы.

**Мақсаттар:**

- Тауарлық-материалдық құндылықтардың қажетті көлемін құру және мемлекеттік материалдық резервтер жүйесін жетілдіру;
- Апаттар мен дүлей зілзалалардан болатын қауіп-қатерді азайту және шығынды төмендету бойынша жағдай жасау;
- Төтенше жағдай қаупі туындауын уақытында хабардар ету;

| № | Нысаналы индикаторлар | Өлшем бірлігі | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | нақты | бағалау | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | |
| 1. | Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымының қамтамасыз етілу деңгейі | % | 60,0 | 70,5 | 22,2 | 44,4 | 66,6 | 88,8 | 99,9 | Аудан әкімшілігі Аудандық ТЖБ |

Қарақия аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінде (әрі қарай ТЖБ) 2012-2014 жылы төтенше жағдайды және өрт оқиғасын алдын-алу жұмысын жетілдіруге, төтенше жағдай және өрт оқиғасын болдырмауға және нығайтуға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүргізілді.

Ауданымызда төтенше жағдай және өрт оқиғасы болатын нысандарда, автокөліктерде, тұрғын үйлерде алдын алуға бағытталған «Тұрғын үй», «Автокөлікте өрт алдын алу», «Балалар отпен ойнамау», «Өрт кезінде өзін-өзі құтқару», «Эвакуациялау кезінде шығу тәртібі», «Мұзда сақтық шаралар», «Суға шомылу кезінде абай болу», және т.б. рейдтік іс-шараларға барлық қоғамдық бірлестіктер, мекемелер мен ұйымдар қатыстырылды.

Қарақия аудан аумағы тұрғылықты халықпен нысандары;

Қарақия ауданы мен жақын маңдағы елді - мекендер халқымен нысандарды, қала аймағын табиғи дүлей, авариялар мен апаттардан қорғаудың басқада мәселелерін қамтитын іс – шаралар жасақтау - Қарақия аудан халқын қорғау бойынша жоспар жасақталған. Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардан сақтандыру Маңғыстау облысы Қарақия аудан аумағында табиғи дүлей апаттардан сақтандыру және жоюды ұйымдастыру «Азаматтық қорғау туралы» ҚР 11.04.2014 жылғы №188-V Заңына сәйкес жүргізілуде.

Қарақия аудан аумағы түрлі техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар туындайтын жерде орналасқан. (Қиратушы жер сілкінісі, ЖМГ» ӨБ, ТасболатОйл Корпорэйшн» ЖШС, газды ауа қоспалардың жарылысы қатты желдің соғуы, эпидемиялар және эпизоотиялық ошақтар және т.б.) Қарақия аудан аймағында табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған мезгілде халықты қорғау мақсатында, өндірістік мекемелерде жабық панаханалар, аудан қарасты елді мекендер ішіндегі үйлерде жертөлелер қарастырылған.

Төтенше жағдайлардың алдын-алу бойынша атқарылған жұмыстар:

2013 жылы «Жол-Сервис» ЖШС мекемесімен ауданға қарасты Сенек ауылын қарқынды су басуына байланысты, Қызылсай ауылынан 28 шақырым жерге су ағар жасақталды.

Ауданға қарасты Мұнайшы ауылынан «Ақтау-Жаңаөзен» және «Мұнайшы-Шетпе» автокөлік тас жолында апаттық жағдайлар орын алған кезде тез арада алғашқы медициналық көмек көрсету үшін 2 жолдық аппатық-медицина орталығы салынды.

ТЖ-дың алдын алу бойынша ауданның даму стратегиясына, бас құрылыс жоспарына тозығы жеткен тұрғын үйлерді қалпына келтіру туралы сонымен қатар, су қарғыны қауіпті аймақтарына қорғану жұмыстарын жасақтау ұсынылған. Осының нәтижесінде аудандағы су басу аймақтарына жобалық сметалық құжатқа (ЖСҚ) 5 млн. теңге қаралып, қазіргі таңда ЖШС «Маңғыстау-құрылыс» мекемесі 150 млн. теңге көлемінде ұтып алып, Жетібай селосына суағар және су жинайтын орын жасақтау жұмысы толықтай аяқталды.

2014 жылдың басынан халыққа түсіндіру, ұйымдастыру, қорғау қандай да болмасын төтенше жағдайларды алдын-алу мақсатында, апаттық жағдайда шұғыл іс-қимылды жаңдандыру үшін, «Көктем-2014», «Қыс-2014», «Қорғау-2014» республикалық оқу жаттығуларға қатысты.

Осы жағдай бойынша алдағ уақытта қазіргі замануи техникалық құрал-жабдықтарды алу көрсету болып табылады.

Сонымен қатар облыс әкімімен бекітілген жоспар негізінде, аудан көлемінде арнайы тактикалық жаттығу, командалық-штабтық жаттығу және антитеррориялық орталығы бойынша оқу жаттығу өткізіледі.

Облысымыздың басқа аудандармен өрт оқиғасы тіркелу көрсеткішінің салыстырмалы динамикасы

| | барлық тіркелген өрт | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл (9 ай) |
|---|---|---|---|---|---|

| Қарақия ауданы | 72 | 25 | 23 | 24 | 10 |
|---|---|---|---|---|---|
| Маңғыстау ауданы | 47 | 13 | 17 | 17 | 14 |
| Түпқараған ауданы | 59 | 16 | 20 | 23 | 17 |
| Бейнеу ауданы | 85 | 37 | 18 | 30 | 15 |
| Мұнайлы ауданы | 153 | 58 | 45 | 50 | 21 |

2015 жылы өрт оқиғасы, 2012, 2013, 2014 жылдармен салыстырғанда азайғаны анықталады.Өрт оқиғасы электр жүйелерін монтаждауынан техникалық ақауынан орын алады.

Көбінесе өрт оқиғасы тұрғын үйде және автокөліктерде болады.Ол бойынша өрт оқиғасы жылдан-жылға азайту мақсатында жергілікті БАҚ арқылы (газет, теледидар) халыққа кең көлемде өрт қауіпсіздігі негізінде жадынама таратып түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.




Маңғыстау облысы әкімімен бекітілген «Суға түсу маусымының кезінде суда адамдардың өліміне жол бермеуге бағытталған бірлескен іс-шаралар жоспарына» сәйкес Құрық селосында орналасқан теңіз жағалауына күнделікті кешкі мезгілде және демалыс, мереке күндері теңіз жағасына аудан әкімімен бекітіліп жасақталған іс-шара бойынша жұмыстар жасалды.

Ауданға қарасты елді мекендерде мектеп жанынан ашылған жазғы балалар демалатын лагерьлерге суға шомылу ережелері түсіндіріліп, тәрбиешілеріне нұсқама өткізіп, іс-шара негізінде балаларды суға шомылуға апарған уақытта судан құтқару қызметкерлерімен келісіп шығуы туралы түсіндірілді.

Суға шомылу маусымы кезінде төтенше жағдайларды алдын-алу мақсатында теңіз жағасына 11 дана тақтайша қойылды және 1 дана бильборд ілінді.

Сонымен қатар ұйымдастыру және өткізу шарасы негізінде жергілікті БАҚ мақалар «балықшылар назарына», «суда шомылу кезінде сақтық шаралар» және т.б жарияланып отырды.

| р/н | Теңіз жағалауында өткізілген рейдтік және патрульдық шара | Оқылған лекция | Қатысқан адам саны | БАҚ бойынша (мақала, радио, теледидар) |
|---|---|---|---|---|
| 2012 жыл | 341 | 34 | 1310 | Мақала-3 Радио-8 Теледидар-0 |
| 2013 жыл | 320 | 45 | 1450 | Мақала-6 Радио-12 Теледидар-2 |
| 2014 жыл | 350 | 54 | 1600 | Мақала-6 Радио-15 Теледидар-3 |

**SWOT - сала дамуының жағдайын талдауы**

Стратегиялық бағыттар:

Саланың стратегиялық басымдықтары азаматтық қорғаныс жүйесін дамыту, адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтау, төтенше жағдайлардың салдарынан зала мөлшерлерін және материалдық шығындарды төмендету, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады

| Күшті жақтары: | Әлсіз жақтары: |
|---|---|
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жандандыру мақсатында 2014-2016 жылдарға арналған облыстың басқа да құқық қорғау органдарымен бірлескен жоспары жасақталып бекітілді.<br>Азаматтардың конституциялық құқығы мен уақытында келіп түскен өтініштерін уақытылы қарап заңдылықтың сақталуына бақылауды күшейту жөніндегі тармақтар Бөлімнің іс-шара жоспарына енгізілді.<br>Жыл сайын командалық-штабтық оқу жаттығу өткізіледі.<br>Тұрғын үй және автокөлік жүргізушілерге өрт қауіпсіздік бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. | Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекенге өрт сөндіру бекетінің болмауы;<br>Өртке қарсы және жедел құтқару қызметкерлері заманүи құрал-жабдықтармен жабдықталмауы;<br>-Жетібай, Мұнайшы селолары, Сенек, Құланды, Бостан елді мекендері төтенше жағдай орын алған кезде тұрғындарға хабарлайтын құлақтандыру қондырғыларымен жабдықталмағаны. |
| **Мүмкіндіктер:** | **Қауіптері:** |
| Төтенше жағдайларды және өрт оқиғасы бойынша дер кезінде алдын-алу шараларының жүргізілуі;<br>Төтенше жағдайларды және өрт оқиғасының профилактикалық жүйелерін жаңарту;<br>Тұрғын үй, автокөлік иелеріне төтенше жағдайларды және өрт оқиғаларын алдын-алу қалыпты жұмыс жүйесін одан әрі жетілдіру шараларын жүргізу; | Төтенше жағдайлар және өрт оқиғасы санының тіркелуі салдарынан ауданның криминогендік жағдайының әлсіреуі.<br>Ауданға қарасты елді мекендердегі тұрғы үйлер арасында төтенше жағдай немесе өрт оқиғасы болған кезде, өрт сөндіру автокөлігі бара алмайды.Себебі тұрғын үй салу кезінде өрт кезінде кіретін қиылысты жауып тастауы.<br>Құрық селосы №2 Өрт сөндіру бөлімінің ғимаратына қосымша жалғастырып құрылыс салу (Өрт сөндірушілердің тактикалық оқу сыныбы, кезекшілікке түскен жеке құрамға демалатын бөлме, ғимарат ауласына 4 қабатқа шығатын оқу мұнарасын салуға) қамтамасыз ету.Жеке құрам қандай да жағдайға дайын болу үшін талап етеді.<br>Каспий теңіз жағалауында жазатайым оқиғаларды алдын-алу үшін, арнайы белгілер, заманауи қайықтың жоқтығы кері әсерін тигізеді.<br>Сенек селосының автокөлік тас жолына су өткелмен су ағар жасақталмағаны. |

**Шешімін таппай отырған мәселелер:**

- Табиғи мен техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру және оларды жою:
- қорғаныс құрылыстарының жай-күйіне тұрақты мониторингті ұйымдастыру, оларды жөндеу және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес қайта жабдықтау;
- табиғи мен техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындаған жағдайда аудандар мен қалалардағы басқару органдарының ықпалдастығын және дайындық деңгейін жетілдіру мақсатында жыл сайынғы командалық-штабтық оқу-жаттығуларды өткізу;
- халықты төтенше жағдай қаупі және ол туған кезде уақытылы хабарландырумен қамту;
- жеке қорғану құралдарының қорларын жаңарту;
- зардап шеккен халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің материалдық-техникалық резервтерінің 1000 адамға есептелген жергілікті қорларын құруды қамтамасыз ету;
- ауданның елді мекендерін сейсмикалық шағын ауданға бөлу карталарын әзірлеу;
- халықтың арасында азаматтық қорғаныс жөніндегі мағлұматты оқыту және насихаттау бойынша ақпарат дайындап, орналастыру.
- Сенек селосының автокөлік тас жолына су өткелмен су ағар жасақталмағаны.
- Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету:
- өртке қарсы қызмет күштері мен құралдарының санын нормативтік мөлшерге дейін жеткізу ( Сенек селосына өрт сөндіру бекетін құру);
- өрт қауіпсіздігінің мемлекеттік емес күштері мен құралдарын құру және олардың тұрақты дайындықта болуын ұстап тұру;(Елді мекендердегі ерікті өрт сөндіру құрылымдарын өрт сөндіру

құралдарымен,өрт сөндіру сорғыларымен және киім-кешекпен қамтамасыз ету)

- Қарақия ауданындағы білім беру,денсаулық сақтау және әлеуметтік нысандардағы автоматты өрт дабыл қаққыш жүйесін Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің біріңғай кезекшілік-диспечерлік қызметі пунктіне қосу;
- Азаматтық қорғаныс саласы бойынша:
- азаматтық қорғаныс күштерін техникамен жарақтаудың тиімді жүйесін дамыту;
- қосалқы басқару пункттерін құру;
- мемлекеттік органдардың бюджеттерінде, ұйымдардың шығыс сметаларында азаматтық қорғаныс іс-шараларын жүзеге асыруға арналған қаражатты жыл сайын жоспарлау;
- Қарақия ауданы халқын жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету және материалдық резервтерді сақтау қоймаларын салу;
- Қарақия ауданы бойынша жеткілікті деңгейде қорғаныс құрылыстарын салу;
- Босқындарды қабылдау лагерін құруға және тиісті құрал жабдықтармен қамтамасыз ету;

## 2.1.4. Бағыты. Инфрақұрылым

Байланыс және коммуникация

Телекоммуникациялар және байланыс

Жергілікті телефон байланысының деңгейін цифрландыру 100%-ға жетті. Халық саны 1000 адам және одан артық болатын барлық елді мекендері 100% мобильді байланыс қызметімен қамтамасыз етілген.

Ауданның шалғайдағы ауылдық елді мекендері интернетпен нашар қамтамасыз етілген.

Бүгінге күнге облыста 4G желісінің 134 LTE базалық станциясы салынып, пайдалануға берілді. Алдағы жылдары ауылдық елді мекендерге кіргізу арқылы 4G желісін салу жалғасады, ) Құрық, Бостан ауылды қамтылды

Аудан бойынша бойынша пошта байланысының 6 бөлімшесі жұмыс істеп, қызметтер көрсетеді.

**Байланыс және коммуникациялар SWOT-талдау:**

| **МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ:** | **ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ:** |
|---|---|
| ауылдық елді мекендерінде телекоммуникациялық желілердің дамуы;<br>Интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін талшықты-оптикалық желі жүргізу жөніндегі жобалардың іске асырылуы. | талшықты-оптикалық желі жүргізу үшін облыстың кейбір елді мекендерінің шалғайлығы;<br>жобалардың қымбаттығына байланысты тұрғындар саны 1000 адамға едйінгі шағын елді мекендерді интернет-қызметтермен қамтамасыз етудің мүмкінсіздігі |
| **МҮМКІНДІКТЕР:**<br>телекоммуникациялық желілерді одан әрі дамыту;<br>телекоммуникациялық операторлардың қызмет көрсету сапасын көтеру. | **ҚАТЕРЛЕР:**<br>ақпараттық жүйелерді, пошта байланысын дамыту жөніндегі іс-шаралардың жеткізе қаржыландырылмауы |

**Байланыс және коммуникациялар саласындағы негізгі проблемалар:**

- облыстың шалғайдағы және адам саны аз ауылдық елді мекендерінде кең ауқымды қолжеткізудің жоқтығы;
- ауылдық елді мекендердегі пошта бөлімшелерінің әлсіз материалдық-техникалық базасы.

Халықтың цифрлық сауаттылығы

Халықты, оның ішінде 6-дан 15 жасқа дейінгі балаларды цифрлық сауаттылық дағдыларына оқыту, тиісті білім беру деңгейлерінде жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жалпы білім беретін мекемелерде жүргізілуде.

Сауаттылықты арттыру курстары жергілікті бюджет есебінен ұйымдастырылуда.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде, халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығы 2012 жылғы 50% -дан 2014 жылы 63,4%-ға дейін артты (2013 жылы – 53%).

**Цифрлық сауаттылық бойынша SWOT-талдау:**

| КҮШТІ ЖАҚТАРЫ: | ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ: |
|---|---|
| ақпараттық қоғамды дамыту;<br>азаматтардың дағдыларын арттыруға және одан әрі жұмысқа орналасуына және жұмыспен қамтамасыз етілуіне жағдайлар жасау | оқытушылардың кәсіби даярлығының төмен деңгейі;<br>халықтың оқуға деген белсенділігінің төмендігі. |
| МҮМКІНДІКТЕР: | ҚАТЕРЛЕР: |
| облыстың мектептеріне компьютерлік техниканы сатып алу үшін бюджеттен тыс (жер қойнауын пайдаланушы-компаниялрлың) қаражат тарту ;<br>жалпы білім беретін мекемелерде электрондық оқыту жүйесін белсенді түрде енгізу | компьютерлік курстарды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың бюджеттен жете қаржыландырылмауы. |

**Құрылыс**

Қарақия ауданында 2012-2014 жылдары аралығында 102,9 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы пайдалануға берілді, жалпы облыстық көлемімен салыстырғанда 7,5 пайызды құрайды.

2012-2014 жылдар аралығындағы саланы дамытудың негізгі көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | Өлшем бірлік | 2012 ж. | 2013 ж. | 2014 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Құрылыс жұмыстарының көлемі | млн. теңге | 27,5 | 12,6 | 603,0 |
| Құрылыс ұйымдарының саны | саны | 3 | 3 | 4 |
| Тұрғын үй алаңы | мың ш.м | 29,0 | 33,2 | 40,7 |

Құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылға 603,0 млн. теңгені құрады, 2012 жылмен және 2013 жылмен салыстырғанда 48,2% - ға өсуі байқалады, 2012 жылы құрылыс жұмыстарының көлемі 27,5 млн. теңге, ал 2013 жылы құрылыс жұмыстарының көлемі 12,6 млн. теңгені құрады.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік нормаға сәйкес, 1 тұрғынға 18 шаршы метр мөлшерінде баспанамен қамтамасыз ету, орташа есеппен республика бойынша 1 тұрғынға 18 шаршы метр, оның ішінде ауылдық жерлерде -17 шаршы метр.

Қазіргі таңда Қарақия ауданы толығымен жаңартылған қала құрылысы құжаттамасымен қамтамасыз етілді.

«Қолжетімді баспана» бағдарламасын іске асыру мақсатында, Қарақия ауданында 2012-2014 жылдары пайдалануға 9618,68 мың шаршы метр (148 пәтер) берілді, оның ішінде коммерциялық пәтер 4, жалпы алаңы 211,568 мың шаршы метр. Соның нәтижесінде ауданда 144 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілген.

Аудан бойынша тұрғын үйлердің құрылысы қиын мәселе. Бүгінгі күні кезекте 866 тұрғын тіркелген. Оның ішінде әлеуметтік жағынан әлсіз 453 тұрғын, мемлекеттік қызметкерлер 393, жетім балалар 20. Сонымен қатар, соңғы жылдары ауданда халық санының өсуі байқалады.

Қарақия ауданында тұрғын үй құрылысын салудан бөлек 2012-2014 жылдарда әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы жүргізілді. Қарақия ауданында 2 емхана, 624 орындық 3 орта мектеп, 5 балабақша салынып пайдалануға берілді және пайдалануға Аққұдық ауылына 100 орындық клуб, 7000 бірлік кітапханасы берілді.

Мұнайшы ауылында жаңадан салынған тұрғын үйлерге газ құбыры тартылды, Құрық, Бостан, Құланды және Жетібай ауылдарындағы жаңа шағын аудандарға электрмен жабдықтау бойынша жұмыстары орындалды. Құрық, Жетібай ауыл тұрғындары ауыз сумен қамтамасыз етілді.

13 жоба бойынша мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысы алынып, барлық 13 жоба іске асырылды, 2014 жылы мемлекеттік сараптамадан 22 жобаның оң қорытындысы алынды. Оның ішінде 8 жоба іске асырылып, қалған 14 жоба іс асырылмады. Ал 2015 жылы мемлекеттік сараптамадан 21 жобаның оң қорытындысы алынып, қаржыландыруға ұсылған болатын, алайда қолдау таппады.

**СВОТ-Құрылыс бойынша талдау**

| **Жақсы жақтары:**<br>144-тен астам отбасын тұрғын үй қажеттілігін қанағаттандыру;<br>Ауданның толығымен бас жоспардың жаңартылуы және тәпіштеп орналастыру жоспары;<br>Аудандағы дамыған құрылыс индустриясы. | **Әлсіз жақтары:**<br>Инженерлік инфрақұрылыммен қамтылған жер учаскелерінің жоқтығы;<br>Әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету қажеттілігінің тұрақты өсуі |
|---|---|
| **Мүмкіндігі:**<br>2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасын іске асыру, бұл аудан тұрғындарының қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндігін арттыру. | **Қаупі:**<br>Құрылыс матералдарының бағасының өсуі,үйдің бағасының өсуіне әсер ететін;<br>Аудандағы халық санының қарқынды өсуі, тұрғын үйге деген қажеттілікті жаба алмау;<br>Бюджеттік қаржыландырудың қысқаруы және соның салдары аудан тұрғындарын қолжетімді баспанамен толық қамтамасыз ете алмау. |

Саладағы негізгі мәселелер:

- инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер учаскелерінің болмауы (инженерлік инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, қазіргі қажеттіліктегі коммуникациялар құрылысына аудан қаражаты көлемінің толық қамтамасыз ете алмауы);

2016-2020 жылдарға арналған стратегия

**Құрылыс**

Мақсаты: құрылыс саласын дамыту, оның ішінде тұрғын үй құрылысы.

| № | **Нысаналы индикаторлар** | **Өлшем бірлік** | **2014** | **2015** | **2016** | **2017** | **2018** | **2019** | **2020** | **Орындаушы** | **Ақпарат көзі** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1 | Құрылыс жұмыстары көлемінің индексі | % | 48,2 | 50,0 | 60,0 | 70,0 | 80,0 | 90,0 | 100,0 | Құрылыс бөлімі | Статистикалық деректер |
| 2 | Пайдалануға берілген ғимараттардың жалпы алаңы | мың. шаршы. метр | 40,7 | 41,0 | 46,0 | 50,0 | 51,0 | 52,3 | 55,0 | Сәулет және қала құрылысы | Статистикалық деректер |

Алға қойылған мақсаттарға жету жолдары:

- «2020 жылға дейін өңірлерді Дамыту» бағдарламасы аясында кезекте тұрған тұрғындарға тұрғын үй құрылысын салу;
- «Тұрғын үй Жинақ банкі» АҚ арқылы жас отбасылар және барлық санаттардағы халықтарға тұрғын үй құрылысын салу;
- Ауданға тұрғын үй құрылысын салу үшін инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын және жеке тұрғын үй құрылысын дамыту;
- әлеуметтік инфрақұрылымды объектілерінің құрылысы: білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, әлеуметтік мақсаттағы, қоғамдық тәртіпті, қоршаған ортаны қорғау, сумен қамтамасыз

ету және оларға тиісті инженерлік инфрақұрылым;
- Жобалық-сметалық құжаттарды жасақтау;

**Архитектура**

2013-2015 жылдар аралығында бес елді мекенде: Құрық, Мұнайшы, Жетыбай, Құланды және Сенек елді мекендеріне бас жоспар жасақталды.

Мұнайшы ауылының бас жоспары 2012 жылы 12 желтоқсанда № 6/68 санды аудандық мәслихат шешімімен, Жетыбай ауылының бас жоспары 2015 жылдың 29 маусымдағы №27/274 санды аудандық мәслихат шешімімен, Құланды ауылының бас жоспары 2015 жылдың 29 маусымдағы №27/276 санды аудандық мәслихат шешімімен, Сенек ауылының бас жоспары 2015 жылдың 29 маусымдағы №27/275 санды аудандық мәслихат шешімімен, Құрық ауылының бас жоспары 2015 жылдың 29 маусымдағы №27/273 санды аудандық мәслихат шешімдерімен бекітілді. Ағымдағы жылы 170 салынған нысанды пайдалануға қабылдау акттері және мекен жай туралы анықтамалары берілді. Сәулеттік жоспарлау тапсырмасына (СЖТ) 80 құжатқа сұраныс түсті және олар толығымен қанағаттандырылды.

Елбасы Нұрсултан Әбішұлы Назарбаевтың Ұлт жоспары-100 нақты қадам бес иниститутционалды реформасын орындау мақсатында жер телімдерін кәсіпкерлерге аукцион сада-саттық арқылы сатып беру,берілетін жерлердің бас жоспарға сәйкес сызбаларын (қызыл жолақ) дайындау жоспарлануда.

Алдағы уақытта Бостан және Болашақ елді мекендеріне бас жоспар жасақтату және Құрық ауылының теңіз жағалауына бас жоспар негізінде абаттандыру жобасын жасақтату (3Д формат, эскиздік жоба, макет) жобаланған.

**SWOT – талдау**

| **Мықты жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| Тұрғын үй құрылысына жер телімдерінің белгіленуі, инфрақұрылым (тоқ,газ,су және жол) тартылуы, құрылыс материалдарын өндіру мүмкіншілігі. | Баспана(тұрғын үйлердің) жетіспеушілігі; қолжетімді баспаналар үшін жалға берілетін үйлердің салынбауы қаржы тапшылығы |
| **Мүмкіндіктер** | **Қатерлер** |
| Ауылдардың өсуі үшін инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру | Құрылыс жұмыстарына қаржы бөлудің қысқартылуы, тұрғын үй мен қамтамасыз ету шектелуі. |

**Жолдар және көлік**

1.1. Жол

Қарақия ауданында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының ұзындығы – 400 шақырым, оның ішінде: республикалық маңызы бар - 213 шақырым ( 53,2 %); облыстық маңызы бар - 105 шақырым ( 26,3 %); аудандық маңызы бар - 82 шақырымды ( 20,5%) құрайды.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолының 213 шақырымы, яғни 60 %-ы қанағаттанарлық жағдайда.

82 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар автомобиль жолының қазіргі жағдайы: жақсы - 33 шақырымды ( 40,2 %), қанағаттанарлық – 36 шақырымды (43,9 %), қанағаттанарлықсыз - 13 шақырымды ( 15,9 %) құрайды.

2015 жылы аудандық маңызы бар автомобиль жолының ауылдар бөлінісіндегі техникалық жағдайы мынадай:

- Қызылсай-Сенек- 27 шақырым, оның ішінде: жақсы – 15 шақырым (55,5 %), қанағаттанарлық - 11 шақырым (40,7%), қанағаттанарлықсыз - 1 шақырым (3,8%);
- Жаңаөзен -Құланды жолы -11 шақырым, оның ішінде: жақсы – 10 шақырым (90,9%), қанағаттанарлық - 1 шақырым (9,1%);
- «Ракушечный» өндірісіне дейінгі кіреберіс жолы (подъезд к месторождению Ракушечное)-18 шақырым, оның ішінде: қанағаттанарлық - 7 шақырым (38,8%), қанағаттанарлықсыз - 11 шақырым (41,2%);
- Ералы станциясына кіреберіс жолы(подъезд к станции Ералиево)-12 шақырым, оның ішінде: жақсы – 2 шақырым (16,6%), қанағаттанарлық - 9 шақырым (75%), қанағаттанарлықсыз - 1 шақырым (8,4%);
- Жоғарғы Мұнайшы ауылына кіреберіс жолы (подъезд к верхние село Мунайшы)-3 шақырым, оның ішінде: жақсы – 2 шақырым (66,6%), қанағаттанарлық - 1 шақырым (33,4%);
- Жетібай станциясына кіреберіс жолы (подъезд к станции Жетибай)-2 шақырым, оның ішінде: қанағаттанарлық - 2 шақырым (100%);

- Ботакөз ауылына кіреберіс жолы (подъезд к село Ботагоз)-3 шақырым, оның ішінде: қанағаттанарлық - 3 шақырым (100%);
- Құрық ауылымен өтетін жол (проезд к село Курык) -1 шақырым, оның ішінде: жақсы – 1 шақырым (100%);
- Ералы станциясына өтетін жол (проезд к станции Ералиево)-3 шақырым, оның ішінде: жақсы - 2 шақырым (90,9%), қанағаттанарлық - 1 шақырым (9,1%);
- Құрық аэропортынан өтетін жол (проезд через аэропорт Курык)-2 шақырым, оның ішінде: жақсы - 1 шақырым (90,9%), қанағаттанарлық - 1 шақырым (9,1%).

2012-2014 жж аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының қанағаттанарлықсыз жағдайдағы үлесі 4,6%-ды құрап, 2014 жылы 14,1%-ға дейін төмендеді (кесте 1).

2012-2014 жж аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының техникалық жағдайы, %-бен кесте 1

| Жылдар | Қанағаттанарлықсыз жағдайда | Қанағаттанарлық жағдайда | Жақсы жағдайда |
|---|---|---|---|
| 2012 | 14,6 | 43,2 | 42,2 |
| 2013 | 14,9 | 42,7 | 42,4 |
| 2014 | 14,1 | 45,3 | 40,6 |

Ауданаралық бағытта да ауданның автомобиль жолдары «Құрык-Мұнайшы-Жетібай-Шетпе»,«Құрык-Мұнайшы-Жетібай-Жаңаөзен-Түркіменстан»,сондай-ақ облыс орталығымен «Ақтау-Құрык» бағыттарымен байланыста.

Қарақия ауданының автомобиль жолдарының картасы




Жалпы 2012-2014 жж аралығында ауданда 14,3 шақырым автомобиль жолы жөнделген. 2014 жылдың қорытындысы бойынша аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының қанағаттанарлық жағдайындағы үлесі 45,3 %-ға дейін жақсарып, яғни 2012 жылмен салыстырғанда 2,1%-ға дейін жоғарылаған.

2012-2014 жж жол секторының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы кесте 2

| Негізгі бағыттары бойынша қаржыландыру, млн. теңге | 2012 | 2013 | 2014 |
|---|---|---|---|
| БАРЛЫҒЫ | | | |
| Қаржыландыру көздері | | | |
| Республикалық бюджеттік бағдарлама «Жол картасы -2020 » | 140993 | 79327 | 8823 |
| Аудандық бюджет | 35526 | 402327 | 243041 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Облыстық бюджет | - | - | |
| Жұмыстың түрі бойынша | | | |
| Күрделі жөндеу | - | - | |
| Орташа жөндеу | - | 349641 | 147000 |
| Ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау | 35526 | 52686 | 95 061 |

**Сала бойынша SWOT-талдау:**

**Күшті жақтары:**

- аудандағы автомобиль жолдарының 10 %-ға жақсаруы;
- көлік инфрақұрылымының дамуы.

**Әлсіз жақтары:**

- инновациялық және автоматтандыру процестерінің төмен деңгейі;
- қолданыстағы жол инфрақұрылымының тозуы.

**Мүмкіндіктер:**

- мемлекеттік- жекеменшік әріптестікті дамыту;
- автомобиль жолдарының көліктік-эксплуатациялық көрсеткішін жоғарылату.

**Қатерлер:**

- автомобиль жолдарының тозуы салдарынан авариялар мен техногендік апаттардың ұлғаюы.

**1.2. Көлік.**

Ауданда жолаушыларды тасымалдауда 2 тұрақты маршрут жеке автокөліктерімен Құрық-Ақтау, Құрық-Жаңаөзен бағыттары бойынша жүзеге асырады. Сондай-ақ аудандық кірістер басқармасының ақпаратына сәйкес дара кәсіпкерлер Құрық ауылында: көлік құралдарының саны-12 және Жетібай ауылында көлік құралдарының саны-14 такси қызмет жасайды.

Ауданда 2 автостанция және Құрық ауылында 3 автобус аялдамасы бар.

2013, 2014, 2015 жылдары жолаушылар тасымалын жоғарылату мақсатында «Құрық-Ералы станциясы», «Құрық-Жетібай», «Құрық-Ақтау» бағыттарында жолаушыларды маршруттармен тасымалдау бойынша конкурстар өткізілген еді. Алайда конкурсқа қатысушылар түспегендіктен, жеңімпаздар анықталмады. Сондықтан да ауданішілік және қалааралық маршруттар уақытша тоқтатылып тұр.

2012 жылы жүк тасымалдаулары жүргізілмеген, тек қана 2013 – 2014 жж Құрық ауылына Құрық портына қажетті құрылыс жабдықтары тасымалданған.

2012-2014 жж жүк тасымалының динамикасы Кесте 3.

| Жылдар | Жүк тасымалы, мың. тонн | Жүк айналымы, мың. шақырым (км) | Жүк тасымалы ,% | Жүк айналымы, % |
|---|---|---|---|---|
| 2012 | - | - | - | - |
| 2013 | 28,1 | 259,9 | 87,2 | 87,2 |
| 2014 | 31,1 | 102,5 | 15,5 | 15,5 |

**Сала бойынша SWOT-талдау:**

**Күшті жақтары:**

- аудан бойынша ауылішілік жолаушыларды тасымалдаудың жоғары денгейі.

**Әлсіз жақтары:**

- әлеуетті тасымалдаушылардың болмауы, заңсыз тасымалдаушылардың қызметі, автомобиль жолдарының қанағаттанарлықсыз жағдайынан шалғайдағы елдімекендермен тұрақты қарым-қатынастың болмауы;
- ауданішілік және қалааралық маршруттардың болмауы, тұрақсыздығы.

**Мүмкіндіктер:**

заңсыз тасымалдаушылардың қызметінің мәселесін шешуге;

тасымалдаушылардың қызметін кірістер басқармасымен тіркеуге.

**Қатерлер:**

- әлеуетті тасымалдаушылардың болмауынан авариялардың көбеюі.

Саланың негізгі мәселелері:

- жолаушылар микроавтобусының жоқтығы;

- аудан бойынша жолаушылар тасымалымен қамтылмаған ауылдардың үлесі-36 % құраған;
- дәрежесі жоғары асфальт-бетонды жабындарының нашарлауы;
- автомобиль жолдарының ағымдағы және күтіп ұстау жұмыстарына қаржының жетіспеушілігі;
- ауданішілік және қалааралық маршруттардың болмауы, тұрақсыздығы;
- көлік инфрақұрылымның жетіспеушілігі (Құрык,Жетібай ауылдарындағы автостанциялар бойынша).

**1.4. Темір жол желісі**

Қарақия ауданында жалпы пайдаланымдағы теміржолдың ұзындығы 304 шақырымды құрайтын 3 теміржол станциясы: Ералы, Жетібай, және Болашақ станциялары орналасқан. Темір жол желісі Қарақия ауданы арқылы Болашақ станциясынан Түркіменстан Республикасына жол ашады.

Ауданның темір жол желісі ҚТЖ учаскелерінің «Ералы станциясы – Маңғышлақ», «Ералы станциясы – Жетібай», «Жетібай станциясы – Жаңаөзен», «Жаңаөзен – Болашақ» станцияларынан тұрады.

Қарақия ауданының темір жол картасы




Өткен кезеңде Жаңаөзен -Түрікменстанмен шекарадағы темір жол құрылысы салынып, пайдалануға берілді.

Құрық паромды кешені порты мен жағалау аймағында бірнеше жобаларды салу үшін жаңадан «Боржақты-Ерсай» теміржол құрылысының жұмыстары басталды.

Ауданның дамуын шектейтін негізгі фактор – теміржол желілерінің біртіректілігімен электрленбегендігінен: сыйымдылыққа, өткізу қабілетіне, қозғалыс жылдамдығына және теміржол тасымалдау құнына шектеулер жасайды.

**1.5. Теңіз бағыттары**

Аудан орталығында Құрық порты жұмыс істейді. Құрық порты Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырын байланыстыратын Әзірбайжандағы мұнай тасымалдау үшін тиеу нүктесі болып табылады. ҚТЖ «ҰК» АҚ компаниясының транзиттік нүктесін жасау мақсатында жылына қуаты 4,0 млн тоннаға дейін жететін паромды кешені Құрық портында салынып жатыр.

**2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық**

**2.1. Су**

Ауданда 01.10.2015 жылғы жағдай бойынша 11 елді мекеннің ішінде 7 елді мекені орталықтандырылған сумен жабдықталған.

Тұрмыстық сумен жабдықтау жүйесіндегі су құбырының ұзындығы -285,1 шақырымды құрайды, оның ішінде 5 %-ының су құбыры қанағаттанарлықсыз жағдайда.

2012-2014 жылдары елді мекендерді сумен жабдықтау жағдайын жақсарту мақсатында: Құланды және Бостан ауылдарында су қоймалары мен сорғы станцияларына және Бостан ауылындағы су мұнарасына, 3920 шақырым су құбырына жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2015 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі атқарылған жұмыстардың нәтижесі бойынша: сапалы ауыз суды

(орталықтандырылған) пайдаланатын тұрғындардың саны- 29 520 жетті, яғни 7 елдімекен бойынша 61,3 %-ды құраса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 23 200 адамды, яғни 5 елдімекеннен 45,4 %-ды құраған екен.

Аудан бойынша орталықтандырылмаған су көздерін пайдаланушылардың саны- 8800, яғни 25,9%-ды құрап отыр. Оның ішінде: Құрық ауылы бойынша-1200, Жетібай ауылы бойынша-3576, Мұнайшы ауылы бойынша-2566, Сенек ауылы бойынша- 861, Құланды ауылы бойынша- 441, Бостан ауылы бойынша -156.

Су құбырларын пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуге, қажетті нысандары мен мамандарымен қамтамасыз етілген жауапты мекеме «Тұрмыс-Сервис» МКК болып табылады.

**Сала бойынша SWOT-талдау:**

**Күшті жақтары:**

- қолданыстағы сумен жабдықтау жүйесінің болуы;
- сумен жабдықтау жүйелерінің жақсы жағдайы.

**Әлсіз жақтары:**

- жер асты суларының жеткіліксіз деңгейі;
- ірі нысандар және сумен жабдықтау амортизациясы, ауыз су сапасының нашарлығы;
- ауылдық жерлердегі сумен жабдықтау және санитария кәсіпорындарының жеткіліксіз дамуы.

**Мүмкіндіктер:**

- жаңадан су инфрақұрылымы объектілерінің салынуы аудан елді мекендерінің орталықтандырылған сумен қызметін 100% қамти алуға;
- сумен жабдықтау жүйесінің техникалық жағдайын жоғарылатуға.

**Қатерлер:**

- тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттен қаржыландыру көздерінің төмендігі;
- су құбырларының авариялық жағдайының өсу мүмкіншілігі.

**Саланың негізгі мәселелері:**

- негізгі құралдардың жаңаруынан гөрі амортизацияға ұшырауының қарқынды болуы.

**2.2. Жылумен жабдықтау**

Ауданда орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі жоқ. Мекемелер, ғимараттар және көппәтерлі тұрғын үйлер жылумен жеке қазандықтары арқылы жабдықталған. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы-1,95 шақырымды құрайды. Қазіргі таңда жылу желілерінің 0,5 шақырымы жөнделіп, басқа желілері қанағаттанарлық жағдайда болып табылады.

**Сала бойынша SWOT-талдау**

**Күшті жақтары:**

- орталықтандырылған жылу желісімен қосылуға мүмкіндігі бар ұйымдардың болуы.

**Әлсіз жақтары:**

- жылу желілерінің 30 %-ы амортизациялық жағдайда.

**Мүмкіндіктер:**

- жаңадан жылу желілерінің құрылысы;
-мекемелер, ғимараттар және көппәтерлі тұрғын үйлерді орталықтандырылған жылу желілеріне қосуға.

**Қатерлер:**

- жылу желілерінің, жылу қазандық жабдықтарының тозу дәрежесінен жылу желілерінде авариялардың жоғары болуы.

**2.3. Ағын су(водоотведение).**

Аудан бойынша 11 елді мекеннің ішінде Құрық ауылында ғана орталықтандырылған ағынды судың құрылысы және 3 кәріз сорғы станцияның құрылысы аяқталды. Кәріз желісінің жалпы ұзындығы -18 шақырымды құрайды. Кәріз желілерінің және су тазалау құрылыстары нашар жағдайда, сондықтан да 100%-ға қайта жөндеуді талап етеді.

Жаңадан салынған тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарына жеке септиктерімен қамтамасыз етудің жобалау сатысында.

**Сала бойынша SWOT-талдау:**

**Күшті жақтары:**

- 2014 жылы 2012 жылымен салыстырғанда аудан бойынша халықты ағын сумен қамтамасыз ету қызметі 3,2% -дан 4,2% -ға дейін өсті;

**Әлсіз жақтары:**

- кәріз желілері мен кәріздік тазарту құрылыстары қанағаттанарлықсыз жағдайда және қайта жаңартуды талап етеді.

**Мүмкіндіктер:**

- кәріз желілеріне барлық тұрғын үйлер мен ғимараттарды қосуға;
- ағынды суларды салу және қайта құру бойынша инвестициялық жобалардың іске асырылуы және ағынды суларды қайта жаңарту обьектілері, кәріз жүйелері, кәріздік тазарту құрылыстары кәріз жүйесінде қызметтердің қолжетімділігін деңгейін арттыруға.

**Қатерлер:**

- ағынды суларды қайта жаңарту обьектілері, кәріз жүйелері, кәріздік тазарту құрылыстарын мемлекетік бюджеттен жеткіліксіз қаржыландырылуы.

**Саланың негізгі мәселелері:**

- ағынды су инфраструктурасының амортизацияға ұшырауы деңгейінің жоғары болуы.

**2.4. Газбен жабдықтау**

Қазіргі уақытта аудан бойынша елді мекендердің 90%-ы табиғи газбен қамтамасыз етілген. Бұл көрсеткіш 2012 жылмен салыстырғанда 12%-ға(2012 жылы 78%) жоғарылаған.

Аудан бойынша газ құбырларының ұзындығы 317 шақырымды құрайды. Оның ішінде 28%-ы тозу процесінде. Газ құбырларының тозуының себебі аудан ішіндегі жер асты құбырларының 30 %-ы электрохимиялық жүйесіз пайдаланады. Ауданды үздіксіз газбен жабдықтау мақсатында «ҚазТрансГазАймақ» АҚ газды жеткізу және бөлу процесінде бірыңғай операторын құрды. Бұл оператор көрсетілетін қызметтер үшін тарифті бекітеді, желілерді жөндеу және қайта жаңарту үшін бірыңғай техникалық саясатты жүргізеді.

2011-2015 жылға аймақты дамыту бағдарламасын іске асыру кезеңінде осы сала бойынша Құрық ауылында газбен қамтамасыз ету және газ тарату инфрақұрылымын салу бойынша жұмыстар жүргізілді.

**Сала бойынша SWOT-талдау:**

**Күшті жақтары:**

- газды жеткізу және бөлу процесінде бірыңғай оператордың құрылуы;
- елді мекендердің 90%-ы табиғи газбен қамтамасыз етілуі.

**Әлсіз жақтары:**

- аудан ішіндегі жер асты құбырларының электрохимиялық жүйесіз жұмыс жасауы.

**Мүмкіндіктер:**

- тұрғын үйлер мен мекемелерді, ғимараттарды 100%-ға газбен қамтамасыз етуге.

**Қатерлер:**

- газ құбырларының тозуы, істен шығуы;
- газ құбырларының қайта жаңартуға мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуы жеткіліксіз деңгейде.

**Саланың негізгі мәселелері:**

- ауданның газбен жабдықтау инфрақұрылымының істен шығуы.

**2.5. Электрмен жабдықтау**

Ауданды «МРЭК» желілерінің бойымен электр энергиясын жеткізуші және халықты 100% -бен энергиямен жабдықтаушы мекемелер: «Тұрмыс-Сервис» МКК және «МРЭК» АҚ болып табылады.

Қарақия ауданының электр желілері- электр энергияны тарататын, жеткізуші, қуаты 0,4-10кВ желіні байланыстыратын энергияны таратқыш құрылғыларымен қосалқы станциялардың жиынтығынан құралған.

Қазіргі таңда 366 шақырымды электр желілері мен 68 ТП мен КТП «Тұрмыс-Сервис» МКК меншігінде болып табылады. Оның ішінде электржелілерінің біршамасы нормативтік мерзіміне сәйкес істен шығуда және өңірлік электр желілерінің 50 %- ы қанағаттанарлықсыз жағдайда, ал негізгі құралдардың істен шығуы 30%-ды құрап отыр.

**Сала бойынша SWOT-талдау:**

**Күшті жақтары:**

- 110 кВ және одан да төмен электр жеткізу желілері жүйесінің схемасының дамуы.

**Әлсіз жақтары:**

- өңірлік электр желілерінің тозуының жоғары деңгейі (30-40%)-ға.

**Мүмкіндіктер:**

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға беру.

**Қатерлер:**

- энергия желілерінің тозуынан тұтынушылардың электрмен жабдықтау сапасының төмендеуі.

**Саланың негізгі мәселелері:**

- аудан бойынша электр желілерінің орташа тозуы;
- жаңартылатын энергия көздерінің дамымауы.

**2.6. Абаттандыру**

Ауданда 237 шақырымды құрайтын көшелер мен жолдар, 12 шақырымды саябақ, 3 ескерткіш және 2 қатты тұрмыстық қалдықтарды көмуге арналған арнайы орындары Құрық және Жетібай ауылдарында орналасқан.

Ауданды абаттандыруда шағын сәулет нысандарына жөндеу жұмыстары жасалуда. Көшелер мен алаңдарда қоқыс жинауға арналған жаңа орындықтар мен урналар орнатылды, кейбір ұйымдар мен мекемелер де газондар төселіп, гүлзарлар егілді.

Елді мекендер аймағының тиісінше санитарлық жағдайын жақсарту және техникалық қызмет көрсету деңгейін арттыру үшін, жыл сайын көктемгі және күзгі кезеңде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында және абаттандыру бойынша мектептер мен мекемелермен, парк аймағы ішінде көшелер мен жолдарды тазалау жұмыстары және де көгалдандыру бойынша іс-шаралары жүргізіледі.

Жыл сайын орташа есеппен аудан елдімекендерінде 205 ағаш көшеттері, 2 мың метрлік бұталар және 30 м2 гүлзарлар отырғызылады.

2012- 2014 жж аралығында абаттандыру бойынша жасалған жұмыстар төмендегідей:

- саябақтарды қоршау, фонтан, халыққа арналған демалыс орны мен Құрық, Жетібай ауылдарына балаларға арналған ойын алаңы орнатылды;

Құрық ауылының бас жоспарын жасақтау;

Құрық ауылындағы орталық паркті абаттандыру;

Құрық ауылындағы ойын алаңын абаттандыру.

2015 жылы жергілікті бюджеттен аудан елдімекендерін абаттандыру бойынша 9,5 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда абаттандыру бойынша жұмыстары «Тұрмыс-Сервис» МКҚ арқылы жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ Құрық ауылының автомобиль жолдарының 24936 м2 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары, Жетібай ауылының автомобиль жолдарының 22230 м2 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары және Мұнайшы ауылының автомобиль жолдарының 22230 м2 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы жұмыстың құны-150 млн теңгені құрайды.сол сияқты Құрық, Жетібай, Мұнайшы, Сенек, Құланды және Бостан ауылдарында көлемі-17 900 м² құрайтын ауылішілік жолдарына жөндеу жүргізілді.

**Сала бойынша SWOT-талдау:**

**Күшті жақтары:**

- жыл сайынғы көктемгі және күзгі кезеңде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында және абаттандыру бойынша мектептер мен мекемелермен, парк аймағы ішінде көшелер мен жолдарды тазалау жұмыстары және де көгалдандыру бойынша іс-шараларының жүргізілуі.

**Әлсіз жақтары:**

- көгалдандыру мен абаттандыру бойынша мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуы жеткіліксіз деңгейде.

**Мүмкіндіктер:**

- абаттандыру бойынша жұмыстарды санын арттыру арқылы жаңа қоғамдық жұмыс орындарын ашу.

**Қатерлер:**

- абаттандыру элементтерінің амортизазиясы, яғни халықтың тазалыққа, қоршаған ортаға немқұрайлылығы.

**3.1. Тұрғын үй қоры**

Аудан бойынша 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мәліметке сүйенсек, көппәтерлі тұрғын үйлердің саны -92, оның ішінде жөндеуді қажет ететіні-90.

| Аудан | Көппәтерлі тұрғын үйлердің саны | Оның ішінде жөндеуді қажет ететіні | Тіркелген кондоминиум объектілерінің саны | Кондоминиум объектілеріне басшылық етуші органдар саны | Көппәтерлі тұрғын үйлердің, м$^2$ |
|---|---|---|---|---|---|
| Қарақия | 92 | 90 | 1 | 1 | 65 466 |
| БАРЛЫҒЫ: | 92 | 90 | 1 | 1 | 65 466 |

2011-2012 жылдары аралығында көппәтерлі тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, 2013 жылы ғана «Қазақстан Республикасының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша» Құрық ауылында 1 ықшам ауданы, №47 тұрғын үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

**Саланың негізгі мәселелері:**

- жылу жүйелерінің тозуы;
- халықтың және экономиканың өсуі жоғары, алайды соған сәйкес су қорының жеткіліксіздігі;
- тұрғын үй құрылысының жеткіліксіз салынуынан, мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер бөлуді сұрап арызданған азаматтарының тізімі жоғары деңгейде

**Бағыты. Экология және жер ресурстары**

Тұрақты экологиялық жағдайды қамтамасыз ету, табиғи кешеннің қайта өну әлеуетін сақтау және қоғамның тыныс-тіршілігі үшін қолайлы қоршаған ортаның сапасын жақсарту маңызды стратегиялық міндет болып табылады.

Мақсат: Табиғи ресурстарды сақтау және қоршаған ортаны жақсарту

| № | Нысаналы индикаторлар | Өлшем бірлігі | 2014 нақтысы | 2015 бағалау | 2016 жоспар | 2017 жоспар | 2018 жоспар | 2019 жоспар | 2020 жоспар | Жауапты орындаушы | Ақпарат көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1 | Су шаруашылығының (су шаруашылығының объектілері) және гидромелиоративті жүйелермен жабдықтардың негізгі капиталына мемлекеттік емес инвестициялардыңнақты көлемі индексі | % | - | - | - | - | - | - | - | ТРжТПРБ | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 2 | Орман шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялардың нақты көлемі индексі | % | - | - | - | - | - | - | - | ТРжТПРБ | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 3 | Ағаш егу шаруашылығы плантациясының негізгі капиталына мемлекеттік емес инвестициялардың нақты көлемі индексі | % | - | - | - | - | - | - | - | ТРжТПРБ | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 4 | Жануарлар дүниесін қайта өндірудің негізгі капиталына тартылған мемлекеттік емес инвестициялардыңнақты көлемінің индексі | % | - | - | 100,6 | 100,7 | 100,8 | 100,9 | 101,0 | ТРжТПРБ | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Пайда болған тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату үлесі | % | 0,0 | 5,0 | 7,5 | 10,0 | 12,5 | 15,0 | 17,5 | ТРжТПРБ | ЖАО ведомстволық есептері |
| 6 | Облыстың халқын, қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтермен қамту | % | - | - | 78,9 | 82,9 | 84,4 | 85,4 | 86,3 | ТРжТПРБ | ЖАО ведомстволық есептері |
| 7 | Экологиялық және санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру объектілерінің үлесі (орналастыру орындарының жалпы санынан) | % | - | - | 23,5 | 32,3 | 38,2 | 41,1 | 44,1 | ТРжТПРБ | ЖАО ведомстволық есептері |
| 8 | Ластаушы заттардың нормативті көлемі: | | | | | | | | | | ҚР Энергетикамині ведомстволық есептілігі |
| | - атмосфераға шығарындылар | млн. тонна | - | - | 0,14 | 0,14 | 0,14 | 0,14 | 0,14 | ТРжТПРБ | |
| | - су объектілеріне төгінділер | млн. тонна | - | - | 0,37 | 0,37 | 0,36 | 0,36 | 0,36 | ТРжТПРБ | |
| 9 | Жергілікті атқарушы органдардың қарамағында орналасқан мемлекеттік орман қоры аумағындаорманмен жабылған алқап ауданы** | мың га | 122,432 | 122,432 | 122,442 | 122,452 | 122,462 | 122,472 | 122,482 | ТРжТПРБ | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |
| 9 | Жергілікті атқарушы органдардың қарамағында орналасқан мемлекеттік орман қоры ауданында 1 орман өртінің орташа ауданы** | мың га | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | ТРжТПРБ | ҚР АШМ ведомстволық есептілігі |

**Қойылған мақсаттарға жету жолдары:**

**Тұрақты экологиялық жағдайды қамтамасыз етуді жетілдіру:**

- - ПЕМ-детұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын, мал көму орындарын салу;
- - елді мекендерінде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың өз бетінше пайда болған үйінділерін жою;
- - ауданның  елді мекендерінде жұтаң құм алаптарын бекіту;
- - Маңғыстау облысының теңіз порттары мен мұнай кәсіпшіліктерінің Каспий теңізінің жағалық аймағына техногендік әсерін бағалау;
- - Қарақия  ауданының және тұтастай алғанда облыстың экологиялық паспортын әзірлеу;
- - халыққа экологиялық білім беру мен тәрбиелеу.
- Өңірде флора мен фаунаны сақтау және нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау:
- - табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру мақсатында, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру;
- - ормандарды молықтыру мен орман өсіру;
- - ормандар мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық бащасын нығайту;
- - тозған жерлердің өсімдік жабынын қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар.

**Жер ресурстары**

Қарақия ауданының жалпы жер көлемі 6 429,7 мың гектарды құрайды, оның ауыл шаруашылығы мақсатындағы жері 3 003,6 мың гектар (41%), елді мекендер жерлері 332,5 мың гектар (5%), өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлері 73,0 мың гектар (2%), ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, медициналық және рекреациялық мақсаттардағы жерлері 223,4 мың гектар (1%), мемлекеттік босалқы жер қоры 2 851,1 мың гектар (51%).




Қарақия ауданы жерінің көлемі бойынша облыста бірінші орынға ие және ол 6 429,7 мың гектарды құрайды. (41%).

Жер санаттары тұрғысынан, аудан аумағынан негізінен жайылымдық жерлер табысталған, ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы ауданы 3003,6 мың гектар (76,4%), оның ішінде жайылымдық жерлер 2299,8 мың гектар (76,3%), егістік жер 0,002 мың гектар, көпжылдық дақылдар жері 0,001 мың гектар және басқада жерлер 0,2 мың гектарды құрайды.

Су көзінің тапшылығына байланысты егістік жерлер аудан аумағында шашыраңқы орналасқан және аз аумақты алып жатыр.

Аумақтығы құрғақ климаттың әсерінен топырақ құнарлылығы төмен. В условиях засушливого климата, изрежённости растительного покрова сложился маломощный плодородный слой, что соответственно отразилось на качестве почв. Топырақ жамылғысы қоңыр және сұр-қоңыр топырақты болып табылады және орташа 4-5 бал бонитетті құрайды.

Жер реформасын одан әрі дамыту жер пайдаланудың тиімді тетігін іске асыру әлеуетін арттыру мен оны қорғауға байланысты.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Ұлт жоспары – 100 нақты қадам бес институтционалды реформасын орындау мақсатында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану үшін нарық айналымына енгізу және барлық пайдаланылмай отырған жерлерді мемлекет меншігіне болашақта жекешелендіру жұмыстарын жүргізу үшін қайтару жоспарлануда. Облыс аумағында жер нарығы практикасын қалыптастыру үшін мақсатты жұмыстар басталды және жер учаскелерін жеке меншікке немесе жер пайдалануға беру ашықтығын қамтамасыз ету үшін конкурстар мен аукциондар ұйымдастырылуда.

Мемлекет меншігіне қайтарылған және мемлекет меншігіндегі ауылшаруашылығы мақсатындаға жерлерді тиімді пайдалану мақсатында ауыл шаруашылығы айналымына қайта енгізу жұмыстары жүргізілуде. Сондықтан, 2012 жылы – 8,0 мың гектар (0,25%), 2013 жылы – 12,0 мың гектар (1,2%) және 2014 жылы 15,0 мың гектар (0,50%) жер учаскелері ауыл шаруашылығы айналымына енгізілді.

Осылайша, жалпы ауданы 35,0 мың гектарды құрайтын 25 жер учаскесі ауылшаруашылығы айналымына енгізілді. 2015 жылы ауылшаруашылығы айналымына 5,0 мың гектар жер учаскесін енгізу жоспарлануда.

SWOT – талдау

| **Мықты жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| аудан аумағының 51% жер резервінде болуы;<br><br>Жер сауда-саттығын ұйымдастыру (конкурстар, аукциондар) | ауылшаруашылығы өндірісін жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар мен қамтылған жерлердің болмауы<br>(су көздерінің, жолдардың, электр желілерінің болмауы).<br>аудан жер ресурстарының сандық және сапалық жай-күйі туралы толық ақпарат болмаған жағдайда салықтқ түсімдердің қысқару қаупі артады |
| **Мүмкіндіктер** | **Қатерлер** |
| ауылдардың өсуі үшін инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру<br>Аукциондар, конкурстар, оның ішінде электрондық тәсілмен ауылшаруашылық жерлерін беру аурқылы жер пайдаланушылардың санын арттыру; | Табиғи-климаттың өзгеруі, жауын-шашынның азайуы (құрғақшылық), топырақтың мұздануы (джут), қатты суықтармен ыстықтар; |

Саланың негізгі проблемалары:

- аудандағы елдімекендердің 1:1000, 1:2000, 1:5000 масштабтағы картографиялық материалдардың жоқтығы;
- жерлерді әрі қарай дамуын болжау үшін, олардағы өзгерістер мен жер мәртебесі туралы толық және объективті ақпараттың жетіспеушілігі,;
- заманауи жоспарлау және картографиялық, топырақты және басқа да ғылыми зерттеу материалдарының болмауы.

2-міндет: Жер ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету

| № | Мақсатты көрсеткіштер | өлшем-бірлігі | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | жауапты орындау-шы | Ақпарат көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | факт | баға | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1 | ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауылшаруашы-лығы айналымына тартылған үлесін арттыру | % | 0,5 | 0,5 | 0,23 | 0,33 | 0,42 | 0,5 | 0,6 | Жер қатынас-тары бөлімі | Ведомстволық есептер МИО |

**Мақсаттарға жету жолдары:**

**Сауда-саттық (конкурс, аукцион) тәсілін қоса алғанды ауылшаруашылығы жерлерін табыстау жағдайларын жетілдіру:**

- - жер учаскелерін беру жөніндегі конкурстарды өткізу бойынша Еліміздің басқа аймақтарының тәжірибесін зерделу;
- - сауда-саттыққа шығару жоспарланған жер учаскелерінің көлемдерін және шекараларын айқындау;
- - жерге орналастыру құжаттарын жасақтауды қаржыландыру;
- - сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу;
- - ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауылшаруашылығы айналымына тартылған үлесін арттыру.

Бағыты. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Қарақия ауданына жататын мемлекеттік органдар: Маслихат, 8 әкімдік барлық деңгейдегі (Аудан әкімі аппараты-1, ауылдық округтік әкім аппараты 7), 10 орындаушы органдар олар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырады.

2012-2014 жылдар аралығында Аудан әкімдігінен мемлекеттік басқару жүйесіне өзгеріс енгізіліп, Қарақия аудан әкімдігінен бөлімдер бөлінді. Нәтижесінде бөлімдердің саны 10-12 ге жетті.

Қарақия ауданың әкімдігінің қызметі тек қана ақпараттық, талдағыш, ұйымдық жәнеде өзге қызметтерді қамсыздандырып қана қоймай мемлекеттік қызмет көрсету сапасын және жергілікті атқарушы органдардың жолымен мемлекеттік органның атқаратын қызметінің бизнес-үдерістерімен автоматтандырылады.

2013 жылы Қарақия ауданыңда 49 қызмет түрі бойынша барлығы мемлекеттік 13066 қызмет көрсетілді, оның ішінде 2423 түрі электронды түрде (E-gov), 2015 жылы 9 ай бойынша барлығы 18511 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінді электронды түрде көрсетілгені (E-gov) 3475 жәнеде электронды портал арқылы 1144 қызмет көрсетілді.

2012 жылы 49 қызмет түрі бойынша барлығы 2972 қызмет көрсетілді, оның ішінде 9 электронды түрде (E-gov), 2014 жылы барлығы 28220 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде электронды түрде 4464 (E-gov) жәнеде электронды портал арқылы 1295 қызмет көрсетілді.

2012-2014 жылдары мемлекеттік қызметтін электорнды форматқа ауысу туралы ақпарат орталық комитетімен беріледі. Қарақия ауданы әкімі аппараты мемелекеттік қызметтің электронды форматқа ауысу туралы ақпаратты бермейді.

Аудан аумағында 2 ХҚҚО орналасқан.

1-ші ХҚҚО Құрық ауылы Уалиханова көшесі № 15 ғимаратта орналасқан.

2-ші ХҚҚО Жетібай ауылы Жаңақұрылыс көшесі № 13 ғимаратта орналасқан.

Қазіргі кезде талап етілетін мемлекеттік қызметтер:

Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою

Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну

Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру

Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою.

Қарақия ауданының жергілікті өзін-өзі басқаруының дамуы Қазақстан Республикасының өзін-өзі басқару тұжырымдамасы негізінде жүзеге асады және де ұлт жоспары негізінде – 100 нақты қадам бес институционалдық реформ елбасының негізінде жүзеге асырылады.

2013 жылы ауданда ауылдық округтік әкімдердің сайлауы өткізілді. Нәтижесінде 7 ауылдық округтік әкімдік сайланды.

Жергілікті өзін-өзі басқару органы мынандай қызметтер атқарады:

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін істерді қарау мүмкіндігімен және 165,300,310 көрсетілген баптары бойынша әкімшілік құқықбұзушылыққа жазалар қолданылсын.

Ұйымдарда нотариалдық әрекет азаматтық хал актілерді тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес жүргізіледі.

Жергілікті өзін өзі басқарудың меншіктік табысты бастауларының құралымына мынандай салықтар беріледі:

қалалар аудан маңызы бар, ауыл ауылдық округ аймақтарында жеке тұлғалардың жеке кіріске салынатын табыс салығы, төлемақы бастауына салынбайды.

қалалар аудан маңызы бар, ауыл ауылдық округ аймақтарында орналасқан жеке тұлғаларға мүлік салығы салынады;

қалалар аудан маңызы бар, ауыл ауылдық округтік жер телімінде орналасқан жеке тұлғаларға жер салығы салынады;

қалалар аудан маңызы бар, ауыл ауылдық округ аймақтарында тіркелген жеке тұлғаларға жүк тасымал салығы салынады;

Сонымен қатар, ауданның жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі мәселесі қаржы ресурстарының жетіспеуі болып табылады.

Қазіргі кезде Қарақия ауданы әкімі аппаратында негізгі мәселе интернет желісінің нашарлығы.

## SWOT-САЛАСЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

| **Жақсы жақтары (S):** | **Әлсіз жақтары (W):** |
|---|---|
| 1.Жергілікті атқарушы органдардың техникалық жабдықтары жеткілікті;<br>2.Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізу үшін базаның болуы;<br>3. Виртуальды қабылдауды жүзеге асыру;<br>4. Аудандық бөлімдерде тәуелсіз бірыңғай көлік ортасының болуы;<br>5. Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесінің болуы;<br>6. Мемлекеттік органдарда бизнес-үдерістерін автоматтандыру;<br>7.Қысқа мерзімде электрондық үкімет арқылы мемлекеттік қызмет көрсету; | 1.Жергілікті атқарушы органдарда қаржы ресурстарының жетіспеушілігі;<br>2.Электрондық мемлекеттік қызметтердің нормативтік-құқықтық базаны реттейтін іс-қимыл мемлекеттік органда жауапты тұтынушының жетіспеушілігі;<br>3. Қазіргі заманғы халықаралық озық тәжірбиені ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының тиімділігін мониторингілеу және бағалау әдіснамасының жетілдірілмегендігі.<br>4. Қызмет көрсетудің мерзім бұзушылығы<br>5.Әлсіз бағдарламалық және техникалық қамтамасыз ету; |
| **Мүмкіндіктер (O):**<br>1.E-gov порталының дамуы және мемлекеттік электрондық қызмет саласын толық қамту;<br>2.МСУ органдары үшін қосымша кіріс көзін беру; | **Қауіп (T):**<br>1.Аудан бюджетінде табыс бөлігінің МСУ органына салық беру нәтижесінде кіріс бөлігін төмендету.<br>2.Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үшін интернеттің қолжетімділігі;<br>3. Шалғайдағы ауылдық округтердің ХҚҚО аумақтық жетіспеушілігі; |

4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР млн. теңге

| Мақсаттардың атауы | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1- бағыт. Өңір экономикасы | | | | | | |
| Экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ететін өңірдің бәсекеге қабілетті мамандандырылуын қалыптастыру | | | | | | |
| Өңдеу салаларын және балама энергия көздерін дамыту | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | **0,0** |
| Мұнай-газ саласының орнықты дамуын қамтамасыз ету | | | 0,0 | 0,0 | 0,0 | |
| Өңдеу өнеркәсібі салаларынддағы еңбек өнімділігін арттыру | | | 0,0 | 0,0 | 0,0 | |
| Ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемін арттыру үшін жағдай жасау | | | | | | |
| Шағын және орта бизнесті, қазіргі заманғы сауда форматтарын белсенді дамыту | | | | | | |
| Өңірдегі инвестициялық ахуалды жақсарту | | | | 0,0 | 0,0 | |
| 2-бағыт. Әлеуметтік сала | | | | | | |
| Білім берудің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту | | | | | | |
| Аудан халқының денсаулығын нығайту | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыспен қамтуды, әлеуметтік көмектің және әлеуметтік қызметтер көрсетудің тиімділігін арттыру | | | | | | |
| Аудан кәсіпорындарда еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету. | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | **0** |
| Халық үшін мәдениет саласы қызметтерінің жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету | | | 0 | 0 | 0 | |
| Мемлекеттікті және ұлттың бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету | | | | | | |
| Бұқаралық және балалар мен жасөспірімдердің спортын дамыту | | | | | | |
| Туристік кластер мен туризм инфрақұрылымын дамыту | | | | | | |
| Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін оқып-үйрену үшін жағдайлар жасау | | | | | 0 | |
| 3-бағыт. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп | | | | | | |
| Құқықтық тәртіпті және өңірдің жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету | | | | | | |
| Төтенше жағдайларды болдырмау және олардың салдарын жою жүйесін көтеру | | | | | | |
| 4-бағыт. Инфрақұрылым | | | | | | |
| Инфокоммуникацияларды дамытуды, ақпараттық қоғамға көшуді қамтамасыз ету | | | | | | |
| Құрылыс саласының, оның ішінде тұрғын үй құрылысының дамуына жәрдемдесу | | | | 0,0 | 0,0 | |
| Өңірдің көліктік қолжетімділігін және транзиттік әлеуетін көтеру | | | | | 0,0 | |
| Тұтынушыларды коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етуді көтеру | | | | | | |
| 5-бағыт. Экология және жер ресурстары | | | | | | |
| Табиғи ресурстарды сақтау және қоршаған ортаны жақсарту | | | | | | |
| Жер ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету | | | | | | |
| Тірек ауылдық елді мекендердің және шекара маңындағы аудандардың серпінді дамуын қамтамасыз ету | | | | | | |
| 6-бағыт. Мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесі | | | | | | |
| Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін көтеру | | | 0 | | | |

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау кезінде нақтыланатын болады.

